

12017
6256к



**Камалқызы
Жанымгүл**

*Кітаби ақындар
және
Ақылбек Сабалұлы
шығармашылығы*



Алматы, 2016

КАМАЛҚЫЗЫ ЖАНЫМГҮЛ

**Кітаби ақындар және
Ақылбек Сабалұлы шығармашылығы**

(монография)

Алматы
2016

ӘӨЖ 821.512.122.0(035.3)

КБЖ 83,3(5қаз)

К 16 ✓

Монографияны баспадан шығаруға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің №5 (2012-2013 о.ж.) Сенат мәжілісінде келісілген. Түркістан қаласы.

Пікір білдірушілер:

1. Мекемтас Мырзахметов филология ғылымдарының докторы, профессор.

2. Сапарбек Сәрсенұлы Ергөбек филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

ISBN 978-601-243-811-6

К 16 КАМАЛҚЫЗЫ ЖАНЫМГҮЛ

Кітаби ақындар және Ақылбек Сабалұлы шығармашылығы:

Монография/ КАМАЛҚЫЗЫ ЖАНЫМГҮЛ.- Алматы 2016. – 144-б.

«Кітаби ақындар және Ақылбек Сабалұлы шығармашылығы» монографиялық зерттеу еңбек. ХХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамында орта ғасырлардан келе жатқан дәстүрлі жазба әдебиетке деген қоғамдық сұраныс күшейді. Отаршылдар тарапынан қаза елін ұлттық рухтан, ислам дінінен күшпен айыру саясаты күшіне енген кезде, кітаби ақындар шоғыры өз білімдері мен өнерін ұлтты сақтап қалуға арнады. Ислам дінінің ұлылығы мен ұлттық дәстүрдің қасиетін ұрпақ санасына сіңіру үшін ислам тарихындағы түрлі оқиғаларды өлеңмен жырлап кітап етіп бастырып, ел ішіне таратты. Автор өз монографиясында кітаби ақындар еңбегінің тарихи мәнін ашып түсіндіреді. Кітаби ақындар шоғырындағы ірі ақын Ақылбек Сабалұлының мол мұрасына тұңғыш рет ғылыми баға беріледі.

ӘӨЖ 821.512.122.0(035.3)

КБЖ 83,3(5қаз)

ISBN 978-601-243-811-6

©КАМАЛҚЫЗЫ ЖАНЫМГҮЛ, 2016

БЕТАШАР

Ақылбек Сабалұлы (1878-1919) – отыздан астам қисса-дастан жазған, ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде өзіндік ізі бар ақындардың бірі. Сол кездегі бодандық қамытының қысымын жан жүрегімен сезген қазақтың сауатты, ойлы азаматтарының бірі ретінде, қазақи салт-сана мен имандылықтан айрылып қалмаудың амалын іздеген. Ұлттық сананы сақтай отырып, жаңа заманға бейімделу жолдарын қарастырған. «Сұм заман» толғауы тұтасымен Шортанбай, Дулаттың «Зар заман» идеясымен үндесіп жатады. Отаршылдық құйтырқыларын өткір сылайды.

«Қазақтың берекесі ортасында,
Орысқа партия боп шашылмаса.
Мезгілі келе жатыр ашылатын,
Бақ талай мұнан бұрын ашылмаса.
Мал шашып партияға әуре болмай,
Шарифат жолыменен бірлік қылшы».

Ақылбектің «Құран», «Мың бір түн», «Тотынама» сюжеттерінен алып жазған қиссаларының мазмұны да имандылық, адамгершілік нұрын себуге арналған. Олар: «Қисса Дандан», «Хикмет- Нығмет», «Қисса Ибраһим», «Қисса Ысмағұл», «Қырық уәзір», «Ғабділмәлік пен Мәлике қыз», «Садуақас», «Алтын балық», «Таһир-Зухра», «Боз жігіт», «Саудагер», «Сұлу жігіт», «Ахтам Сахаба». «Қисса Марғұба» т.б. Ақынның діни ағартушылық бағытында жазылған «Бес намаз», «Ғабділмәлік пен Мәлике қыз» қиссасы бар. Соңғысы «Мың бір түннің» «Ғалым қыз» желісінен тарайды. Бұл тақырыпта қазақ арасында «Ғалым қыз Буадат» дастаны, «Мәлике қыздың хикаясы» атты прозалық шығармалар бар. Сонымен бірге «Бозторғай» да діни білімнің шағын энциклопедиясын жинақтаған, дін ережелерін насихаттауға, еске сақтауға арналған қиссалар.

«Мың бір түн» мен «Тотынама» кітаптарының әйел зинақорлығы мен адалдығы жөніндегі көптеген сюжеттері «Әділ-Зайып», «Мұрат Салих пен Мағрипа», «Патшаның ұлы Әбділмәлік», «Ғайыр қатын», «Рауа Бану», «Мың бір түн хикаялары», т.б. қисса-дастандар туғызған. Күйеуі қажылық сапарға кеткен әйелдің еркектерден көрген қорлығы, сонда да некелі жарына адалдығын сақтап қалуын, адамгершілігін

баяндайтын, бір тақырыпта жазылған «Мұрат Салих пен Мағрипа», «Рауа Бану» (Тұрмағамбет), «Қисса Марғұба» (Ақылбек) дастандары белгілі.

Ақылбек Сабалұлы - ежелгі жазба әдебиет дәстүрін жақсы білген, содан сусындап өскен, білім алған ақын. Сондықтан да шығармаларының жазылу стилі, құрылысы жағынан ежелгі түркі қисса-дастандарына ұқсас. Дастанның соңын: «Оқыған жан дұға қыл Ақылбекке, Тұрабайұғлы Сабалдың баласына», деп аяқтауы орта ғасырлардағы дәстүрлі түрік дастандарының қалыбына сай келеді. Сондай-ақ Алланың құдіретінің шексіздігін баяндау тұсында Намрұд және Айұпты және Ибраһим, Жүсіп пайғамбарлардың басынан өткен ғибратты оқиғаларды тізіп өтуі де Х-ХІҮ ғ. түрік поэзиясында кездесетін шарттылықтар.

Ақылбек Сабалұлының өзі де, шығармалары да белгілі себептермен кеңестік дәуірде қызығушылық туғыза қойған жоқ. Соңғы жылдары ғана Орта Азиялық сюжеттерге жазылған «Бозжігіт», «Таһир мен Зухрасы» жарияланып, танымал болды. Қалған шығармалары әлі түгел жинақталмаған еді. Қолдарыңыздағы кітап ақын Ақылбектің көпшілікке аса мәлім емес артында қалған асыл мұрасымен таныстырады. Ақынның мұрасын зерттеп, жариялап отырған ізденуші Жанымгүл Камалқызына ризашылық білдіреміз. Заман түзелді. Өткен тарихқа деген тәкаппарлықтан арылып келеміз. Баянды болғай!

Алмагүл Әбдімүтәліпқызы
Қыраубаева

филология ғылымдарының
докторы, профессор

Ақылбек Сабалұлының өмірі мен шығармашылығы

Ақылбек ақынның өмірі туралы деректер. Ақылбек Сабалұлы есімі кітаби ақындар қатарында сөз қозғаған ғалымдар еңбектерінде кездеседі. М.Әуезов: «Тек қана ескі кітаби сюжеттерді жырлаған, шығыстық классикалық әдебиетпен байланысты кітаби ақындар бар. Олар Ораз Молла, Майлықожа, Мәделі, Ақылбек Сабал, Мәулекей, Шәді төре, Мақыш Қалтаев, Кашафуддин, Әріп, т.б. Олардың шығармаларының көпшілігі ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында басылып шыққан, жалпы саны жүзден асады»[1; 471.],- дейді. 1959 жылы әдеби мұраға арналған конференцияда Шортанбайды, Дулатты, Мәшһүржүсіп Көпеевті әдебиет тарихына енгізу туралы толыққанды баяндамалар жасалған болатын. Сол жиында ғалым Белгібай Шалабаев Ақылбек Сабалұлын да осы тізімге қосуға біраз еңбектенген сияқты. Бірақ біз оның баяндамасын таба алмадық. Тек ол кісінің еңбегін М.Әуезовтің жасалған баяндамалар туралы сөйлеген қорытынды сөзінен білдік. «Кейбір пікірлері оғаштау шыққан кісінің бірі – менің коллегам, өзім сияқты зерттеуші Белгібай Шалабаев жолдас. Ол, әсіресе, Ақылбекті қатарға қосамын деп қара терге түсуде оғат істеді»[2; 394.],- депті. Бұл ақындардың ешқайсысы Әдебиет тарихына енгізілмеді. Оның себептері түсінікті. Шығыс әдебиетіне негізделген, ислам моралін насихаттайтын шығармалар пролетариат үкіметі үшін мүлдем керексіз еді. Сондықтан, Ақылбек Сабалұлын қазақ әдебиетінің тарихына енгізуге жасалған құтты қадамды ғұлама М.Әуезов «оғаштау пікір» деп атауға мәжбүр болды.

С.Мұқановтың еңбектерінде де Ақылбек Сабалұлы туралы аздаған мағлұмат беріледі. «Он тоғызыншы ғасырдың соңы мен жиырмамыншы ғасырдың бас кезінде бұрынғы Қарқаралы үйезінен шыққан қиссашыл ақын - Ақылбек Сабалұлының бір өзі ғана отызға жуық қисса қалдырған»,- деп одан қалған бай мұра барын көрсетеді. Өзінің жасында үлкендерге кітап оқып беріп жүргенін жазушы мемуарлық романдарында айтатыны белгілі. Сол жасынан оқып, жадында сақталып қалған Ақылбек ақынның «Қырық уәзір» кітабына қысқаша сипаттама береді. «... қазақ тілінде “Қырық уәзір” аталатын өлеңмен жазылған қалың кітап та болды. Оны аударып, шығарушы ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың

басында Қарқаралы өлкесінде жасаған қазақ ақыны Ақылбек Сабалұлы болған. Бұл алғаш «Араб халифаты» кейін «Ислам немесе Түркия халифаты аталған мемлекеттің басқарушыларын сипаттауға арналған»[3; 142.]. «Қазақ әдебиетінің тарихы» деп аталатын мәдениетіміз тарихындағы елеулі оқиға болып саналатын ұжымдық еңбекте: «...шығыс әдебиетінің нұсқаларын әңгіме-өлең, поэма-дастан етіп жазған, ел арасында айтылып жүргендерін өзінше өңдеп, жинап бастырған Шәді Жәңгіров, Ақылбек бин Сабал, Мәулекей, Жүсіпбек Шайхисламов сияқты бірнеше ақынды атауға болады»[4; 537.] - деген жолдарда ғана Ақылбектің аты аталып кетеді. Қазақ әдебиетінің тарихы кеңес үкіметі жылдарында жазылғаны белгілі. Сондықтан ол кезде кітаби ақындардың атын атаудың өзі қиын мәселе болатын.

«XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» жинағында (алғы сөзін жазған ҚР ҰҒА, мүше корреспонденті профессор Ш.Сәтбасва) тұңғыш рет Ақылбек Сабалұлы әдебиет оқулығына енгізіліп, бірнеше кітабына қысқаша сипаттама беріледі[5; 185-192.].

Ал, ақынның өмірбаяны туралы деректер Қазан қаласындағы баспадан шыққан кітаптарындағы өлеңмен өзі жазған аздаған мәліметтерде ғана сақталған. Біріншіден, ақын осы мәліметтерде өзі тұрған жерінің толық атын көрсетеді: «Түсінік қылып шығарушы Семей облысы, Каркаралинский оязында Ақбота болысына 7-нөмір ауылнай қоластына қарағушы ыстанса Доланда тұрғушы Ақылбек бин Сабал Тұрабай». Шыққан кітаптарының беттерінде осы мекен-жай қайталанып отырады.

Қазақ совет энциклопедиясының бірінші томында Ақылбек ақын туралы қысқа мәлімет берілген: «Қиссашыл ақын. Кітаби әдебиеттің өкілі. Туған жылы белгісіз. 1919 жылы қайтыс болған. Семей маңында туып, жасы 60-тан асып өлген»[6; 1916.] - деген сөздер бар.

1986 жылғы «Жұлдыз» журналының 11-інші санында белгілі ғалым Қ.Мұхамедханов ақынның өмірбаянына толықтырулар енгізді. «1919 жылы ескіше 4 январьда қазіргі Семей облысы, Бесқарағай ауданы, Бестерек деген жерде қайтыс болған. Бейіті Жаңақайыңның бауырында Сарыой деген жерде»[7], - дегенді айтады. Бұл мақала одан бұрын Семейде облыстық газетте жарияланған мақалада кеткен қателікті жөндеу үшін жазылған.

Семей облыстық газетіне «Иманбазар Қазанғапов» деген мақала «Естен кетпес есімдер» рубрикасымен жарияланған. Авторы – Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық музейінің аға ғылыми қызметкері, М.Бейсенбаев. Автор Ақылбек Сабалұлы деген ақын жоқ, ол Иманбазар Қазанғаповтың бүркеншік аты деген тұжырым ұсынады. «Өзінің өскен жері «Сабал» мен нағашысы Ақылбектің атын қосып, өзіне бүркеншік есім етіп алып, Сабал Ақылбек деген фамилиямен «Сәтбек батыр» деген кітабын «Қазан» баспасынан шығарады. Не себептен бүркеншік атпен бастырғаны жұмбақ», - деп жазады. Біз зерттеу барысында Абайдың республикалық әдеби-мемориалдық музейіне сұраныс жасағанбыз, сонда М.Бейсенбаев өзі осы мақаланың көшірмесін және бұл негізсіз дерек екенін ғалым Қ.Мұхамедқанов дәлелдегенін айтып хат жіберді. Белгілі ғалым, Қ.Мұқаметханов Ақылбек ақынның өмірі туралы нақты деректерді келтіріп, бұл пікірге біржола нүкте қояды.

Жоғарыда айтылған 1994 жылғы «Ғылым» баспасынан шыққан «ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» деп аталатын жинақта ғалым С.Дәуітов Ақылбек Сабалұлының өміріне, шығармашылығына тоқталады. Қазақ әдебиеті тарихында Ақылбек Сабалұлы туралы берілген толығырақ мәлімет те осы деуге болады.

Онда ғалым Ақылбек Сабалұлы 1880 жылы туылған деген дерек келтіреді. Бұған дәлел етіп ақынның “Хажат - әд дағуат” дастанындағы сөздерін келтіреді.

“Мен өзім Сабалұлы Ақылбекпін,
Құрғырға отыз деген жақын кеппін”.-

деген сөзді ақын 1910 жылы жазған. 1910 жылы қолжазбаны аяқтап, баспаға жібергенін баяндайды. Осыған қарап, Ақылбек Сабалұлы 1880 жылы дүниеге келген дегенге тоқталады[5;191.]. 1995 жылы шыққан «Абай» энциклопедиясы да осы пікірді қуаттайды. Осы энциклопедияда Ақылбек Сабалұлы туралы қысқа болса да маңызды мәліметтер беріледі. «Ақылбек Сабалұлы, Ақылбек бин Сабал Тұрабаев (1880-1919) ақын. Семей медресесінде оқыған. Араб, парсы, түрік тілдерін жетік білген. Ақылбектің есімі қазақ әдебиетінің тарихында кітаби қиссашыл ақын ретінде белгілі. Оның Қазан баспасынан шыққан аудармалары: «Таһир-Зуһра» (1902-1911), «Бозжігіт» (1910,1911), «Ибраһим» (1911), «Ғибрат наме» (1911), «Қисса Марғұба» (1911)

мен төл шығармалары: «Мағшұқ наме» (1910,1911), «Назым» (1911) т.б. негізінен шығыстық сюжетке құрылған. Ол ақындық жолда Абайды өзіне ұстаз тұтқан, әдеби туындылары тақырыптық жағынан Абай шығармаларымен тамырлас, өлең-жырларында Абай поэзиясына тән адамгершілік, имандылық, әділеттілік, бұқараны, әсіресе, жастарды оқу білім, ғылым мен өнерге үндеу желісі молынан көрінеді. Ол Абайдың үлгісімен өз заманының күнгірт жақтарын, әлеуметтік теңсіздікті батыл әшкерелеп, өмір құбылыстарына сын көзімен қараған»[8;720.].

Қытайдағы «Ұлттар баспасынан» төте жазумен басылып шыққан 12 томдық «Қазақ қиссаларының» 4-томында «Сәтбек», 5-томында «Қырық уәзір» жарияланған. «Сәтбекте» Ақылбек атына еш дерек айтылмайды. «Қырық уәзірде» Ақылбектің сол қиссаны шығарушы екені айтылады[9;3.]. Ақылбек Сабалұлы туралы біздің зерттеуімізден бұрын әр кезде айтылған пікірлер осылар.

Өмірбаяндық деректерін жинастырғанда, біздің де сүйенеріміз - ақынның кітап беттерінде өзі жазып қалдырған мәліметтері. Жасы туралы ақынның өзі көрсеткен екі кітабындағы даталарға назар аудармақпыз. Бірінші «Қисса-и Дандан Ибраһимұғлы» деп аталатын кітабында ақын мынадай мәлімет береді.

«Жаздым мұны, дәл отыз бір жасымда тауық жылы
Қараталда бала оқытып тұрғанымда.
Ақылбек өлең десс қайнар іші
Қисаны шығарады келсе күші.
Мың тоғыз жүз 10- жылда мұны жаздым
Ғинуар числаның жиырма үші
Хәр жерде бала оқытып үйден кеттім,
Уақытсыз мұратыма қашан жеттім.
Жамағат қол көтеріп бір дұға қыл,
Ақылбек Сабалұғлы тамам еттім»[10].

Тауық жылы жаздым дейді де, 1910 жылы жаздым ғинуар числаның жиырма үші, сенбі күні деп дәл мәлімет келтіреді. «Сұм заманның» соңында да «Мың тоғыз жүз оныншы жылында жаздым мұны ғинуардың жиырма жетісінде, тауық жылы сағат үште дүйсенбі деген күні», - деген мәлімет бар.

Қазақша жыл қайырудан Тауық жылы 1909 жылға сәйкес келетіні анық. Бірақ ақын тауық жылы десе де, 1910 жылды көрсетеді. Қазақша жаңа жыл жиырма екінші наурызда кіретінін есепке алған болуы керек. Ақын осы жылы отыз бір жастамын деп

отыр, олай болса туған жылы 1878 жылға тура келеді. Екінші ұсынғалы отырған мәліметімізде де дәл осы жылды нұсқайды.

«Таһир-Зуһра» қиссасында ақынның мынадай сөздері берілген:

«Мың тоғыз жүз оныншы жылда жаздым,
Нәпсінің тіліне ерін жолдан аздым.
Мың үш жүз жиырма сегізінші һижіриде
Алтынды шыға ма деп жерден қаздым.
Шығардым талай қисса мұнан өзге
Жасымнан кем болмадым сөйлер сөзге.
Құдая мұратыма қашан жетем,
Келдім ғой екі он екі бір сегізге»[11;248.].

Ақын 1910 жылы жасын екі он екі бір сегіз ($12 \times 2 + 8 = 32$) деп отыр. Алдыңғы айтқан мәліметін тағы бір нақтылап көрсетеді. Демек 1910 жылы отыз екі де болса, 1878 жылы туылғандығы анық деп есептеуге болады. Өзі сауатты, молда ақын өз туған жылынан осылай екі кітабында дәл мәлімет береді. Бұл ешбір қосымша дәлелдеуді қажет ететін дерек емес. Сондықтан Ақылбек Сабалұлы 1878 жылы дүниеге келген деген қорытынды жасамақпыз. Ақын 1919 жылы қайтыс болады. Қайтыс болған мезгілі деп барлық жерде осы жыл көрсетіледі. Одан өзге деректер қолға түспеді. Біз де өзімізден бұрынғылардың айтқанына қосылып, ақынның қайтыс болған жылын осылай деп беріп отырмыз. Демек, Ақылбек бин Сабал Тұрабаев деп өзі аты жөнін көрсететін Ақылбек ақын Сабалұлы 1878 жылы Семей облысы, Қарқаралы оязында Ақбота болысының 7- ауылнайына қарасты ел ішіндегі шаруа отбасында дүниеге келген деп қорытынды жасадық. Қаза болған жылы туралы дерексіз мәлімет айтпайтын ғалым Қайым Мұхаметхановтың пікірін басшылыққа алуды дұрыс көрдік. «1919 жылы ескіше 4 январьда қазіргі Семей облысы, Бесқарағай ауданы, Бестерек деген жерде қайтыс болған. Бейіті Жаңақайынның бауырында Сарыой деген жерде»[7].

Осылардан басқа ақын өмірі туралы дерек жоқ. Аты зор болғанымен, ірі ғалымдардың назарын ертеден-ақ аударғанымен Ақылбек ақын өмірі мен шығармашылығы туралы толық зерттеу әдебиет тарихына енгізілмеген. Жоғарғы оқу орындарының филология мамандықтарына негізгі пән ретінде оқытылатын «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің тарихы» пәніне әлі күнге дейін ақын шығармашылығы туралы толық мәлімет берілмей келе жатыр. Біздің бұл еңбегіміз осы олқылықтың орнын толтырар, оқулыққа қосымша құрал болатынына сенімдіміз.

Ақылбек ақынның шығармалары туралы деректер

Ақылбек Сабалұлының әдеби мұрасы туралы барлық зерттеушілерде дерлік «отыздан астам қисса жазған» деген болжалды дерек қана айтылады. Біз тек ақынның өзі баспадан шығарған кітаптарына өлеңмен жазып қалдырған нақты деректерді ғана басшылыққа алып отырмыз. Ақын кітаптарының соңында неше қисса жазғанын қайталай жазып және ол кітаптардағы оқиғаны қайдан алғанына сілтеме беріп отырады. Яғни, өз шығармаларының каталогын өлеңмен өзі жазып кеткен. Сол мәліметтерді жинастырғанымызда, ақынның әдеби мұрасы туралы төмендегі шығармаларының аттары мәлім болды. Бірінші, “Ибраһим Хазипнамоғлының қиссасыдүр” - деп аталатын кітабындағы ақынның өзі берген мәлімет:

Өлең кып әуел баста шығарғаным,
«Баласы хақ Расулның Ибраһим».
Екінші қыса қылдым “Исмағилды”,
Нұсқасын бұл Ақылбек көріп білді.
Көк қошқар сол себептен жерге түсіп,
Ибраһим пайғамбарым құрбан қылды.
Үшінші қыса қылдым «Кесікбасты»,
Ерғали қуандырды кәрі-жасты.
Төртінші «Шахманы» шығарып ем,
Ғұмардің ғәділдігі жаннан асты.
Бесіншіде «Сұм заманды» тағы жаздым,
Нәпсінің тіліне еріп жолдан аздым.
Алтыншы шығарғаным «Имам ағзам»,
Алтынды шыға ма деп жерден қаздым.
... Жетінші «Ибраһим Әдхамұғлын»,
«Рахатділ» кітабынан өлең қылдым.
Сегізінші шығардым «Дандан ерді»,
Өлгенде мөкан тұтам қара жерді.
«Хикмәт- Нығмәтпен» тоғыз болды
Баршасын нұсқасынан көзім көрді.
«... Мың бір түннің» ішінен өлең қылдым
«Баласы Хазипнамның Ибраһим».
Ғинуар оны күні бастап едім,

Шығардым он қысаны он бес күнде»[12], -деп қыса жаза бастаған уақытын дәл көрсетеді. «Тауық жылы 1909ж.» Осыдан былай қарай да кейбір шыққан кітаптарында жазған қиссаларынан хабардар етіп отырады.

1911 жылы Қазаннан шыққан «Назым» кітабында осымен 24 қыса болды десе, «Таһир-Зуһрада»:

«Он бірінші – «Қырық уәзір» хикаятын,
Он екінші – «Марғұба» деген хатым
Өлең қып он үшінші шығарып ем,
Молланың осы күнгі табиғатын.
Шығардым он төртінші «Ғабділхалим»,
Халыққа мәшһүрләнген болдым ғалым,
Шығарғаным он бесінші «Сәдуахас»,
Сөйлеуге Жүсіпбектей келмейді әлім.
Ысламның он алтыншы - тамашасын,
«Бес намаз» он жетінші бір қиссасын.
«Мақтубат» қиссасымен болды он сегіз,
Құдая, Ақылбектің кеш күнәсін.

... Ибраһим Әдһамұғлын өлең қылып,
Осыған есім қойдым «Алтын балық».
Жиырманшы – «Қырық парыздың» жаздым өзін,
Жиырма біріншіде ғибрат үшін,
Өлең қып қойып едім ахырет сөзін.
Жиырма екіншіде өлең қылып,
Уайымдап жазып едім өз басымды.
Жиырма үшіншіде әуес көріп,
Өлең қып шығарып ем «Сәтбек ерді».
... Жиырма төртіншіде мысал қылып,
Шығарып өз ойымнан жаздым назым.
Өзімнің мұнажатымды өлең қылсам,
Мұнымен болып еді жиырма бес.
Жиырма алтыншыда «Таһир-Зуһра»
Аударып ноғай тілден шаршап талдым[11;248].

«Мағшұқнама» кітабында:

«Шығардым мұнан бұрын «Ғибратнама»
Жігіттер жамандыққа ой ойлама,
Осымен отыз қысса болып тұрсын
Тағы да шығарармын келсе шамам»[13] -

деген сөздер жазылған.

Зерттеушілердің еңбектерінде Ақылбек Сабалұлы туралы бірде - отызға жуық, бірде отыздан аса қыса жазды деген мәліметтер берілетінін айттық. Тек ғалым А.Қыраубаева «Бір ғана Ақылбек Сабалұлы Қазан университеті баспаханасына 1913-1916 жылдар арасында жүзден астам қисса жазып тапсырған екен»[14;41.], - деген пікір айтады. Бірақ ғалым қандай қиссалар екені туралы нақты мәлімет көрсетпейді. Кеңес жылдарында Ақылбек Сабалұлының мұрасынан тек біреуі – «Таһир-Зуһра» ғана 1976 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Ғашық наме» кітабында жарияланып, халық қолына тиді. Біз Түркістан қаласында 1999 жылы «Ақылбек Сабалұлының қиссалары» деген атпен оның «Марғұба», «Сұм заман», «Сәтбек» қиссалары мен өлеңдерінен құрастырылған жинақ жариялағанбыз[15]. Соңғы жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы» жоғалтқан көп мұраны ұрпаққа қайтарып жатқаны белгілі. Сол жүз томдық серияда Ақылбек ақынның «Қырық уәзір» деп аталатын көлемді жыры жарияланды. Ал қалған шығармаларын халық қолына жеткізу әлі де кезек күттірмейтін міндет болып қалып отыр. Ақынның еңбекқорлығы таң қалдырады. Өзі көп оқыған жан, өзі білген білімді көпшілікке жеткізуді өзіне парыз санаған. Дін тарихын, дін шарттарын, өзі жанымен сенген сопылық танымды жұртқа жариялап, замандастары мен өзінен кейінгі толқынды күнәдан арашалауды өзіне міндет еткен. Сондықтан, ақын өзі «түркі кітап» деп атаған сол кездегі жалпы түрік оқығандары жазатын тілде және араб, парсы, түрік тілдерінде шыққан ағартушылық бағыттағы шығармаларды оқып қана қоймай, соны қазақ тіліне өлеңмен аударып, Қазанға баспаханаға жіберіп отырған. Демек, Ақылбек Сабалұлы – дәстүрлі жазба әдебиет өкілі. Ақын туралы бізге жетіп отырған жалғыз мәлімет те - тек осы кітап болып шыққан еңбектерінде өзі жазған сараң мәліметтер ғана. Ақынның шығарған кітаптарында өзі туралы аздаған мәліметтер және қанша кітап жібергені, ол кітаптардағы оқиғаны қайдан алғаны туралы баяндап беріп отырған. Бұдан өзге ақын өмірбаяны мен еңбектері туралы бізге жеткен дерек жоқ. Жоғарыда айтқанымыздай, Ақылбек Сабалұлы шығармаларының каталогын да өзі жазып кеткен. Ақынның өзі берген мәліметтеріне сүйенсек, шығарған кітаптарының тізімі былай болып шығады:

1. «Баласы хақ Расулның Ибраһим».
2. «Исмағил».
3. «Кесікбас».
4. «Шахма».
5. «Сұм заман».
6. «Имамағзам».
7. «Ибраһим Әдхамұғлының қиссасы».
8. «Қисса Дандан Ибраһимұғлы».
9. «Қисса Хикмәт – Нығмәт» /Егіз бала хикайасы/.
10. «Ибраһим Хазипнамұғлы».
11. «Қырық уәзір».
12. «Марғұба».
13. «Назым» /молланың осы күнгі табиғаты/.
14. «Ғабділхалим» /Мәликемен айтысы/.
15. «Сәдуахас».
16. «Ислам тамашасы».
17. «Бес намаз».
18. «Мактубат».
19. «Ибраһим Әдхамұғлы» /Алтын балық/.
20. «Қырық парыз».
21. «Ахырет сөзі».
22. «Ғибратнама».
23. «Сәтбек».
24. «Назым».
25. «Хажат әд дағуат».
26. «Таһир-Зуһра».
27. «Ғибратнама».
28. «Мағшұқнама».

Бұған 1910, 1911 жылдары екі рет басылып шыққан “Боз жігіт” қиссасы қосылады. Ақын өзінің аты-жөнін кітаптарға Ақылбек бин Сабал деп көрсетіп отырады. Ақын кітаптары туралы «Революцияға дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар 1807-1917 ж.ж.» (Алматы. «Ғылым». 1978 ж.) деген жинақта төмендегі кітаптары көрсетілген:

«Қисса-и Сәтбек». Қазан. Университет баспасы. 1909 ж. 14 б.

«Қисса -и Бозжігіт». Қазан. 1910 ж. 87 б.

«Ибраһим бин Әдһәмұғлының қиссасы». Қазан. 1910 ж. Мәтбәғә и Каримия.

«Алтын балық қиссасы Ибраһим Әдхамұғлының». Қазан. 1911 ж. 35 б.

«Ғибрат нама».

«Ибраһим Хазибнәмұғлының қиссасыдүр».

«Қисса Ғабдулхалим илә Мәликә»)/Айтыс/ Қазан. 1911 ж. 28 б.

«Қисса Дандан Ибраһимұғлы». Қазан 1911 ж. 20 б.

«Қисса Қырық уәзір». Қазан. 1911 ж. 352 б.

«Қисса Мағшұқнама». 1911 ж.

«Қисса Марғұба». Қазан 1911 ж. 23 б.

«Мактубат». Қазан 1911 ж. 24 б.

«Назым». Қазан 1911 ж. 23 б.

«Сұм заман». Қазан 1911 ж. 20 б.

«Хажат-әд-дағуат». 1911 ж.

«Хикмәт -Нығмәттің қиссасы». 1911 ж. 20 б.

«Ғибратнама». Қазан 1913 ж.

«Алтын балық». Қазан 1914 ж. 32 б.[16]

Осы аты аталған баспадан шыққан кітаптарынан қазіргі күні бізге жеткендері, түрлі кітапханаларда сақталғандары туралы мәлімет:

а) ҚР Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында кезінде Қазандағы баспадан төте жазумен басылып шыққан төмендегі кітаптары сақтаулы:

1. «Хажәт-әд-дағуат». Қазан 1911 ж.
2. «Қисса-и Дандан Ибраһимұғлы». Қазан 1911 ж.
3. «Ғибрат нама». Қазан 1911 ж.
4. «Мағшұқнама». Қазан 1911 ж.
5. «Мактубат». Қазан 1911 ж.
6. «Назым». Қазан 1911 ж.

ҚР ҰҒА-ның кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында жоғарыдағы баспадан шыққан мына кітаптары бар:

1. «Мактубат». Қазан 1911 ж.
2. «Назым». Қазан 1911 ж.
3. «Бес намаз».
4. «Ғибрат-нама». Қазан. 1913 ж.
5. «Ибраһим Хазибнәмұғлының қиссасыдүр».
6. «Сұм заман».
7. «Хажәт-әд-дағуат».

8. «Хикмәт Нығмәттің қиссасы».
9. «Қисса Марғұба».
10. «Ғибрат нама». 1911 ж.
11. «Әдхамұғлы Ибраһим».
12. «Қисса-и Дандан Ибраһимұғлы».
13. «Қисса-и бузигит».
14. «Қисса-и Мағшұқ нама».
15. «Қисса-и Таһир-Зуһра».
16. «Қисса и Абдух Хәлим илә Мәликә». /айтыс/
17. «Қисса и Қырық уәзір».

Өзбекстан республикасының орталық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында төмендегі кітаптарын кездестірдік:

- «Қисса -и Бозжігіт». Қазан 1910 ж.
- «Ибраһим бин Әдхамұғлының қиссасы». Қазан 1910 ж.
- «Ибраһим Хазибнәмұғлының қиссасы». Қазан 1911 ж.
- «Қисса Дандан Ибраһимұғлы».
- «Қисса Марғұба».
- «Хикмәт-Нығмәттің қиссасы».
- «Алтын балық». Қазан 1914 ж.

Зерттеушілер бірде «отыздан аса», бірде «отызға жуық» деп келтіретін Ақылбек Сабалұлының кітап боп басылып шыққан кітаптары туралы қолымыз жеткен деректер осылар.

Тағы бір ескеретін жәйт Ақылбек Сабалұлының шығармаларының көпшілігі кітапхана қорларында болмай шықты. Оның, әсіресе, дін тарихынан алынған көлемді жырлары мен «Сәтбек» атты маңызды тарихи поэмасы сақталмаған. «Дін – апын» деп ұрандатқан уақытта таза ислам моралі мен ақиқат туралы жазылған Ақылбек ақын кітаптары қуғындалғаны түсінікті. Орыс патшасына қарсы тұрған ірілі-ұсақты барлық жандар дәріптеліп жатқан кенес жылдарында сол озбырлыққа қарсы күрескен қазақ қаһарманы Сәтбек батыр туралы жазылған тарихи шығармасы «Сәтбек» жойылып жіберілген екен. Бұл сауатсыз «белсенділердің» ісіне жаба салынған, орысқа қарсының бәрін жау көрген, Едігеден бастап бәріне тыйым салған отаршыл коммунистердің тікелей әрекетінің ісі екені даусыз. Шындығы сол – Ақылбек ақынның ғажап жыры «Сәтбек» сирек кітаптар қорында не Қазақстанда, не Өзбекстанда сақталмаған болып шықты. Біз оны

Қытайда шыққан басымынан алып қарастырдық. «Сәтбек» қиссасының жойылуы кеңес үкіметі саясатының отарлауды жалғастырушысы болғандығын дәлелдейді. Қанішер Ермакты өлтірген қазақ батыры Сәтбек жайлы араб әліпбиімен басылған Ақылбек ақынның кітаптары біздің елде түгел жойылған. Оның есесіне қанішер Ермакты ұлттық батыр, бүкіл сібір өлкесін ресейге қосқан хас батыр ретінде дәріптеу күш алды. Сарыарқаның төрінен Ермак атында қала болғаны біздің ұлттық санамызға салынған бұғау деуге болады. Ұршақ жанына құлдық сана құйып, жасқаншақ ой салып тұратын құбылыс скені түсінікті. Ермак дәріптелген жерде Сәтбек атын атауға қорқатыны белгілі. Бұл әлі күнге дейін жалғасын келе жатыр. Академик Р.Бердібай скеуміз Павлодар қаласының атын Сәтбек есімімен атау туралы бірнеше мақала жазғанбыз. Бірақ ол еш жерде жарық көрген жоқ... Біз «Сәтбек» поэмасының мәтінін Қытайдан шыққан жоғарыдағы басылымнан алып, қазіргі әліпбиімен Түркістан қаласында жарияладық[15].

Ақынның отаршылдардың жүргізген саясатынан қазақ даласындағы өзгерістерді суреттейтін «Сұм заман» деп аталатын тарихи жыры да әлі күнге дейін еш жерде айтылмай келеді. Асан баба халқының басынан өтер дәуірлерді «қилы заман» десе, Шортанбай ақын өзі өмір сүрген кезенді «зар заман» атағаны белгілі. Ал, Ақылбек ақын аты айтып тұрғанындай, өзі өмір сүрген дәуірді «сұм заман» деп атайды. Заманның сұмдық суреттерін ашына жазады. Заманына толық әлеуметтік сипаттама береді. Ақылбек ақын шығармашылығы тұтастай сол дәуірдің саяси және мәдени өмірінен мәлімет беретін тарихилығымен де құнды мәдени мұра қатарында бағалануға тиіс.

Ақылбек Сабалұлының ғашықтық жырлары

Кітаби ақындар шығармаларын жүйелегенде зерттеушілер екі түрлі принциптен ауытқымайды: біріншісі шығармаларына арқау болған оқиғаның шығу тегіне қарай жүйелеу; екіншісі - тақырыптық, идеялық жағынан жүйелеу. Бірақ әр зерттеуші әр түрлі атау беріп жүргені де шындық. «Осы дәуірдегі қисса-дастандарды жүйелеу мәселесі әлі бір ізге түспеген» - дейді ғалым А.Қыраубаева. Осы саланы зерттеп жүрген танымал ғалымдардың үш түрлі пікірі осыны дәлелдейді.

Мысалы, Ғалым Б.Әзібаева эпикалық өлеңмен жазылған көлемді әдеби шығармаларды дастан деп атайды да, оларды 3 топқа бөліп қарастырады.

1. Ислам дінін уағыздайтын дастандар.

2. Ертегілік-аңыздық және ғашықтық дастандар.

3. Шығыс сюжетіне жырланғанымен қазақтың төл туындысындай болып кеткен дастандар. Ғалым Б.Әзібаева алғашқы екеуін тақырыбына сәйкестендіре бөлсе, соңғысын тану қиынырақ. Шығу тегіне қарай бөлген деуге де келмейді. Себебі, оқиға шығыстан алынған, бірақ шыққан тегі ұмытылуға жақын деген ой көрсетіледі. Оны сонда қалай атар едік?

Ал ғалым Ө.Күмісбаев «Дидактикалық-лирикалық қисса-дастандар; Діни бағыттағы дастандар; Қиял-ғажайып, фантастикалық шығармалар; Батырлықты, ерлікті жырлайтын дастандар», - деп жіктейді. Ғалым бұл шығармаларды тақырыбына қарай жіктегендігі көрінеді.

Ғалым А.Қыраубаева қазақ әдебиетіндегі нәзира дәстүрін сөз еткендіктен, ондағы оқиғалардың бастапқы шығу тамырларына қарай: «Мың бір түн», «Тотынама» желілері, «Шаһнама» желілері және Орта Азиялық желілерге жазылған қисса-дастандар», - деп бөліп сөз етеді. Демек, ғалым бұл шығармалардағы оқиғалардың шығу тегіне қарай топтастырады. Біз бұл жүйелеулердің қайсысы дұрыс деген баға беруден аулақпыз. Әр ғалым өзінің зерттеу объектісіне лайықты жол іздейтіні анық.

Ақылбек Сабалұлының шығармашылығын жүйелегенде, біздің алдымыздан да осы қиындық жолықты. Біз де ақынның жанрлық жағынан орта ғасырлық түрік жазба әдебиетіндегі эпостың жазбаша дәстүрін берік ұстанған шығармаларын тақырыптық жағынан топтастырғанды дұрыс көрдік. 1. Ғашықтық тақырыбындағы жырлары; 2. Ақылбек Сабалұлының сопылық бағыттағы жырлары 3. Тарихи жыптары

Кітаби ақындар, көбінесе, бұрынғы жарияланған түрлі нұсқалардағы оқиғаларды қайта жырлап отырған. Оны аударма деуге де сыймайды. Төл туынды деуге де келіңкіремейді. Бұл ежелгі шығыстағы нәзирә дәстүрін негізге алған әдеби дәстүр екені анық. Атақты шығыс классиктері – Низами, Жәми, Науайы, Дехлеби, Фзулилер өлмес туынды қалдырған нәзирә дәстүріне де толық жауап бермейтіні түсінікті. Бұл қазақ әдебиетіндегі белгілі

дәуірдегі өзгеше құбылыс ретінде бағалануға тиіс дегеніміз осындай ерекшеліктеріне байланысты айтылған қорытынды болатын. Сондықтан ақынның мұндай көлемді жырларын оқиға алынған деректеріне қарай топтастырғанды дұрыс көрдік. Бұл жағдайда ақын дастандарын оқиғаның шығу тегіне қарай топтастыруды дұрыс көрдік. Ақылбек Сабалұлының көлемді эпикалық жырларын осы принципке орай, тұтастай алғанда біз екіге бөліп қарастырдық:

1. Шығыстық сарындағы жырлары.
2. Қазақ өмірінен алынған төл туындылары.

«Шығыстық сарын» деген атаудың да кең ауқымды екені түсінікті. «Шығыстық сарындағы қиссалар» деген сөздің өзі ұлан-ғайыр кең көлемді қамтитыны белгілі. «Біз шығыс әдебиеті дегенде, ұшы-қиыры жоқ жалпы Азия мен Африканы түгел қамтып сөйлейміз. Біздің Шығыс деп отырғанымыз мәдениеті мен дәстүрі қазақ халқына ежелден етене жақын боп кеткен араб, парсы, түркі әдебиеті»[43; 316.], - деп нақтылай түсіндіреді ғалым Р.Бердібай. Кітаби ақындардың қайсысы болса да шығыстық осы елдер әдебиетін тірек ететінін ғалымдардың зерттеулері нақты дәлелдеп көрсеткен. Әсіресе, дін тақырыбын сөз еткенде, жоғарыда ғалым айтқан елдер мұрасы бұл ақындарға етене жақын. Сондықтан ақынның бұл шығармаларын іштей 3 тақырыпшаға бөліп, ғалым Алмагүл Қыраубаева ұстанымына сәйкес жинақтай талдадық:

1. Орта Азиялық желідегі ғашықтық жырлары
2. «Мың бір түн» желілерінен алынған шығармалары
3. Ислам діні тарихынан алынған шығармалары

Бұлай бөлуге ақынның өзі сілтеме беріп отырады. Ақылбек Сабалұлы өз кітаптарында жырлап отырған оқиғаны қайдан алғандығына сілтеме жасап отырған.

М: «Жетінші Ибраһим Әдхамұғлы.

«Рахатділ» кітабынан өлең қылдым»

немесе

«Мың бір түннің» ішінен өлең қылдым.

Баласы Хазипнамның Ибраһим» -

Ал, «Таһир-Зуһраны» «Аударып ноғай тілден шаршап талдым», - дейді ақын. Шәкірттеріне оқытқан кітаптары туралы айтқанда, дін тарихы мен заңының оқулықтары болып есептелетін «Әптие», «Мұхтасар», «Құран», «Ғақайат», «Кәләм Шариф» аттарымен бірге:

«Үш айда түркі кітап түгесілсе»,

«Бәрін де түркі кітап түгел білсе», - деп, түрік халықтарына ортақ тілде жазылған әдебиетке ерекше ілтипат танытып отырады. Ақынның өзі сілтеген бағыттан ауытқымауды мақсат тұттық.

Бұл бөлімде «Бозжігіт», «Таһир-Зуһра», «Марғұба» деп аталатын шығармаларын сөз етеміз. Сол уақыттағы кітап болып шыққан ірілі-ұсақты шығармаларды жанрлық жағынан бөлмей, бәрін қисса деген атпен шығарып отырған. Сондықтан біздің талдауымызда да осы атау аталып отырады. Бірақ бұл сол шығарманың нағыз жанр түрін көрсетпейтінін ескерткіміз келеді. Ал, соңғы кезде бұл шығармаларды дастан деген атпен ғалым Б.Әзібаеваның зерттеу ұстанымына сәйкес атап жүр. Бұл да нақты жанрлық түріне сәйкес атау емес. Бұлардың қай жанрда жазылғандығын түбегейлі түсіндіретін зерттеу еңбегі болашақта жазылуға тиісті деп есептейміз. Романтикалық ғашықтықты асқақтата жырлаған – «Таһир-Зуһра», «Бозжігіт» жырлары да сопылық іліммен суарылған, өз жерімізде туындаған жыр екенін дәлелдеуге тырыстық. Сопылық ілімнің мөлдірлігін, адам жанын тазартатын ғаламат күш екенін дәлелдейтін «Марғұба» осы қатардан орын алуға тиіс деп есептедік.

«Орта Азия халықтарының классикалық поэзиясы және халықтық романдары қазақтың лирикалық поэмаларының қалыптасуына елеулі әсер етті. «Жүсіп-Злиха», «Ләйлі-Мәжнүн», «Бозжігіт», «Сейфүлмәлік», «Мәлике-Хасен», «Таһир-Зуһра» жырлары қазақ ауылдарында өзгерген, жаңа нұсқада жырланып, көп тарап жүрді. Ғашық жастардың қасіреті, ...геройлардың романтикалық ғашықтығы мен күйігін дәріптеп жырлау - Орта Азия халықтарының әдебиетіндегі лирикалық поэмаларға тән белгілер»[44; 400.], - деген М.Әуезов пікірінде біздің еңбегімізге бастау болар ғылыми негіз жатқаны аян. Ғашықтық ұғымы Орта Азияның, жалпы түрік ғұламаларының түсінігінде ерекше қастерлі, Алланың берген қасиетті сыйларының бірі - деп асқақтата жырланады. Басқа ешбір ел әдебиетінен кезіктіре алмайтындай дәрежеде сөз етілетін адамның рухани қасиеттерінің, рухани терең де биік сапаларының бірі деп аса бір ілтипатпен жырланған мөлдір тазалық. Ғашықтық жырларының халықтың құрандай жаттаған

кастерлісіне, ғашықтардың зираты - зиярат ететін қасиетті орынға айналуы да түрік халықтарындағы осы бір мөлдір сезімді риясыз түсірудің белгісі болса керек.

Әлем әдебиетінде ғашықтық жырлардың классикалық үлгісін жасаған түрік ойшылдары Низами, Фзули, Науаи осы бір рухани мектептен нәр алғандығын паш етіп тұрады. Бұлар жырлаған ғашықтар - Ләйлі мен Мәжнүн, Фархат пен Шырын бейнелері, олар арасындағы ғашықтық сезім - түрік әдебиетінен, ол халықтардағы ғашықтық туралы ұғымнан хабары жоқ адамдарға мүлде түсініксіз немесе жай адам сенгісіз ертегі ретінде ғана қабылдануы мүмкін. Бұл ұғымның тереңдігін түсіндіруге тырысқан Бертельс: «өте сирек жағдайда болмаса, мұсылмандық шығыстың ірі авторларының бәрі дерліктей суфизммен қалайда байланысты болған. Осы әдебиеттермен таныспайыпша, оларды түсірудің өзі қиын»[45;54.], - деп түсіндіреді.

Орта Азиялық түрік халықтарының мақтанышы, үлкен жүректі түрікшіл, ғұлама ғалым, классик ақын Әлішер Науаиы ғашықтық дастандарымен қатар, өзінің ойларын қара сөзбен түсіндіретіні баршаға мәлім. «Ғашық жүрек» (Влюбленный сердце) деп аталатын еңбегінде ғашықтықтың үш түріне түсінік береді: «Имются три вида любви которые делятся на несколько степеней. Первый вид - это обычная любовь, распространенная среди простого людей. О ней говорят: “Такой то влюбился в такую-то. Второй вид - это любовь избранных, которая бывает у особых людей. Это означает - невинным взором невинных очей невинный лик созерцать, под действием этого невинного лика невинное сердце возбуждать и путем этого невинного созерцания наслаждаться невинной красотой истинного возлюбленного. Третий вид любви - это любовь праведных, которые без созерцания красоты сияния истины безжизненными бывают, а во время созерцания ее сознание теряют. Они в море созерцанием погружены и этим созерцанием поражены... Душа их ничего не желает, кроме свидания, их ничто не утешает, кроме небесного созерцания. Это - люди, достигшие в любви желаемого, понявшие, как подняться к всемогущей царице. Они считаются баловнями судьбы, достигшими цели в любви»[46; 69.]. Науаиы ғашықтық ұғымның мәнін осылай ашады. Өз жырларында ғашықтықтың екінші түріне - ерекше адамдарда, Алланың қалаулы құлдарында ғана болатын, тек күнәсіз пәк

жүректерде ғана орын алатын кастерлі сезімді жыр етеді. Бұл сезімнің пәктігін түсіндіру үшін Ләйлі мен Мәжнүн туралы бір оқиғаны келтіреді. «Ғашықтық отын Мәжнүннің әлсіреген денесі көтере алмай, қатты ыстығы көтеріліп, өлер халге жетеді. Бір досы мұны Ләйліге хабарлайды. Қатты қиналған Ләйлі ғашығына хатпен сәлем жібереді. Ол келем дегенше Мәжнүн жан тапсырады. Достары Ләйлінің хатын өлі Мәжнүнге оқи бастайды. Әлгі хаттан Мәжнүнге жан кіреді. Әрбір қайталап оқыған хат сөзі ғашық жанның денесіне күш боп құйылады. Ешбір дұға әсер етпеген Мәжнүнге ғашығының сөзі ем болады. Тұмар қып мойнына тағып қояды. Ғашығының сөздері оның ауруын жазып, кеудесіне жан бітіреді» [46; 69]. .

Ғашықтықтың осындай құдіреті мен қасиетін жырлау Орта Азияның классик ақындарына тән. Ғашықтық туралы осы ұғым Орта Азияда оның ішінде түрік халықтарында өте ертеден келе жатқан ерекшелік болуы керек. Оған дәлел боларлық «История всемирной литературы» кітабында мынадай бір қызықты дерек бар. Ғалым Хорес Метиленский Мидия патшасы Гистаптың інісі Зариандр мен Омарт патшасының қызы Одатида (Б.д.д. IV ғ. А.Македонскийдің замандасы) туралы қызық әңгімені сөз етеді. «Омарт патша жоғарғы Каспий қақпасынан Танаисқа Дон өзеніне дейінгі жерге билік жүргізген. Одатида түсінде Зариандрды көріп, оған ғашық болады. Зариандрдің түсіне де Одатида кіріп, сұлуға деген құмарлық жігітті баурап алады. Осыдан бастап олар бір-біріне ынтығып, қайғыға түседі. Зариандр Омартқа құда жібереді. Патша жалғыз қызын жат елге жібергісі келмей, бұл құдалықты қабылдамайды. Біраз уақыт өткеннен кейін Омарт үлкен той жасап, өз қызынан жиналған жігіттерден ұнатқанына алтын аяқтан шарап ұсынуын, сол арқылы өз көңілін білдіруін сұрайды. Қызы жылап, ешкімге шарап ұсынбайды. Түсінде Зариандра болған жайдан хабар береді, әкесінің басқа біреуге бергелі жүргенін айтады. Сонан соң ғашық жігіт скифтерше киініп, түнде сарайға келіп, Одатиданы алып қашады»[47].

Осы оқиға талай жылдардан бері ғашықтық дастандардың өзегі болып келеді. Бүкіл түрік халықтарының сүйікті жырына айналған Ғ.Тоқай «татардың көз жасынан шіріді» дейтін «Бозжігіт» дастанының түпкі архетипі осы Хорес Метиленский сөз етіп отырған оқиғадан алынғандығына күмән келтіруге болмайды.

Естігенді таң қалдырған ғашықтардың бірі Зариандр мекен еткен ел Мидия - қазіргі Азербайжан территориясында болса, Одатиде ару - Каспий қақпаларынан Сырдария өзені аралығындағы территорияны иемденген патшаның қызы, олай болса, бұл оқиға біздің бабаларымыздан қалған болып шығады. Осы оқиға негізінде талай дастан жазылуы заңды да. Дастан жанры Азербайжанда және Иран территориясында (Иранның өзі, Орта Азия, Ауғаньстан) пайда болды деп көрсетеді ғалым Х.Кор-оглы[48]. Демек, бұл сюжет еш жақтан келген емес, түрік халықтарына ғана тән ерекше сюжет деген қорытынды жасауға болады. Ғашықтық туралы әлем әдебиетінде әртүрлі оқиғалар кездеседі, бірақ бірде-бір елде өңінде емес, түсінде бірін-бірі көріп ғашық болып, өңіндегідей бірімен-бірі сөйлесіп, өңінде бірін-бірі іздеп табатын оқиға жоқ екен. Бүкіл әлем жұртшылығына танымал ғашықтық шығармалардың желісіне көз жіберейік. Ромео мен Джульетта да, Тристан мен Изольда да, Рам мен Сита да бір-бірлерін көзбен көргеннен кейін ғашық болады. Шығыста суретін көріп ғашық болу сарындары бар. Бірақ бұл ғашықтық тек бір жақты көрсетіледі. Жігіт ғашық болған сұлуды іздеп көп сергелденге түседі, ал қыз бұдан хабарсыз күйде болады. Түсінде көріп ғашық болатын Зылиха бейнесі бар. Бірақ біз сөз етіп отырған оқиғадан мұның да өзгешелігі бар. Зылиха түсті өзі көреді, өзі ғана ғашық болады. Ол сезімді Жүсіпке жеткізу үшін қаншама оқиғаларды бастан кешіреді. Ал «Бозжігіт» жырында ғашықтар түстерінде бірін-бірі көріп, тілдесіп оянгандарында сол сезіммен өмір сүреді. Бірін-бірі іздейді, аңсай күтеді. Және бұл сезім екі жақта бірдей болады. Тек түсінде көрген жарын күтіп Хануза қайғырады, сол жарын ғана іздеп таппақ боп, Бозжігіт небір ауыр азап көреді. Іздеп келген жігітті көргенде, сұлу өзі түсінде көрген ғашығы екенін таниды. Көріп отырғанымыздай, Х.Метиленский жазған аңыз желісі еш өзгеріссіз берілген. Бозжігіттің түсінде көрген ғашығын іздеп табуы, жасырын қыз сарайында жолығуы бәрі-бәрінде сол өзгеше оқиғаның ізі жатқанын байқатады. Өзбек әдебиетінде Лутфи жырлайтын «Гүл-Наурыз» дастанының оқиғасына да ғасырлардан келе жатқан осы әңгіме негіз болғандығына дау жоқ. Наурыздың түсіне Гүл сұлу кіріп, Наурыздың оны іздеуінен басталады. Ғашықтар басынан өтетін әртүрлі оқиғалар- ақын қиялының, ақын мүмкіндігінің нәтижесі.

Бабаларымыздың біз мақтан ететін тағы бір қыры - шын ғашықтық сезімді қастерлеуі. Оны ерекше қасиет деп бағалауы. Бұл ғашықтардың ынтықтығы бұ дүниедегі нәпсіні қанағаттандыру үшін болатын қызықтан әлдеқайда жоғары. Көпшіліктің өресі жете бермейтін биіктік. Бұ дүниенің бар қызығынан баз кешкен - таза молдірлік, шынайы ынтықтық. Бұл - суфизм ілімімен сусындаған ортада ғана болатын құбылыс. Бұл ілімнің құпиясын ұғынуға көп жағдайда зерде жете бермейтініне, шығыс-батыс суфистерінің пікірлерінен сөз қозғайтын ғалым Идрис Шах көп мысалдар келтіреді. «Любовь является важнейшим и самым постоянным из них, она представляет собой тот фактор, которому престоит вести человека и все человечество к завершенности»[49;148.], - дейді ғалым. Ғалым ғашықтықтың кемел саналы жандарда ғана болатынын осылай жеріне жеткізе түсіндіреді. Және ғашықтық адам санасының биік шыңына жетелейтін ерекше таза күш екеніне тоқталады. Шындығында, махаббат жүгі - ауыр жүк. Махаббат пен кемелдікке жету үшін оған ең алдымен дайындық қажет екенін мына мысалмен түсіндіреді. «Пештің жалыны оның жылуын пайдалануыңыз үшін өте күшті болуы мүмкін. Шамның әлсіз жалыны сізге қазір қажет жылу беруге жарап жатыр»[49;149.]. Демек, бұл үлкен дайындықтардан, ғұламалардың мектебінен өткеннен кейін ғана жетуге болатын ілім. Ғалым Идрис Шах Румидің сөзін келтіреді: «Барлығы алтын іздеуші болғанымен, жай адам алтынды көрсе де танымайды. Алтынды тани алмасаңыз - данышпанның соңынан ілесіңіз»[49;152.]. Сопылық ілімдегі пірге қол беру, белгілі ғалымның шәкірті болу мәселесі де ерекше маңызды шарттылық деуге болады. Көптеген адасушылықтардан сақтандыратын жол болуға тиіс. Софьылық танымға жету үшін адамның өзінде көзге көрсетуге мүмкін болмайтын, тек бүкіл жан жүрегімен ғана бар екенін сезінетін ғаламат күшті түсінетін сезім байлығына жетуге міндетті. Идрис Шах өз кітабында подполковник А.Кларктың мына сөздерін мысалға келтіреді: «Сохраняя полное уважение ко всем Искателям Истины, я должен сказать, что суфизм передать трудно. Почему? Потому что новые последователей ожидают, что система будет соответствовать привычным для них образцам мышления. Они не понимают, что эти штампы и являются их главным недостатком. Суфизм уже находится в вас самих. Вы чувствуете его, но не знаете, что это такое. Когда у вас

появляются определенные чувства - доброты, истины, любви, желания преобразиться - это есть суфизм»[49; 402.]. Подполковник Кларк өз сөзін дәлелдеу үшін мынадай мысал келтіреді. Біреу софьдан: “Суфизм дегеніміз не?” - деп сұраса софы әлгі адамды қатты ұрып жіберіпті де: - Ауруыңды маған көрсет, мен саған суфизмді көрсетемін, - деп жауап беріпті. Ауруыңды ешкімге көрсете алмайтының аян, бірақ ауруың бүкіл тәнің сезеді. Софьлар дәріптеген ғашықтықты да көрсету мүмкін емес, тек оны ұғына білу керек.

Қазақ ақыны Ақылбек Сабалұлы, міне, осындай сезімді түсінуге тырысады. Ғашықтық сезімді түсіну, жалпы адамзаттың биік парасаттылығы, ақыл ойы дамуының кемелденуі екенінде еш ел дау айтпайды.

Екі ғашықтың небір қиындық болса да, бір-біріне ынтыға ұмтылуы - Алланың бұйрығын орындауға ұмтылған адал жол. Бұл ғашықтардың сезімін жалпы көпшілік ұғына қоймауы да, ертегілік оқиғалар деп қабылдауы да осы бір ғашықтық туралы бабалар ілімін ұғына алмаудан шығып жатса керек. Қ.А.Ясауи, Низами, Фзули, Науайылар негізін қалаған ғашықтық ілімі - рухани тазалыққа ұмтылу немесе софьлық жол. Бұл Алламен жүздесуге дейін адам жанының мөлдір тазалыққа жетуі сияқты ерекше кемелдікке бастайтын ілім. Бұл ілімнің жалпы көпшілікке түсінікті бола бермегені анық. Оған қазіргі күнде де ден қойып, көңіл сендіретіндер аз болса, оның ерекше қасиетіне жету қиынның - қиыны, оны жан жүрегімен ұғынбаған жандарға түсіндіру мүмкін емес екендігінде. Міне, осындай ерекше жандарға Алла сыйлаған пәк сезімді жырлаған ғашықтық жырдың бірі – «Бозжігіт», «Таһир-Зуһра» жырлары. «Ләйлі-Мәжнүн», «Құсырау-Шырын» сынды ғашықтық жырлардан өзгешелігі – олардың негізгі оқиғасы Тұран жерінде болғандығы. «Бозжігіт», «Таһир-Зуһра» дастандарының сюжеттері Орта Азия халықтарының төл туындысы екенін көптеген ғалымдар еш күмәнсіз жазады. Сәбит Мұқанов жоғарыда айтқан «Халық мұрасы» кітабында: Фархат пен Шырын, Таһир мен Зуһра, Бозжігіт пен Сақыпжамал Орта Азияның өзінде туған кейіпкерлер»[3; 140.], - дейді. С.Мұқанов бұл жыр туралы мынадай дерек айтады: - «Бозжігіт» қазақ арасында әйгілі шығарма емес, оны кез-келген адам біле де бермейді. Ал, татар поэзиясының классигі Ғабдолла Тоқай «Медіресс Ғалия» аталатын оқу орнында

дәріс (лекция) оқып, татарда фольклор аздығын, әсіресе, эпос жоғын айтып, «Бозжігіт» қазақ жыры деген де, кітаптың қағаздары татардың көз жасынан шірігенін айтқан»[3; 142.]. Бұл сөздерден мынадай ой түйге болады: Біріншіден, Орта Азияда өте ертеден келе жатқан бұл сюжетті жырға айналдырып, алғаш кітап етіп бастырушылар - қазақ ақындары. Екіншіден, бұл сюжеттің тек қазақ арасында ғана емес, бүкіл түркі халықтары арасында кеңінен тарағандығы.

В.В.Радлов өзінің “Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері” /Спб. 1866 - 1907/ он томдық әлемге әйгілі кітабының 1870 жылы шыққан 3-томында “Бозжігіт” дастанын жариялайды. Автордың түсінік хаты да қоса беріледі. Онда автор: - «Бозжігіт» кітабын Уфа шаһарына барғанда бірқатар көріп едім... өзіміздің көңіліміз қайғылы күнде «Бозжігіт» кітабын 1842 жылда жазып едік, - деген мәлімет беріледі. «Соған қарағанда, бұл 1870 жылы басылып шыққанға дейін қолжазба күйінде таралуы мүмкін», - деген пікір айтылады.

Ақылбек Сабалұлы осы «Бозжігіт» дастанын да қайта жырлап, 1910, 1911 жылдары Қазаннан Каримовтар баспасынан шығартады. Жыр туралы өзінің: «Аударып ноғай тілден шаршап талдым» деген сөзі ақынның адалдығын танытады. Бұл жоғарыда айтқан түрік халықтарында аса қастерлі ғашықтық тақырыбынан алған бір туындысы.

Осы тақырыпқа жататын ең көрнекті де көркем қиссасы – «Таһир-Зуһра». С.Мұқанов нық сеніммен: «Орта Азияның өзінде туған кейіпкерлер» немесе «Орта және Орталық Азия түркілерінің ертегілерінен алынған» деп көрсеткен шығарманың бірі – «Таһир-Зуһра» жыры. Бұл жырдың Орта Азиялық түрік халықтарының ежелден келе жатқан фольклорлық мұрасы екендігін барлық зерттеушілер жоққа шығармайды.

Өзбек әдебиетінде «Таһир-Зуһра» атты ұзақ ертегі бар. Осы оқиғаны негізге алып, тұңғыш рет өзбек ақыны Сайид Мухаммад Сайедий өлеңмен жырлап шығады. Бұл туралы ғалым Х.Короглы былай дейді: «Сюжет дастана «Зухра и Тахир» впервые был литературно обработан узбекским поэтом ХҮІІ-ХҮІІІ в. Сайиди»[48].

Сайедийдің бұл туындысы - түгел өлеңмен жазылған тың дүние. Сюжет ежелден келе жатқан халық мұрасы болса да, поэма

ақынның қаламынан шыққан жеке мұрасы. Бұны ғалым Х.Короглы да әділ бағалайды: «Он создал поэтическую версию, назвав свое сочинение «Тахир и Зухра». Фактически он написал не дастан, а романтическую поэму месневи, широко популярную в литературе на фарси, использовав фольклорный материал»[48]. Және жырдың жанрлық ерекшелігін де анық көрсетеді.

Бұл жырдың оқиғасы бүкіл түрік халықтарына түгел мәлім «Көрұғлы» оқиғасынан кем тарамандығына да ғалым назар аударады. Өзбек тілінде Сайедийдің дастаны көп жылдық үзілістен кейін 1960 жылы Ташкент қаласында өзбек ССР ғылым академиясының Беруни атындағы шығыстану институты мен А.С.Пушкин атындағы Тіл және әдебиет институтының қызметкерлері «Өзбек әдебиетінің тарихи жәдігерліктері» сериясымен бастырып шығарды. Қолжазбаны баспаға дайындаған Т.Нишалбаева мынадай қызық дерек келтіреді. «1867 жылы Лейпцигтен венгер ғалымы Герман Вамбери «Таһир-Зуһраның» бір бөлігін аударып, хрестоматиясына енгізеді. Хрестоматия шағатай әдебиетіне арналса керек, өйткені ғалым атын былай береді: «Herman Vambery. Casataischt sprachstudien Ieipxig. 1867»[50; 6.]. Тағы зерттеуші Герман Вамберидің пікірін келтіреді: «Таһир-Зуһра» атты бұл өлеңмен жазылған роман араб, парсы және усманлы түріктерінің халық әдебиетінде мәлім болған сол түрдегі қиссалардың бірінің аудармасы болса керек. Бұл дастанның тілі Бұхара диалектісіне (шеवासига) жақын. Г.Вамберидің айтуынша «Таһир-Зуһраның» қолжазбасының біреуі өзінде болған. Хрестоматияға содан алып бастырған. Бұның өзі «Таһир-Зуһра» жырының негізі Орта Азиялық түрік халықтарының төл туындысы екенін нақтылай түседі.

Сайедийден кейін «Таһир-Зуһраны» түрікмен ақыны Молланелес өзінше өз тілінде жырлайды. Бұл туралы да ғалымдар бірдей пікір жазады.

Түрік халықтарымен бірге жасасып, келе жатқан бұл шығарманы қазақ арасында өлеңмен қайта жырлап, бүгінгі күнге жеткізушілердің бірі - Ақылбек Сабалұлы. Қазандағы Каримовтар баспасынан 1910, 1911 жылдары екі рет басылып шығып, халық арасына кең тарап кетеді. Ақылбек Сабалұлы қайта жазған, қазақша жырланған «Таһир-Зуһра» жырының 1911 жылы Қазанда Каримовтар баспасынаң кітап болып шыққан нұсқасы «Ғашық

наме» кітабына енгізіліп, 1976 жылы Алматыдағы «Жазушы» баспасынан жарық көрді. Кеңестік дәуірдегі ескі басылымдарды қайта бастырғанда, дін мәселесіне, қазақ тарихына қатысты мәселелерді өзгертіп, ойланбай жұлып тастап шығара салу оңай іс болатын. Қазақтың ескі мұрасын қалай бұрмаласа да «ерікті» болды. Соның бір мысалы, Қазаннан шыққан нұсқадағы мына жолдар 1976 жылғы нұсқада берілмеген:

«Бисмилла мен сөйлейін патша құдай
Біз ғапыл бенделерде көп қой күнә,
Қыл көпір қияметтен өтерінде
Болады заманымыз әлде қалай?
Екінші жәрдем берсін пайғамбарым,
Шапағат қыл үмметіңнің хәммаларын.
Ақылбек Сабалұлы қыса жазсам,
Үшінші жәрдем қылғыл шаһариярым.
Төртінші жәрдем бергіл жұмле әулие.
Соларды өткізіпті мына дүние.
Бұл жалғанның ешкімге пайдасы жоқ,
Біреуден қалған малға...
Не болам бір күндерде тіл байланса,
Алуға ажал өлім ыңғайланса,
Ақылбек қара сөзді өлең қылды
Нұсқаны жазамын деп ой ойласа»[51; 3.].

Ақынның шығармаларындағы өзіндік дәстүрі бойынша, жырлап отырған шығармасының оқиғасын қайдан алғандығына сілтеме жасайды: «Ахмед деген ноғай басқан екен

Гұсмания тауарихтан Тахир сөзін
Мұхаммед Зариф ұғлы Ахмед ноғай,
Оқуды қуар едім халім жоқ-ай.
Ноғай тілден аударып өлең қылдым,
Оқыған қазақтарға болсын оңай»

Көріп отырғанымыздай, Ақылбек Сабалұлы Молланепес ақын жырлаған түрікмен жырын да, Сайедий жырлаған өзбек жырын да емес, Зарифұғлы Ахмед ноғай бастырған қысаны өңдеп, қайта жырлаған. «Ғашықнаме» кітабының алғы сөзінде белгілі ғалым Үшкүлтай Субханбердина: «Қазақ арасында «Таһир-Зуһра» дастанының екі нұсқасы бар. Бірі - Оразаев жазған, ол революциядан бұрын Қазанда жеті-сегіз рет кітап болып басылып

шыққан. Бұлардың тілі шұбар, татар тілінің элементтері, араб, парсы сөздері көп қолданылған; кейіпкерлердің ғашықтық сезімі, ойы, мұңы өлең түрінде беріліп, мазмұны негізінен қара сөзбен баяндалған. Екіншісі - XIX ғасырдың аяғында, XX ғасырдың басында өмір сүрген, отыз шақты қисса-хикаят жазған, белгілі ақын Ақылбек Сабалұлы нұсқасы. Бұл басынан аяғына дейін өлеңмен жазылған, оқиғасы қызық құрылған көркем шығарма»[52; 12.],- деп бұл дастанға қысқаша ғылыми сипаттама береді.

Бұл пікірді өзінің докторлық диссертациясында ғалым Алма Қыраубаева да қолдайды. Екі нұсқадағы авторлардың тіл ерекшеліктеріне көз жеткізу үшін және Ақылбек Сабалұлы бұрыннан бар дүниені көшіріп, өз атынан жариялатқан кітап бастырушы ғана емес, «Таһир-Зуһраны» қазақ тілінде шынайы поэзия туындысы етіп жырлаушы ақын екенін дәлелдеу үшін екі шығармадан оқиғаның басталуын суреттеген тұстарын салыстыра кетуді жөн көрдік. А.Оразаев кітабындағы қиссаның басталуы: «Әуелде бір ұлық мәшһүр патша бар еді. Малы, қазынасы, ғаскері бек көп еді. Ләкин дүниеде ұғыл-қыздан перзенті иок еді. Шол себептен хар уақыт көңіліне біраз қайғы, тарлық келер еді. Қайсы уалайатта, қай шаһарда бір хакім, табиб есітсе, елшілер сансыз алтынлар, күмістер илэ көндіріп алдырар еді. Түрлі-түрлі дәрілер иасатып ашарларды. Хеш бір пайда таппаған хакімдерден көңілі суынып, Алла тағала өзі бермесе, мұншалық не қылсын деп, бір заман бұ пікір айлап қалды. Рауаи етер бұ патшаның бір бақшасы бар еді. Коңілі сынық қайғылы адам кірсе, шол заман шадыман олып, қайғылары қуанышқа алмашылар еді»[53; 2.].

Енді осыны Ақылбек Сабалұлының қалай бергеніне назар аударайық:

«Бір патша ілгеріде болған екен,
Қисапсыз қазынасы толған екен.
Көп екен әскерлері заманында,
Сұлтандық, әділдікке болған бекем.
Дүниеге хеш нәрсеге мұқтажы жоқ,
Көзіне көрінбепті дүние боқ.
Армансыз өзі патша болса-дағы,
Баладан ұл мен қыздың біреуі жоқ.
Дүние сол себептен тарлық қылды,
Сорлыны бір балаға зарлық қылды.

Қай шаһарда естiсе бiр дәрiгердi,
Елшiге алып кел деп, жарлық қылды.
Елшiлер дәрiгердi алып келушi едi,
Патшаның пәрманына көнушi едi.
Асылы, мынау шипа болар-ау деп,
Патшаға талай дәрi берушi едi.
Көңiлiн патшаның қайғы жуып,
Қайтсе де қуанбады бала туып.
Бермесе құдай өзi пендеге деп,
Отырды хакiмдерден көңiлi суып.
Сонымен патша тұрды бiраз заман,
Көңiлi бала үшiн болды жаман.
Бар екен шаһардан шет бiр бақшасы,
Кiрген адам қайғыдан болар аман»[52; 179.].

Ақынның өзi дәстүрлi жолмен оқиғаны қайдан алғанына сiлтеме бередi: «Ахмед деген бiр ноғай басқан екен, Ғұсмания тауарихтан Таһир сөзiн» немесе : «Ноғайша қисса екен мұның өзi, Көңiлiме ұнамады кейбiр сөзi» - деп не үшiн жазғанынан, өзi аударған туындының тiлiнiң ауырлығынан хабардар етедi.

Ақылбек Сабалұлының бұл туындысы шығыс халықтарында кең тараған кiтаби - нәзира дәстүрiмен жазылған. Шығыс әдебиетiндегi бұл ерекше дәстүрдiң көп жағдайда қайталама дүниелер сияқты үстiрт бағаланып кетуi бiр оқиғаны, бiр желiнi бiрнеше авторлардың қайталап жырлап отыруынан. Бұны қазiргi әдебиеттегi аудармамен ешбiр салыстыруға келмейдi. Шығыс әдебиетiн зерттеушiлер бұл өзiндiк дәстүрдiң де iштей сан-салалы екенiн көрсетедi. Бiрде оқиғаны өзгертсе, бiрде кейiпкерлердiң аттарын өзгертедi, ендi бiрде кейiпкерлердiң iс-әрекетiн өзгертсе, ендi бiрде ондағы ел дәстүрiн өз халқының дәстүрiмен жырлап кетедi. Кей ақын өлең жолын, ұйқасын, ырғағын, көлемiн сақтаса, ендi бiрi бұның барлығын өзiнше жырлайды. Осындай ерекшелiктерiне орай зерттеушiлер бұл дәстүрдi - нәзира, джаваба, таттабуат, таклид және истиббал деп бөлiп, топтастырады.

Шығыс зерттеушiлерi кiтаби дастанның басталуын осы нәзира дәстүрiмен байланыстырады. Атақты хамсашыл классик ақындарды - Низамидi, Науаиды, Дехлевидi кiтаби дастандар туғызған ақындар қатарына жатқызады. Г.Ю.Алиев кiтаби дастандардың бүкiл шығыста дүркiрей көтерiлуiне негiз болған

Низамидің бестігі дегенді айтады. XIII-XX ғасырлар арасында тек Низами бестігіне кіретін сюжеттерге 600-ден аса шығарма жазылғандығын түгел тізіп көрсетеді[54]. Г.Ю.Алиев зерттеуіндегі көркем туындылар тізімінде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың «Ескендірі» де бар.

Өзбек әдебиетінде кітаби дастандар Ә.Науайыдан басталды дейді ғалым Х.Кор-оглы. Өзінен бұрын жырланған шығарманы қайта жырлауға бару - үлкен таланттылықты, тапқырлықты, батылдықты талап ететіні анық. Бұл дәстүр таланттылардың білім жарысы іспеттес. Өзінің хамсасының соңғы жыры «Ескендір қорғанында» Ә.Науайы осы жырларды жазып болып, ұйықтағанында түсінде Низамиді көргенін баяндайды. Ұлы ақын өз ісіне қалай баға берер екен деп ұстазынан қатты қаймыққанын ашық жазады. Науайыға жолыққанда Низами ең алдымен, сөз өнерін, өзінің ақындық дәстүрінің кез келгеннің қолына түсе бермейтін ерекше қасиет екенін өз хамсасында айтып кеткенін есіне алады:

«Мына сөз «Хамсадағы» талайға сын:
Менімен тайталасқан абайласын!
Болмаса қайрат-күші асып түсер,
Желкесін алмас жырым кесіп түсер!»[55; 388.]

Демек, ақынмен жарысқа түсетін ақын өзінің ақындық өнері мен білімін алдымен өзі өлшеп алу керек. Егер, оны бағамдамай жарыспақ болғандарды өнердің алмас қылышы кесіп түседі. Бұл - ұлы дәстүрдің ешкім өзгерте алмас қасиетті шарты. Түсінде ұстаз тұтқан ақыны Низамиді көргенде, Науайы ұстазына кінәлі жандай имене қарайды. Өз өнеріне ұстазы қалай баға беретініне күмәнданады. Өз «Хамсасын» бітірген ақынға ұстазы шынайы ырзалық білдіреді. «Хамсаны» бітірген ақынға өзі пір тұтқан Низамиден бастап Хамсашыл ақындар үлкен ілтипат танытуын, түсіне кіріп, еңбегіне ерекше баға беруін суреттеуі Науайының бұл дәстүрге ерекше өнер немесе өнер жарысы түрінде құрмет танытуын көрсетеді. Науайы әдебиеттану ғылымында өзіндік пікірі бар ірі ғалым екендігі әдебиеттанушы ғалымдарға мәлім.

«Білсең де тартынбадың тым қиынын,
Ақтардың құпияның тұңғиығын.
Орынсыз төгіп-шашпай сөз қорынды,
Шиырдан алып шықтың өз жолынды»[55; 389.], -

дейді ғұлама Низами Науайының хамсасы туралы. Ақын өзі пір тұтқан жанның аузымен дәстүрлі шығыстық әдістің ерекшелігін осылай ұқтырады.

«XIII-XIV ғасыр әдебиетінде жанданған нәзира дәстүрі оянушылық дәуіріндегі көне антикалық мәдениетті жаңғырту идеяларымен үндес келді. Нәзираның негізгі тақырыптары ежелгі шығыс сюжеттері, жанры қисса дастандар болды»[14; 26.], - дейді бұл дәстүрде жазылған шығармалардың түп-төркінін қарастырған ғалым А.Қыраубаева. Ғалым шығыстың нәзира дәстүрі кейінгі еуропа әдебиетінде көрініс берген классицизм әдісіне негіз болғандығына сілтеме береді. Демек, шығыс ренессансы нәзира дәстүрін туғызса, еуропа еліндегі оянушылық дәуірі классицизм әдісін туғызды. Нәзира дәстүрі классицизмнен төрт-бес ғасыр бұрын дүниеге келгендігіне де назар аудару керек деп ойлаймыз.

Бауырлас әдебиет тарихында кітаби дастандардың авторына «кітап көшірушілер» деп кеміте қаралмайтыны қуантады. Нәзира дәстүрімен үлкен жырлар жазуға бару – тек талантты, білімді жандардың ғана тәуекелі жететін өнер жарысы деп бағалайды. Өзінен бұрынғы ақынның ойымен ой жарыстыру, білімімен білім жарыстыру, ақындық талантымен өз талантын бәйгеге қосу деп түсіндірілген үлкен өнер додасы – нәзирәшілдік мектебі. Бұлай бағалау сол дәстүрді түбегейлі түсінудің нәтижесі болуы керек. Бұл дәстүр көне жазба әдебиеттің ең озық үлгілерін туғызғаны мәлім. Атақты Құтб жырлаған «Құсырау-Шырын», Саиф Сараи жырлаған «Гүлстан бит түрік» - нәзира дәстүрімен жырланған төл әдебиетіміздің орта ғасырдағы озық үлгілері.

Сонау XIII ғасырлардан бастау алды делінетін кітаби қисса-дастандар XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде қайта жанданды. Үрдіс етек алып, артына мол мұра қалдырды. Бірақ қазақ ақындарының нәзира дәстүрі бүкіл шығыс әдебиетіндегі нәзира дәстүрінен бөлек, ұлттық әдебиетіміздің төл заңдылығымен дамығанын да көруге болады. Қазақ ақындары оқиғаның негізгі мазмұнын алғанымен, оны жырлауда еркін қадам жасады. Ұлттық өлең нақыштары, ұйкастар мен шумақтар бастапқы нұсқаға тәуелсіз жырланды. Қазақ мәдениеті тарихындағы айтушылық дәстүр басым болып келеді. Бұл жағынан алғанда қазақ әдебиетіндегі нәзирә дәстүрі еуропа әдебиетіндегі XVII ғасырда кең тараған классицизм әдісіне де келіңкірейді. Қатаң үш срежеге

негізделген бұл әдістің де адамзат өркениеті тарихында біраз із қалдырғаны белгілі. Оқиғаны тек алдында айтылып жүрген, жазылып қалған нұсқадан алу шарттылығы, оны бұрынғы жанр түріне тәуелсіз өз идеясымен еркін қайта жазуға еріктілігі қазақтың нәзирашіл ақындарының шығармашылық ұстанымдарына сәйкес келеді. Еркін ойлы қазақ ақындары қатаң ережедегі үшінші шартқа бағынбайды. Ол шарт ұлы дала перзенттерінің ойын тұсаулайтыны белгілі. Қазақ әдебиетіндегі нәзира дәстүрі классицизм әдісінен де бұйдасын бұра тартып, өз жолымен кеткендігі көрінеді. Демек, кітаби ақындар дәстүрі қазақ әдебиетіндегі ерекше ұлттық түр болып қалыптасқан.

Ақылбек Сабалұлы «Тахир-Зухра» жырын дәл осы қазақтың ұлттық нәзирашілдік дәстүрімен жырлап шыққан. «Тахир-Зухра» жыры да «Бозжігіт» сияқты ерекше ғашықтық сезімді жырлауға арналған. Бұл да, біз жоғарыда айтқан, ғашықтық - Алла тағаланың ерекше жаратқан жандарға сыйлаған ғана қасиеті деп түсіндіретін бабалар теориясына, софылық ілімге негізделген.

«Тахир-Зухра» жырының негізгі оқиғасы түрік халықтарының арасында өте ерте заманнан аңыз, әпсана, ертегі, жыр түрінде кең тараған сюжет екендігі біраз мәнбелерде (источниктерде) айтылады. ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда ақындар қаламына ілігіп, ғашықтық дастанға айналғандығын айттық. Әр ақынның тілі, қолданған әдісі, көркемдік сапасы түрліше болғанмен, ғашық жандардың бір-біріне ынтықтығы бұл дүниенің шеңберіне сыймайтындай, мәңгілік дүниеде мәңгі бірге болатындай іңкәрлік дегенді барлығы да түйсініп, соған өздері сеніп, өзгені де сендіре жырлайды.

Өзбек әдебиетінде «Тахир-Зухраның» қара сөзбен айтылатын ертегісі барлығын ескерттік. Қазақ әдебиетіндегі «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының көп оқиғалары осы жырға ұқсас болып келетіндігі туралы М.Әуезов мынадай құнды пікір айтады: «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырына Орта Азиялық халық дастанының басы да, аяғы да ұқсас боп шыққанын көреміз. Бұл ұқсастықтың екі түрлі мән-жайы бар. Бір жайы бойынша «Қозы Көрпеш» жыры «Тахир-Зухра» жырынан ескі болғандықтан, өзінен кейін туған дастанға әсер еткен болуы керек. Бұл пікірді сол Орта Азия елдерінің дастандарын зерттеуші бірнеше ғалымдар айтысқан болатын. Сонымен қатар, екінші жайы бойынша, бір кезде өзі

«Қозы Көрпеш» әңгімесінің негізінде туған «Тахир-Зухра» дастаны баспаға шығып, көп аузына жайылған соң, енді XIX ғасырдың бас кезі, орта кезінде ауызда жүрген «Қозы Көрпешті» жырлаушы қазақ ақындарына (мысалы Шөжеге, Жанаққа) жаңа мотивтер, әңгімелер қосуға дем берген, әсер еткен тәрізді. Сонымен өлген соң скі ғашықтың қайта тірілуі, ... содан әрі бейіттер әңгімесі, гүлдер мен көк тікен аңызы - бәрі де «Қозы Көрпеш» жырына кітаптық дастанның кейіннен әкеп қосқан қоспасы боп айқын тұрғандай»[56; 17.].

Бұл пікірдің аса құндылығын мынадан көреміз. Біріншіден, «Тахир-Зухра» жырының оқиғасы - Орта Азиялық түрік халықтарының төл туындысы; екіншіден, бұл жырлар әдебиет пен фольклордың екі түрлі байланысының көрінісі - фольклордың әдебиетке, әдебиеттің фольклорға әсері немесе ауызша жырланған жырдың кітаби жырға, керісінше, кітаби жырдың ауызша жырланған жырға тигізген әсері туралы сөзімізге дәлел болмақ. Екінші сөзбен айтқанда, «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» оқиғасы – «Тахир-Зухраның» ежелден келе жатқан қазақ арасындағы фольклорлық варианты. Осы фольклорлық вариантты жекелеген ақындар жырлап, жазба әдебиетке енгізген. Осы пікірдің дәлелі түрікмен әдебиетінен де көрініс береді. Түрікмен әдебиетіндегі «Шасенем-Гарып» жыры осы «Тахир-Зухра» дастанының оқиғасына өте ұқсас болып келеді. Демек, «Шасенем-Гарып», «Тахир-Зухра» кітаби жыры дүниеге келместен бұрынғы халық арасындағы осы оқиғаның фольклорлық көрінісі болып шығады. Өзбек әдебиетіндегі қара сөзбен әлі де халық арасында айтылып келе жатқан ертегі - Сайедий жырына негіз болған фольклорлық материал екенін жоғарыда айттық. Егер халық арасында Тахир мен Зухраның қайғылы өмірі туралы әңгіме кеңінен таралмаса, олардың ақын түсіне енуі екіталай нәрсе болар еді деп ойлаймыз.

Түрік халықтарындағы ғашықтық жырлардың негізгі ерекшелігінің бірі - өздері бұл сезімді түсінбей тұрып-ақ, жас сәбилердің жүректерінде ақ сезім гүл атады. Бұл - Алла бұйрығы. Алланың ерекше сүйікті құлдарына сыйлаған пәк сезімі. Бұл ғашықтарға қарсылық - Аллаға қарсылық. Бұны «Тахир-Зухраны» алғаш жырлаған Сайедий былай береді:

«Кимки ошиқдур, еронлар, рахбори оллохдур
Кимки ошиқ эрмас, оллохға ушал гумрохдур»[50; 20.].

«Тахир-Зухра» жырын қай тілде кім жырласа да, осы пікір басты назарда тұрады. Екі бала бірдей дүниеге келіп, өздеріне беймәлім ерекше қасиетпен біріне-бірі байланыста болады. Бұл сезім ешбір ақылға сыймастай, жас мөлшеріне де тәуелсіз. Оны жаратушы иенің өзі сол сәбилермен бірге жаратқан, соларға ғана сыйлаған ақ сезім.

«Бірін-бірі көрмесе жарты сағат,

Уанбай жылап-еніреп іздеп жүрді»[52; 185.],- дейді Ақылбек ақын. Жөргектегі сәбилердің бұл қылығын, шындығында, ақылға сыйғызып көріңіз. Бұны тек софылық таныммен ғана ұғындыруға болар. Алла сыйлаған асыл қасиет - ғашықтық дерттің бастауы деп қараған жөн. Бұндай ерекше деталь Науайының «Фархад-Шырынында», Фзулидің «Ләйлі-Мәжнүнінде» көрініс тапқан. Науайының түсіндіруінше, Шын елінің атақты патшасының ұлы Фархад өзі де, оның айналасындағылар да түсінбейтін ерекше ауру халмен дүниеге келеді. Оны тексерген дәрігерлер: «Баланың дені сау, жүрегінде ерекше қайғы бар», - деп таңданады. Фархадтың жүрегіндегі мұңды ұмыттыру үшін әкесі төрт түрлі сарай салдыратыны айтылады. Сол сарайлардың бірінде құпия сактаулы «Ескендір айнасынан» Шырынның бейнесін көргенде ғана бозбала өзінің қайғысының мәнін, ішкі жан дүниесінің кімді іздеп жүргенін түсінеді. Оған дейін жүрегіне қатты салмақ түсірген дерттің не екенін бала білмейді. Ұлы ақын сопылық танымдағы ғашықтықты түсіндіру үшін осындай ғажап оқиғаны баяндайды. Оқиғаның соншалықты шебер қиыстырылуы оқыған жанды тәнті етеді. Ғашықтық сезімнің ерекше құдіретін мойындатады. Фзули өз жырында Қайыс туылғаннан қырық күн ұлы той болып, сол тойда Ләйлі де өз анасымен бірге болғандығын айтады. Қырық күннен кейін ел тарап, оңаша қалған сәттен бастап бала тыным таппай жылайды. Баланы жұбатуға далаға алып шыққан күтуші қыз, өзі сияқты жөргектегі баланы жұбата алмай жүрген тағы бір қызға кезігеді. Екеуі бір-бірінің халін түсініп, сөйлеседі де, балаларды бір-біріне қаратады. Балалар жылауын дереу қояды. Келесі күні де солай болады. Сондықтан екі қыз күніне бір жерде кездесуге уәделеседі. Ақын бұл ғашықтықтың Алла бұйрығы екенін түсіндіру үшін, тағы бір деталь көрсетеді. Өмірі бала көтермеген әйел Қайысты қолына алғанында, емшегінен сүт саулап, балаға сүт ана болады. Екінші қыз да қолындағы сәбиін еміздірмек болып, әйелге

ұсынғанда, сүт лезде тартылып қалады. Мұны сұнғыла әйел сезе қояды. Араб дәстүрі бойынша, ішкі неке болғанымен, бір емшekten сүт емген жандарға неке арам болып есептеледі. Алла өз бұйрығына қарсы келмей, Ләйліге Қайыстың сүт анасынан емуге мүмкіндік бермейді. Осы арқылы ақын екеуінің ғашықтығы Алланың бұйрығы дегенді ұқтырады. Сондықтан мұндай жандарды кінәлауға да, оған қарсы тұруға да болмайды. Бірақ пенделер хақтың қай бұйрығын толық орындайды, оның қайсысына ақылы жетіп жатыр?! Ғашықтардың трагедиялы өлімі де осының дәлелі. Осы ойды А.Сабалұлы былай толықтыра түседі. Перзентсіз жүрген қадірлі жандарға Қызыр жолығып, біріне ұл, екіншісіне қыз сыйлайды да, жаратушының бұйрығынан былай деп хабар береді:

«... Тахир деп еркек болса ат қоясыз,
Бұларды бір-бірінен айырмайсыз.
Ғайыптан хабар берген бір құдайым,
Иншалла, сіздерге айтар сөзім дайын.
Біреуін-біреуінен айырсаңыз,
Арманда өтер Фархад пен Шырындайын,
Болады бала туса көңіліне сап,
Айырмасаң кетеді көпке жасап.
Айырсаң екі бала арманда өтер,
Бұрынғы Арзу менен Қамбарға ұқсап»[52; 183.].

Хақ бұйрығы осылай, олардың ынтықтығы өз күштерінен тыс, біріне-бірі ғашық болуы - ішкі рухани тілдесуі, толуы, тазаруы, екінші сөзбен айтқанда, жанның кемелденуі. Бұл ғашықтық ерекшелігін түрік халықтарының рухани мұрасына тереңдей енбеген жанға түсіну қиынға соғады. Түбі тереңде жатқан - рухани тазарумен байланысты ғана түсіндірілетін аса нәзік құбылыс. Абайдың махаббат туралы өлеңдерін талдағандағы М.Әуезовтің мына пікірі біздің ойымызды тереңдете түсіндіреді: «Тақырып махаббат болғанмен не қазақ, не Европа үлгісіндегі махаббат жолы емес. Сүйіспеншілікті тағдыр жазған. Ол адам жанын жуып, шәйіп тазартады. Денең қорлық көреді, зар шегеді. Сол арқылы жаның тазарады»[57; 243.]. М.Әуезовтің меңзеп отырғаны софьлық дәстүр екенінде күмән жоқ. Сол кездегі саясаттың ыңғайына қарай ғұлама ғалым суфизмнің атын атамай-ақ жоғарыдағы сөздермен түсіндіріп кетеді.

Міне, «Тахир-Зухра» жырындағы негізгі ой - осы «адам жапын жуып, шәйіп тазартатын» пәк сезімге бөленген, дүниенің басқа қызығының бәрінен баз кешкен, екі жастың інкәрлігі. Сайедидің айтуынша, екі ғашық жұмақ ішінде бірге жүрген жерінде ақын түсіне кіріп, өздері туралы кейінгілерге жеткізуді өтініш етеді:

«Ки ногох учрадилар Зухра-Тохир,

Дедилар: - қиссамизни айла Зохир.

Китоб узра ки биз хам ед булоли,

Уқбон мақсадимизға етоли.

... На булғой биз хам ошиқ номи бирлан,

Саломат булсак ул иньоми бирлан»[50; 16.].

Демек, екі ғашық күнәдан пәк. Алланың рахымы түскен әзіз жандар. Оны жырлау - қасиетті іс. Ақын осыны ұғындырады.

«Уюб эрдим тақи бедор булдим,

Кеча - кундуз мухаббат бирла тулдим.

Давот бирла қалам илгимга олдим,

Аларнинг ишқини кунглумға солдим.

Бу ошиқларға хуб достан қилдим»[50; 17.] -

деп шамырқанады ақын. Махаббат шуағына бөленіп, «құрғақ шөлді бау-бақшаға айналдырады». Көңіліне сол ғашықтардың сезімі күйылып, соларға ғана лайық дастан жазылады. Дастанның барлық тілдегі түрінде де, перзентсіз жүрген жандардың Алладан тілеп алған перзенттері, екі әкенің уәдесі, сәбилердің ғашық боп дүниеге келуі сөз болады. Ел басқарған қадірлі жандардың уәдеден таюы - Алланың ақ бұйрығына қарсылықтың басы боп саналады. Бұл істі де өз еріктерімен істемейді. Бұларды жолдан тайдыратын - шайтан. Сайедий жырында Бобохан патша өзі де уәдесінде тұрғысы келмей, толықп жүргенде, шайтан сезіп қалып, оны мүлдем теріс жолға салып жібереді.

«Бу сирни билди шайтон деди: «Эйшох,

Ки бир йул курсатай»-деп қилди гумрох»[50; 24.].

Уәдені бұзу, ақ жолынан таю үлкен күнәнің басы болып саналады. Алла жазған тағдырға қарсылық жасау - жырдағы трагедияның басты себебі.

Ақылбек Сабалұлы жырында қыз әкесінің уәдеден таюына әйелі жады кемпірге жасатқан сиқыр себеп болады. Сиқырлық - шайтан ісі. Шайтанның араласуымен «Әділдігі Наушаруандай, нұрлы иманды мұсылман еді» деп дәріптелген Бабахан патша

жолдан таяды. Жетім ұлға қыз бермеу үшін, Таһирға әділетсіз жаза үсті-үстіне бұйырылады. Өйткені бұларға Алла сыйлаған ғашықтық тағдырын олар түсіне алмайды. Тіпті, Ақылбек Сабалұлының көрсетуінше, алғашқыда бұл сезімді Таһир да түсіне алмайды. Бұған Зухра қатты қайғырып, Алладан былай деп сұранады:

«Махаббатым жарасын,
Берсең екен, құдая.
Ғашық отын Тахир һәм,
Көрсе екен, құдая.
Ғашығым шегіп көрмесе,
Ол қадірімді білмес-дүр,
Ғашықтықтың әуенін,
Құлағына ілмес- дүр.

Дұғасын хақ тағала қабыл қылды,
Тахир да Зухраға ғашық болды»[50; 187.].

Біз жоғарыда айтқандай, Ақылбек Сабалұлының бүкіл шығармашылығында Қ.А.Ясауимен сабақтастық барын байқауға болады. Зухраның сөзінде де Қ.А.Ясауидің: «Ғашық азабын басқа түскен ғашық білер» - деген ойымен үндестік көрінеді. Ғашықтық - жаны қиналу, азап шегу, қорлыққа төзу сонымен бірге іштей нұрлану, тазару, азаптар арқылы адалдығына кір шалдырмай, қайта тазалана беру. Бұны Алла сыйламаса, ғашық болу да, ғашықтықты түсіну де мүмкін емес. Жоғарыдағы Ақылбек ақынның сөзі осыны дәлелдесе керек. Бұл ойды Сайедий жырынан да көп кездестіруге болады.

«Кимки ошиқдур, еронлар, рахбари оллохдур,
Кимки ошиқ эрмас, оллохга ушал гумрохдур».

немесе Зухраның

«Мани онга насиб эткан худодур,
Бу жонон йулида жоним фидодур»

деген сөздерінде осы ойдың желісі жатқандығы анық.

Ғашықтарға кедергі тек қиыншылық, жазалаулар ғана болып қоймайды, оларға жақсы өмір, сүйетін басқа жандар да кездеседі. Бірақ жүректеріне пәк сезім берік орнаған ғашықтар, оларға мойын бұрмайды. Мысалы, Тахирды Зухраның әкесі суға ағызып жібергенде, оны Зухраның хатпен жіберген өтініші бойынша күтіп алған Күл патшаның 3 қызы бірдей Тахирға ғашық болады. Тахир бұл үшеуіне де көңіл бөлмейді, оларға берген жауаптарын көрейік:

Бірінші қызға: - Көрмедім мен әлемде
Зухрадан гөзәлі.

Екінші қызға: Ақылым Зухра алған-дүр,
Сені көрер көзім жоқ.

Үшінші қызға: Зухрамсенен уәдем бар,
Еш сүймеспін бөтен жар», - дейді.

Өзбек ақыны Сайедий жырында да осындай оқиға кездеседі. Тахирға шын жанымен ғашық болатын Мохим ханым сезімінің жауапсыз қалуы осыны көрсетеді. Жақсы өмірден, қызықтан бас тартып, тағы да сол азапқа қарай, өзінің Зухрасына қарай сапар шегетін Тахир жүрегіндегі ғашықтық - таза мөлдірлігімен, бөгдеге бұрылмас тереңдігімен, өлімнен қорықпас қайсарлығымен жарқырай түседі. Бұлардың бұл қайсарлығын автор «асылдық» деп бағалайды. Өлім - ғашықтарды сан түрлі азаптан құтқарушы ақ жол болып қалады. Өйткені олар - бір бүтіннің жарты сыңарлары. Олардың бөлінуі - өлім, бірігуі ғана өмір. Олардың өлімі - ғашықтардың мәңгілік өмірі. Софылық таным тағы да бой көрсетеді. Қабірлердің үстіне шыққан гүлдердің бір-біріне құлай ұмтылуы ақ сезімді Алланың бұйрығын түсінбеген пенделерге ескерту сияқты.

«Бозжігіт», «Тахир-Зухра» жырларын көп зерттеулерде фольклор туындысы ретінде қарайды. Сөйтсе де таза фольклорлық туындыға сыйғыза алмайды. «Шығыс аңыздарының желісіне құрылған дастандар қазақ халқының бай мәдени мұрасының едәуір бөлігін құрайды. Олар дала халқы өмірінде дәстүрлі фольклормен қатар орын алды. Қазақ ауыз әдебиеті мен революцияға дейінгі жазба әдебиетінің сюжеттік-тақырыптық, идеялық-тақырыптық, идеялық-образдық баюына үлкен үлес қоса отырып, Ұлттық фольклордағы дастан жанрының қалыптасуына себеп болды[58; 311.] - дейді ғалым Б.Әзібаева. Өз сөзінің дәлелі ретінде Ақылбек ақын жырлаған «Тахир-Зухраны» ғашықтық дастандар қатарында сөз етеді. Бірақ ғалым дастан жанрының жазба әдебиеттің түрі екеніне мән бермейді. Бұның өзіндік заңдылығын фольклор мен жазба әдебиеттің байланысынан іздеп түсіндірсек, қателеспеуге тиіспіз.

Белгілі фольклор зерттеуші ғалым С.Қаскабасов фольклор мен жазба әдебиеттің байланысы туралы көптеген пікірлерді сұрыптай келе, қазақ фольклоры мен жазба әдебиетінің байланысын төрт

типке бөледі. Соның алғашқысы - генетикалық байланыс. «Генетикалық байланыс жазба әдебиеттің пайда болу дәуіріне сәйкес келеді. Әдебиет фольклордан тікелей өсіп жетіледі және оның жанрын, сюжетін, образдары мен тілін мол пайдаланады», - дейді ғалым бұл байланыстың ерекшелігі туралы. Байланыс типінің бұл түрі қазақ әдебиеті тарихында ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасыр басындағы әдебиеттен көп кездеседі. Себебі осы дәуірдегі әдебиет іштей сан қырлы бола тұра, үлкен бір заңдылықтан шығып кете алмағандығын байқаймыз. Қазақ әдебиеті тарихында жаңа жазба әдебиетінің бастаушылары екі түрлі бағытта болғаны мәлім. Бірі бұрыннан таныс шығыс әдебиетіне сүйенсе, бірі бұрын мүлде таныс емес орыс әдебиетіне сүйенді. Бірақ бұл екі бағыттың өкілдері де өздері нәр алған халық ауыз әдебиетінің заңдылықтарынан алшақтап кетпейді, кете алмайды. Бұл байланыс заңдылығын тек поэзияда емес, жаңа дамып келе жатқан проза, драматургиядан да көруге болады. М: Алғашқы қазақ романдарының бірі - Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романын қараңыз. Роман кейіпкерлері ертегі оқиғасының ізімен әрекет етеді. Ғайникамал сұлуға таласқан үш мырза - қыз қойған шартты орындау үшін ертегі әлеміне өтіп кетеді. Арғыннан шыққан Әділхан мырза бір сағатта қалаған жеріне жеткізетін бу шар - сахаб, Найманнан шыққан Мұқаш мырза дүниенің төрт бұрышын көре алатын трубка, керейден шыққан Сейітжан мырза өлген адамды тірілтетін сыбызғы сатып алуы, ғайыптан қыздың қайтыс болуы, оған үш мырзаның ұшып келіп, қайта тірілігі алуы осыған дәлел болса керек. Бірақ аталған туынды ертегі қалпында қалып қоймайды. Әрі қарай оқиға ғасыр басындағы қазақ өмірінің шынайы көрінісін суреттеп, басқа арнаға түседі.

Балқы Базардың «Айна-тарақ» дастаны - жоғарыда айтылған ертегінің өлеңмен қайта жырланған түрі. Дастан кейіпкерлері - ағайынды үш жігіт хан қызына ғашық болып, сыйлыққа үлкені айна, ортаншысы кілем және ең кішісі тарақ сатып алады. Хан қызының қайтыс болғанын айнамен көріп, кілеммен ұшып келіп, тарақпен тірілігі алады. Екі бағыттың өкілдері екенін айқындайтын детальдың бірі шығарма авторлары кейіпкерлеріне өздері іш тартатын елге сапар шеккізеді. Оқиға негізі бір ертегі болса да, Т.Жомартбаевтың мырзалары Европа елдеріне - Англияға, Германияға және Францияға сапар шегеді. Ал, Базар жырау:

«Базарлық алмақ үшін ғашығына,
Мырзалар аралапты Бұхар шәрін» - дейді.

Сөйтсе де екі автор да бір арнадан - фольклордан алыстамайды. Бұл арнаны қазақ драматургиясының тұңғыштарының бірінен саналатын М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасынан да байқауға болады. Бұлардан байқайтынымыз, әдеби шығармалар автордың еркінен тыс өз тарихи кезеңіндегі әдебиеттің даму заңдылығына бағынатыны.

Кітаби ақындар шығармалары сөз етілсе, Шығыс елестейтіні рас, бірақ бұлар да өз ұлтының перзенттері. Олардың шығармалары да қазақ әдебиетінің бір саласы болғандықтан, әдебиеттің дамуынан тыс кете алмайды. Ғалымдар кітаби қисса-дастандар деп атап жүрген жазба әдебиет үлгілерінен де фольклордың әсерін ашық байқауға болады. Тіпті, әдебиет пен фольклордың жігін ажыратуға келмейтін, біріне-бірі кірігіп кеткен туындылар осы кітаби ақындар шығармаларынан көптеп ұшырасады. «Қазақ қиссалары - ежелгі жазба әдебиет пен ауыз әдебиетінің дәстүрін қатар жалғастырған жанр»[59; 35.], - деген ғалым А.Қыраубаеваның сөзі бұл ақындар шығармаларының фольклормен байланысының тереңдігін аңғартып қана қоймай, жанрлық ерекше қырынан да хабар береді. Бұл байланысты бәрінен бір дәрежеде іздеуге болмайды. Бірінде фольклорлық суреттеулер басым көрініп жатса, бірінен жазба әдебиет белгілері басым көрінсін. Әрине, шеберлік деңгейлері де әр дәрежеде екенінде дау жоқ. Сөйтсе де, бұлар фольклорлық туынды емес. Белгілі автордың нәзира дәстүрінде қайта жырлаған өзінің төл туындысы. Бұл шығармалардың фольклорлық әдебиеттің басты шарты болып есептелетін варианттары да жоқ. Әсіресе, Ақылбек ақын өзі аударып, өзі жырлаған жырларын өз атынан Қазан қаласындағы ағайынды Каримовтар баспасынан кітап етіп шығарып отырған. Өзінің атын автор ретінде анық көрсетіп, қай жылы жазып біткендігін, қай нұсқаны алып отырғандығына дейін нақты көрсетіп, жазба әдеби дәстүрден ауытқымай жариялатқан. Бәрі кітап болып басылып шыққан. Оны фольклорлық туынды деуге мүлдем келмейді. Бұларды фольклорлық дастан емес, авторы белгілі жазба дәстүрлі кітаби жыр деген дұрыс болады.

Ежелгі жазба дәстүрі мен ұлттық бояуы шебер үндескен, фольклор мен жазба әдебиеттің сипаттары жымдаса үйлесім тапқан шығарманың бірі - Ақылбек Сабалұлы жырлаған – «Тахир-Зухра»

жыры. Луыз әдебиетінде көп кездесетін Хызыр бейнесінің кездесуін зерттеушілер жырдың фольклорлық сипаты дейтін сияқты. Патша мен уәзірге перзент сыйлап, олардың болашақ тағдырларын айтып беретін дәруіш - Хызыр бейнесі, біздің барлық фольклор шығармаларына тән бейне, осы жырда 3 рет кездеседі. Тахирге еш бір пенде көмек бере алмайтын тұстарда ғайыптан пайда болып, оны мақсатына жеткізетін Хызыр кәдімгі фольклордағы бейнелеуден еш айырмасы жоқ.

«Астында қара аты бар атлас киген,
Көзіне Тахир ердің желі тиген.
Баяғы жәрдем берген Хызыр баба,
Көз жасын бұл пахырдың тәңірім иген»
«Көзінді жұм дегенде жұмған екен,
Зухраның сарайына келіп қалды».
«Тахирға Хызыр келіп сәлем берді,
Сәлемін Тахир алып қабыл көрді.
Иншалла, құтыларсың бұл зынданнан,
Ей балам, жылама деп жауап берді».
«Ордаға әкеп салып Тахир ерді,
Ол Хызыр ғайып болып жүре берді»

немесе

көріп отырғанымыздай, ғайыптан пайда болып, көзді ашып-жұмғанша тілегін орындап және көзден ғайып боп отыратын мәңгілік кейіпкер Хызыр ғалайхиссалам сонау Низами, Науайы сынды түрік классиктерінің өлмес туындыларында қалай бейнеленсе, фольклорда да солай бейнеленіп келеді. Бұл дәстүрге Ақылбек Сабалұлы да еш өзгеріс енгізбестен, өз шығармасына кіргізеді. Бұл кейіпкер үшін жырды фольклорлық туынды деуге келмейді. Себебі, бұл кейіпкер - дін тарихында бар, пенделік өлім көрмеген төрт пайғамбардың бірі, атақты түрік классигі Низами шығармаларында дәл осылай суреттеледі. Ол үшін классиктердің жырларын фольклор деп есептемейді. Жырдың фольклорлық белгілеріне Тахирдің патша әскерімен жалғыз соғысатын тұстағы көріністерді де қосуға болады.

«Әскердің арыстандай кірді ішіне,
Жиылып, бәрекелді, келісіне!
Ұрып жүр жұдырығын шоқпар қылып,
Кез-келген шыдамады қол күшіне.
Төмпештеп ұрып жатыр жылдамдатып,

Манайына келе алмай жүр бір жан батып.
Соғысып олай-бұлай жүргенінде,
Қылышын біреуінің алды тартып.
Қылышты алғаннан соң қайраттанды,
Жалғыз өзі әскерге қырғын салды.
Қахарман мысалынша қырып жүріп,
Бір сағатта өлтірді жүз адамды»

Бұл суреттеуді фольклорлық әсірелеу әдісіне жатқызады. Бұдан басқа жады кемпірдің сиқыры арқылы патшаның Тахирге жау болуы да ертегілік мотивтерге алып кетеді. Бірақ осындай оқиғалар жазба әдебиетте де кездесетіні шындық. Еуропа әдебиетіндегі орта және кейінгі ғасырлардағы туындылардың барлығында ертегілік сарын да, қиял ғажайыптық оқиғалар да, құдайлар мен мифтік кейіпкерлер де кездеседі. Бірақ солардың барлығын жазба әдебиет деп қабылдайды. Ал қазақ әдебиетінің бұл түрлерін жазба әдебиетке жақындатпай аулақтата беретін құпиясы қазақ әдебиетінің мол мұрасын әдейі жоқ етіп көрсету емес пе екен деген ой мазалайды. Бұл жырдың фольклорлық туынды емес екенін айғақтайтын нақты дәлелдер де көбірек деуге болады. «Тахир-Зухра» жырының жазба әдебиет туындысы екеніне шүбә келтіруге болмайтындығына дәлелдерді іздеп көрейік. Біріншіден, жырдың тілі бұған дәлел бола алады. Жырда ғалым Б. Әбілқасымов «Орта Азиялық түркіге тән» сөздер «кітаби тіл» немесе «қазақтың көне жазба әдеби тілі» деп бағалайтын сөздік қорлары бастан аяқ үзілмей отырады. Шиғыр, мағшұқ, мехрбан, ғибрат, мехнат, т.б. сөздер осының дәлелі.

Екіншіден, жырды бастағанда да көне түркілік жазба әдебиетінің дәстүрімен Алланы, пайғамбарды мадақтаудан бастауы да жазба әдеби дәстүрдің белгісі.

Сюжетті фольклордан да, тарихи кітаптардан да ала беретіндігін, оны ақын өз атынан еркін жырлайтынын М.Әуезов, Тұрмағанбет ақын жырлаған «Шахнаманың», «Рүстем – Дастан» бөліміне жазған алғы сөзінде түсіндіреді: «XIX ғасырда қазақ ортасында көп жайылған шығыс аңыздарының өлеңге айналатын дәстүрін қолданған»³³; 59; 457.]. Кітаби ақындар жырлаған кітаби жырлар қазақ ақындары ұстанған әдеби жазба дәстүр болғандығын М.Әуезов жоғарыдағы сөзімен дәлелдейді. Ақылбек Сабалұлы шығармаларын, көбіне, өзі оқыған кітаптағы әңгімеден алып

отырғаны белгілі. Оны ақынның өзі де «Хикаятты қыса қылдым» деп жазады.

Кітаби ақындардың шығармашылықтарының тіліндегі «түркілік» дәстүр, бұл ақындардың жазба әдебиеттің өкілдері екендіктерін айғақтайды. М.Әуезовтің мына пікірі біздің ойымызды нақтылай түседі: «Абай отказался и от «тюрки» - этого условного литературного языка, характерного для общих по сюжету книжных произведений, начавших в эти годы сильно распространяться в виде многочисленных «хисса» - романов – дастанов»[60; 347.].

Кітаби ақындардың қай-қайсысында осы жалпы түркілік тіл молынан ұшырасып отырады. Жүсіпбек, Тұрмағамбет, Майлы қожа, Әріп Тәңірбергенов сынды осы атпен топтастырылып жүрген ақындар шығармаларынан көптеп кездестіруге болады. Ал Ақылбек Сабалұлының шығармалары да осы дәстүрден алыстамайды. Оның тілі қай оқиғаны жырлауына байланысты өзгеріп отырады. Егер қалалық өмірді сөз етсе, көбінесе, «түрки» сөздер көптеп ұшырасады. Ал, таза қазақ өмірінен алынған оқиға болса, таза қазақ тілімен көркем жырлайды. Діни тақырыпта болса, соған лайықты сөздер, терминдер көп ұшырасатыны заңды құбылыс деу керек.

Сонымен кітаби ақындар мұрасы - ұлтымыз тарихындағы белгілі кезеңдегі әдеби құбылыс. Олардан ауыз әдебиетінің де бар болмысын, суреттеу ерекшеліктерін, тілін, заңдылықтарын көруге болады, жазба әдебиеттің де ерекшеліктерін табуға болады. Суреттеулері фольклор заңдылығына жақын, сондықтан әдебиет тарихына енгізуге болмайды деген үзілді-кесілді пікір айту орынсыз болар еді.

Бұдан шығар қорытынды: XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында көптеп көрінген кітаби ақындар - жалпы түркі халықтарына ортақ көне жазба әдебиеттен ұлттық жазба әдебиетке өтер тұстағы қазақ әдебиетінің өтпелі кезеңіндегі ерекше түрі деп қарастырған жөн болар.

Ақылбек Сабалұлының сопылық бағыттағы жырлары

«Марғұба» жыры

Әлем халықтарында көп тараған сюжеттің бірі - адал жанға нақақ жала жабу, сол жаладан жазықсыз жапа шегу, соңында адалдықтың жеңіске жетуі. Ежелгі Египет әдебиетінің тарихында папирусқа жазылып қалған “Весткар ертегілері” деп аталып кеткен текстердің ішіндегі «Ағайынды екі жігіт туралы ертегі», Пайғамбарлар туралы әңгімелердегі Зылиханың Жүсіп пайғамбарға жала жауып, зынданға салдыратын оқиғасы, ежелгі грек әдебиетіндегі әулие Тезейдің әйелі Федраның өгей баласы Ипполитке ғашық болып, адал жанды жолдан тайдыра алмаған соң, әкесіне айтып жазалатуы, «Мың бір түн» ертегілеріндегі біраз әңгімелердің сюжеті осы оқиғаға негізделген. Осының өзі жоғарыдағы сюжеттің әлем әдебиетінде өте ертеден келе жатқанына дәлел болады. Түрік халықтарының әдебиетінде де бұл сюжет кең тараған. Өзбек әдебиетіндегі «Хуршидой», Н.Нысанбайұлы жырлаған «Сауда ишан» дастандары да осыған негізделген. Ата-анасы сеніп тапсырған ишанның сұлу қызға көзі түсіп, жолдан таймаған адал қызға жала жабуы, өлім жазасына бұйырылған (Хуршидой, Жанат) сұлулардың басынан өтетін ауыр оқиғалар, адалдықтың жеңіске жетуі - екі дастанның негізгі өзегі.

«Шәкір-Шәкірат» дастанындағы өгей шешесінің жаласынан өлімге кесілген Шәкір, Т.Ізтілеуов жырлаған «Рауа-Бану» дастанындағы жаланың құрбаны болған Рауа сұлу бұл оқиғаны түрленде жырлаудың көріністері болып шығады. Сюжет бір болғанмен әрбір ақын өз шығармасын өзіндік ерекшелігімен, өзіндік шеберлігімен жырлап «тың дастандар» жазады. Осы сарынға құрылған, өзінше тың дүние болып шыққан Ақылбек бин Сабалдың шығармалары: «Қисса и Марғұба», «Қырық уәзір» және «Хикмет-Нығметтің қиссасы». Бұлардың барлығында нәпсінің жетегіне ерген жандардың күнәлі іске адал жандарды тартуы, олар көнбеген соң қиянатқа баруы, қиянат көрген адал жанның көп ауыртпалықтардан соң бақытқа жетуі сөз болады.

«Марғұба» қиссасының түп негізі Ақылбек бин Сабал өзі көп айтатын «түркі кітаптың» бірі – «Қисас ул анбиядан» (Рафғузи қиссасынан) алынған деп жорамалдауға болады. Рафғузи

қиссасында бұл оқиға былай беріледі: «Бір кісінің сұлу әйелге көзі түседі. Әйелді алғысы келеді, әйел көнбейді. Еркек: «Егер көнбесең, куә табамын да, маған зина қылды, алдады деп қазыға алып барамын», - деп қорқытады. Әйел оған да көнбеген соң, әлгі кісі бірнеше кісіні куә кылып, әйелді алып, Дәуіттің алдына келеді. Арыз айтады. Дәуіт: «Куәң бар ма?» - дейді. Еркек куәларын көрсетеді. Олар қоштайды. Дәуіт әйелді жазаға бұйырады. Сонда Сүлеймен: «Ата, асықпай тұра тұр, мен куәлармен сөйлесейін», - дейді. Куәларды бір-бірлеп оңаша шақырып алып: «Бұл оқиға күндіз болды ма, кешке болды ма, сыртта ма, үйде ме?» - деп сұрайды. Біреуі күндіз, біреуі кешке, бірі сыртта, бірі үйде деп әрқайсысы әртүрлі жауап береді. Өтірік екенін содан білген Сүлеймен куәлармен арыз айта келген кісіні жазаға беріп, әйелді қоя бергізеді».

«Қисас ул анбия» кітабы XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басында Қазаннан, Ташкенттен кітап болып басылып шығып, Орта Азия мен Қазақстанға кеңінен тарайды. Ежелгі дәстүр бойынша, осындағы шағын хикаяларды кітаби ақындар өлеңмен қайта жырлап отырған. Бұған бір ғана XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің өзінен қаншама мысалдар табуға болады. 1889 жылы Қазандағы Университет баспасынан «Хикаят Марғұба хатын» (18 бет) кітап болып шығады. Ақылбек Сабалұлы осы хикаятты өлеңге айналдырып, дамытып қайта жырлаған. Ақылбек Сабалұлы жырлаған «Қисса и Марғұба» Қазандағы Каримовтар баспаханасынан 1911 жылы кітап болып басылып шығады. Көлемі 23 бет. Жоғарыдағы сюжетті негізге алған Ақылбек Сабалұлы өз дастанын сопылық ілімнің негізінде жырлап шыққан.

Сопылық ілімнің тереңдігін Низами, Фзули, Науайы шығармаларының құдыретімен түсіндірген белгілі шығыс зерттеушісі Е.С.Бертельстің мына пікірі назар аударарлық. «Низами ақын ғана емес, ұлы ойшыл. Оған жазу оңай болғандықтан жазды. Жазу үшін ғана жазған жоқ, осы бағытында оқырмандарына әсер ету үшін жазды»[61; 456.]. Шығыстың гуманист ағартушыларының осы мақсатын, яғни адам мінезін, қоғамды түзету үшін көркем әдебиетті үгіттеуге, насихаттауға, түсіндіруге құрал етіп пайдаланғанын XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басындағы кітаби ақындар әдеби бағыт етіп ұстанды. Бұл ақындар көбінше әдебиеттің көркемдік мақсаты - үгіт насихат құралы деп түсінген.

Сондықтан да шығармаларында осындай дидактикалық оқиғаларға баса назар аударады. Өлеңдерінің көркемдігінен гөрі, оқиғасының мазмұны басым әсер етеді. Міндетті түрде тәрбиелік әсері бар бір оқиғаны алып, соны өлеңмен сөйлеп береді. Ақылбек Сабалұлы өзі өмір сүрген кезеңде көптеген шешімін таппаған күрделі әлеуметтік мәселелер болып жатты. Осының бәріне қарсы тұрарлық құрал іздегенде, ақынның тапқаны - таза ілім, сопылық болып шыққанын көреміз. Бұл туралы тағы да Бертельске жүгінеміз: «Низами в какой-то мере были свойственны суфийские воззрения. Их отсутствие было бы странно, ибо в то время всякий прогрессивный человек именно в суфизме искал ответа мучившие его сомнения»[61; 448.]. Сопылық көзқарастың Низами заманында прогрессшіл білімді адамдар жоғын тапқан, солардың мұқтажына жауап берген бағалы ілім болғанына білікті ғалым назар аударады. Зерделі ақын Ақылбек те өз жоғын осы мөлдір бастаудан табады.

Дәл осыған ұқсас пікірді қазақ ғалымы Е.Ысмайыловтан да кездестіреміз. Атақты Ақан серінің сопылық жолға түсуін былай түсіндіреді: «Жауыздықтың қабындай беруінің түпкі тамыры қайда деген сұрақтарға жауап іздейді. Ол серілік жолды тастайды, әділдік, туралықты іздеп шарқ ұрады. Сондағы тапқаны - шығыс елінің ақындарының орта ғасырдан басталған әдеби философиялық ағымы сопылық жолға салынады»[62]. Бұл жалғыз ғана Ақан серіге қатысты айтылған қорытынды емес, сол тұстағы көптеген ақындардың басындағы психологиялық хал деуге болады. Бұл пікірді Идрис Шах өз кітабында былай түсіндіреді: «Однако целью поэта - влюбленного мага в суфизме является не только растворение в сиянии истины, которую он постигает. Истина преображает его, и в результате этого он приобретает социальную функцию - указать людям то направление, в котором они нуждаются, чтобы достичь завершенности»[49; 358.].

Ақылбек ақын заманы қазақ ұлты үшін өте ауыр кезең болғанын ол өмір сүрген кезеңге көз жіберген жан түсінеді. Сан түрлі сананы жеген ауыр көріністерді көрген ақын өз дәуірін «Сұм заман» деп атағаны да сондықтан. Ақын көріп қана қоймай, осы мәселелердің себебі мен салдарын зерттеп, содан шығар жол көрсетуге әрекет ететіні белгілі. Ақын өзі терең таныған әдеби философиялық сопылық жолдан бар керегін тапқандай болады.

Сопылық ағымның түрік халықтары әдебиетінде негізін

салушы - Қ.А.Ясауидың негізгі ойларымен Ақылбек Сабалұлы жақсы таныс екендігін «Тахир-Зухра» жырын бастаған сөздерінен көруге болады:

“Бисимилла мен сөйлейін патша құдай,
Біз ғасы бенделерде көп қой күнә.
Қыл көпір қияметтен өтерінде,
Болады заманымыз әлде қалай.
Екінші жәрдем берсін пайғамбарым,
Шапағат қыл үмметіңнің хәммаларын.
...Не болам бір күндерде тіл байланса,
Алуға ажал өлім ыңғайланса» - деген сөздері

Қ.А.Ясауидің хикметтеріндегі

«-Ей, достарым, өлсем мен, білмеймін, халім не болар,
Көрге кіріп жатсам мен, білмеймін, халім не болар»[63;

119].

немесе

«Өмірім ақыр болғанда, не қылғаймын, құдай-а,
Жан алушы келгенде, не қылғаймын, құдай-а»[63; 58].

деген жолдармен үндесіп жатыр.

Немесе Тахирдың зынданда жатып өзін-өзі жұбатқан сөздері Қ.А.Ясауидың ойымен де, өлең құрылысымен де өте жақын келеді:

«Мехнат өтіп ғаріпке,
Рахат бігер күн болар.
Қайғы берген Алламыз,
Алса керек, иншалла.
Айыра білген Алламыз,
Қосса керек, иншалла.
Қасірет берген иеміз,
Шаттық берер, иншалла.
Әр михнатқа бір рахат,
Болса керек, иншалла»[52; 211].

Ақылбек Сабалұлының барлық шығармаларында осы сопылық ілімнің қағидалары терең көрініс табады. Бірінде тереңірек, бірінде азырақ. «Тахир-Зухра» жырында Низами, Фзули, Науайы дәстүрлерімен ғашық болып дүниеге келген ерекше жандардың бір-біріне ынтық сезімі арқылы берілген софылық таным «Қисса-и Марғұбада» жазықсыз жазаланған адал жанның басынан кешкен азапты өмірі арқылы беріледі. Сопылық ілімнің

негізгі принциптері: ғаріпшілдік, көрген қиындыққа шүкірлік ету, нәпсіні қанағатпен тыйып ұстау, Алланың қаһарынан қорқып, рахымынан үмітін үзбеу, бұ дүниенің бар қызығын ахыретке айыр бастау, яғни, рухани тазару, сол арқылы жаратушыға жақындау. Жоғарыдағы принциптерге бағынып, бұл жолға түскен адам адалдықтан ауытқымайтыны хақ. Ондай жандарға сырттан бақылаудың қажеті жоқ. Әр ісі өз арының бақылауында. Бұл - моральдік азғындықтан сақтайтын ең бір сенімді жол. Идеялық ұстанған бағыты жағынан гуманист ағартушы болып келетін кітаби ақындардың қай-қайсысы болса да өздерінің жандарына жақын осы сопылық ілімді насихаттауы сондықтан. Жолындағының бәрін топан судай жалмап отаршыл үкіметтің сұрқия саясаты, капитализмнің қатал даму заңдылықтары қазақ қоғамына өктемдікпен кіріп, қаймағы бұзылмаған сана шайқалып, ізгілік атаулы күнкөрістің көлеңкесіне ығысып кеткен тұста, кітаби ақындар қоғамды моральдік азғындаудан сақтап қалатын бірден-бір жол деп осы сопылық ілімді қайта жаңғыртқан сияқты. Бұны құрғақ насихаттамай, халық көңілін сендіріп, көзіне көрсеткендей етіп күрделі оқиғалы эпикалық жырлармен баяндаған. Сопылықтың бар принциптерін кейіпкердің басына түскен әртүрлі қиындықтар арқылы талдап көрсетіп отырады. Ақылбек Сабалұлының «Қисса Марғұба» жыры идеялық жағынан осы ілімді насихаттауға негізделген. Сондықтан біз бұл шығарманың мазмұнын емес, осы ілімнің қалай берілгендігіне тоқталмақпыз. Автор кейіпкерлерін таныстырғаннан-ақ осы сопылық көзқарастан хабар береді:

«Бар екен бір қатыны Марғұба атты,
Бек көркем болғанда нұр сипатты.
Ораза, намаз оқыды кеше, күндіз,
Шықпайтын ер әмірінен асыл затты».

немесе:

«Сопы екен Мұратсалих дінін күткен,
Хәр бенде ықыласпен хаққа жеткен».

Сопылық әдебиеттің терминдерін өте көп пайдаланады: ғаріп, көңілінен тауип қашып, шайтан кірді, ақырда қуанармын, Мұнша бейнет бергенге шүкір етті, жүз мың шүкір қылайын хәр не салса, ақыретке сатайын жалғанымды, Тәуба қылдым, Рахметіңнен үмітім үзбен, дін жолында михнат тартты, т.б. сөздер мен сөз тіркестері сопылық әдебиетте көп ұшырасатынын ешкім жоққа шығармайды.

«Артық тамақ ішпейді, ұйықтамайды,

Дүниені ахиретке сатты дейді».

«Мұсылман иман табар нәпсін тыйса».

«Тәңірі бенде тілеуін бермей қоймас,

Халал ниет жолында жанын қиса», - деген сөздер жырдың өн бойында кейіпкерін сомдау үстінде ұшырасып отырады. Кейіпкері Мұрадсалихтың хаж сапарына аттануы да осы ілімнен хабар береді.

Хаж сапарына кеткен Мұрадсалих әйелі Марғұбаны өз інісіне аманат етіп кетеді. Таза жолдағы адамдардың көп қайғыға ұшырауы, әдетте, жолдан тайған, құдайдан қорықпайтын залым пенделерлің кесірінен болады. Марғұбаның да басына қиындық әкелетін - өздері сенген, жақын адамы болып шығады. Осы кезде Марғұба адалдық жолындағы пенде ғана емес, адалдық үшін күрескер дәрежесіне көтеріледі. Марғұбаның сұлулығына қызығып, нәпсісін тия алмаған қайнысына иман шарапатына бөленген сұлу асқан сабырлылықпен, білімділікпен жауап береді:

«Тапсырды аманат деп сізге бізді,

Бұл ниет мұсылманға жаман деді.

Құдайдан қорық, пайғамбардан ұялыңыз,

Мұндай сөз есіттірмеңіз маған деді».

Қайнысын сабырғы шақырып, арамдық ойлатып тұрған шайтанның ісі екенін ескертіп, тәубаға келуге көмек жасағысы келеді. Адамды кінәлаудан ойы аулақ. Пенденің жолдан таюына оның нәпсісін қозғаған шайтанды жазғырып, шайтан жолынан адалдық жолына түсуге үгіттейді, адасқан пендені түзу жолға салғысы келеді. Ісіне қарап, бірден баға беретін, кесімді өкім айта жөнелетін бізден Марғұба сұлудың артықшылығы да оның жүрегіне орнаған таза сопылық ілімнің әсері екеніне көзіңіз жетеді.

«Көңіліңе сенің шайтан кірген шығар,

Нәпсіңді теріс бұзып тұрған шығар.

Тоба қыл, бұл ниетің жаман болып,

Сырынды Тәңірің біліп тұрған шығар.

Құдайдан қорық, ұялыңыз адамзаттан,

Тоба қыл, қайын жаным, бұл ниеттен.

Періштеге береміз не деп жауап?

Ынсапсыз, қорықпаймысың ахиреттен».

Өзі сенген ақ жол Марғұбаны еш адастырмайды. Өзі де сенеді, өзгені де сендіруге күш салады. Нәпсің қозғалса - қанағат қыл, қиындық көрсең шүкірлік ет, жаман ойынды өзгеден жасырсаң да Тәңірден жасыра алмайсың, тобаңа кел. Істеген ісіңе ахыретте жауап берер күн туады. Сол күндерді ұмытпа. Періште келіп істеген ісіңе жауап сұрар кез келер, бұл өмірдегі бар іс әрекетіңмен соған дайын бол. Аз ғана күнгі тірлігіңді мәңгілік деп септеме, шайтан жолына еріп, азғындама. Марғұбаның бар іс-әрекеті, міне, осыны насихаттайды. Қайнысы зина жасауға шақырып, оны істеуден бас тартқан адал Марғұбаға, зина жасаған әйелге кесілетін шарифаттың «тас боран» жазасы бұйырылады. Адалдығын дәлелдей алмай, ақша үшін жанын беріп куә болған жандардың, нәпсі үшін адамдықты аяққа басып, ол ойы іске аспағанда, өзіне келер сөзден қорқып, кісі өлтіруге шімірікпей бара алатын қара ниет қайнысының жапқан жаласының құрбаны болған Марғұба аузынан ешбір қарғыс, тағдырына нала естілмейді. Керісінше, адам баласының төзім, сенімі сынға түскен қиын сәттерде, өзі ұстанған жолдың туралығына бар жанымен сенген жандарда ғана болатын рухани мықтылық, дәруіштердің сипаты көрініс береді. Қанша қиналып тұрса да, Алланың рахымынан ғана үміт етеді. Нәпсі жолына түсіп, арамдық жасаған жанды – «надан» дейді. Көңіліне сәуле түспеген, адал жолды көрмейтін жандарға көкірегі ояу, таза іліммен сусындаған Марғұба биіктен қарайтындай.

«Жалғыз қайным жөн білмей, болды надан», - деп қайнысының адам айтқысыз жауыздыққа баруын - надандықтан, көзін ашып, көңіліне сәуле түсіріп тұратын құдай жолын үйрететін білімнен махрұм қалғандығынан деп түсінеді. Сондықтан одан артық оған еш сөз шығындамайды. Жәрдем берер жалғыз жаратушы ғана екеніне нық сенеді. Тарихаттан (Ислам тарихынан) мысалдар келтіріп, Алланың жақсылығын нық сеніммен күтеді. Басына түскен бейнетке шүкірлік етеді.

«Біз түгіл пайғамбарлар құлын болған,
Жүз мың шүкір қылайын хәр не салса».
... Құдайа өзі маған бермес пе екен,
Ақыретке сатайын жалғанымды.
Үмітім көп, құдайа, сенен дейді,
Тәуба қылдым, қабыл қыл менен дейді.
Бұл бейнеттен ғаріпке халастық бер,

Рахметіңнен үмітім үзбей дейді».

Тас астында өлім аузында жатқан Марғұбаның өзінің адалдығына, Алланың рахымдылығына соншалықты сенімі, шындығында, адамды таң қалдырады.

Тас астынан аршып алған жігіттің көңілі ауғанда да, қарсы қояр құралы - шариғат заңы, Алла жолы.

«... Сақта деген қатынға ер аманатын,
Бір қатынға екі ер дұрыс па екен?
Ұялыңыз пайғамбардың шариғатын».

Шариғат жолына мойынсұнған жан, Марғұбаға қиянат жасауға құдайдан қорқады. Адалдық, парасаттылық салтанат құрады.

Марғұбаның көрер қиындығы жалғаса береді. Өйткені автор өз кейіпкерін, дәруіштер көрсер қиындықтардан өткеріп, ғаріпшілдіктің ауыр сынынан соң ғана өзі күткен Алланың мейірімімен мақсатқа жеткізуге тиіс. Шығарма композициясы осындай шебер шиеленістерге құрылған.

Үйіне паналатып, қияметтік қарындас қылған жігіттің інісі Марғұбаға «ғашық» болады. Тағы да Марғұбаның тыныштығы бұзылады. Сол, өзі пір тұтатын адалдық жолына шақырып, нәпсіге бой алдырып, еліріп алған жігітке былай дейді:

«Тәуба қыл, күнахлі іске мойын қойма,
Тәуба қыл, жақсы ниет көңіліңе алып,
Мен басымды тәңірге тапсырғанмын,
Дүниеде зина қылман білсең анық».

Надан жан әйел айтқан сөзге қатты ашуланады. Бәле салып масқара етіп өлтірмекті ойлайды.

«Көрсетіп бұл қатынға бір бәлені,
Бұған мен жігіттігім білдірейін».

Адал жанға жала жауып қиянат іске баруды «жігіттік» деп түсінеді. Залым жігіт шімірікпестен өз бауырының жалғыз перзентін өлтіріп, жаласын Марғұбаға жабады.

Айта кететін бір жәйт, бұл «ғашықтар» ақын өзі қастерлеген, Алла сыйлаған қасиетті сезімнің иелері емес. Қ.А.Ясауи айтатын «жалған ғашықтар» екенін көрсетіп отырады. Олардың «ғашықтығы» нәпсіқұмарлық. Нәпсіқұмарлық пен мөлдір сезім, адам жанын «жуып, шәйіп тұратын» таза ғашықтықтың арасы күн мен түндей. Бірі үшін бірі жанын қиған Тахир мен Зухра, Бозжігіт пен Хануза сезімі күндей алаулап, ол жандарды тек адалдыққа,

биіктікке көтерсе, Марғұбаға кезіккен «ғашықтар» түндей түнеріп, өздері «ғашық» болған күнәсіз бейшараның басына небір қиямет-қайымды еш шімірікпей орната салады. Олардың жүрегінде Алланың нұрымен құйылған адал сезім емес, шайтан салған күнәхар, лас пиғыл ғана бар. Шайтан азғыруымен бар ақылын нәпсіні тояттандыруға ғана жұмсайтын жандардың ісін, шындығында, «надандық» дегеннен басқа сөзбен түсіндіру мүмкін емес. Марғұба сұлуға «ғашық» болып жүргендер

«Ғашықтық, құмарлықпен - ол сікі жол,

Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол»[64; 119.], деп ұлы Абай түсіндірген екінші жолды ұстағандар. Олардың жүрегінде адалдық жоқ, адалдық жоқ жерде пәк сезім де болмайтыны түсінікті. Шын ғашықтар өздері қиналса да, ғашығының амандығын тілейді, Абай айтқанындай: «Мен не болсам болайын, сен аман бол», - деген тілекпен күн кешеді. Ал, надандар өздерінің қолы жетпеген асылды отқа жағудан, суға батырудан, көрге көмуден еш шімірікпейді. «Марғұба» жырында да осылай болады. Сұлуға «ғашық» болған қайнысы жұрт алдында масқаралап, өлім жазасын сыйласа, келесі «ғашығы» жазықсыз сәбиді шімірікпей өлтіріп, сәби өлімінің жаласын жабады. 400 теңге қарызын өтей алмай дарға асылып тұрған жігітті сопылық жолдағы Марғұба бар ақшасын төлеп, өлімнен құтқарып қалғанда, ол да «ғашық» болады. Тілегін қабылдамағандықтан, ойланбастан арада қасқағым сәт өтпей-ақ, күңім еді деп кемедегі керуенге сатады. Міне, «ғашық» жандардың іс-әрекеті. Зина қылсаң - ғашықтықты түсінгенің, зина қылмасаң - өлім. Ақылбек Сабалұлы осы бір надан жандардың «ғашық» деген қасиетті сөзді арамдаушы екенін кеңірек суреттейді. Ақынның түсінуінше, кіршіксіз сезім - таза, адал жүректерде ғана орын тебе алатын қасиетті нәрсе. Ол нәпсіні ғана қанағаттандыратын қара дүрсіндіктен әлдеқайда жоғары, нәпсінің құлы - жауыз. Жоғарыдағы ғашықтар - нәпсіқұмарлар, кісі өлтіргіш жауыздар. Марғұбаның басына сан түрлі қайғы салатын жауыздар - осы «жалған ғашықтар». Қамқорлықсыз қалған, қара ниеттілермен жалғыз күресіп жүрген Марғұба адалдығынан таймайды. Өліммен қорқытқан надандарға

«Өлсем жақын болармын құдайыма,

Өлгенде иман берсін маған дейді», - деп парасаттылықпен жауап береді. Зина қылып, лас өмір сүргеннен ақ

адал өлімнің өзі жақсы. Іштей тазару арқылы, жаратушының дидарын көру - бұл да ақын насихаттап отырған ілімнің принципі. Надандар тек көз алдындағыны ғана бағалай алады. Жүрегін тазартып тұратын сенімді ілім жоқ ол бейшара жандарда.

Ахыретті түсінуге, Алла құдіретін ұғынуға шынайы ғашықтық сезімнің мөлдір адалдығын сезінуге олардың ой-өрістері, білімдері жетпейді. Айналасы осындай жандарға толған ғаріп жанға қол ұшын созар бір қасиетті жан табылмағанда, әйелдің үміт етері - тек Алланың рахымы. Оның өлімнен емес, залым жандардан жаны қорқады.

«Зинамен дүниеде әуре қылып,
Шерменде мақшар күнде қылма мені».
«Жанымды алсаң, айырма иманымнан,
Халал жолға жанымды қиғанымнан.
Зинаменен дүниеде әуре етіп,
Мақшарда махрұм қылма дидарыңнан,
Құдайымнан болмаса ақыр себеп,

Адамнан еш шафқат болмайды енді» - деген сөздер арқылы Марғұбаның дүниетанымы көрініс береді. Қанша бейнет көрсе де ақ жолынан таймаған пендесіне ақыр Алланың рахымы түседі де, жауыз жандар қаһарына ұшырайды. Рахымы түскен пендесін Алла сопы патшаға жолықтырады:

«Өзі сопы падишам ғадыл екен,
Есіркеп жас алады көздеріне».

Осыдан бастап Марғұбаның бір жола сопылық жолды қууына толық мүмкіндік туады. Көп азаптардан кейін, пенделердің бұ дүниелік қызығынан қашып, тек Аллаға мінәжат оқып, түнде ұйықтамай, күндіз тоя тамақ ішпей оңаша үйде жатқан Марғұбаны сипаттағанда ақынның Қ.А.Ясауи жолымен жүріп отырғаны анық көзге ұрады.

«Дін жолында михнат тартты дейді,
Артық тамақ ішпейді, ұйықтамайды.
Дүниені ахыретке сатты дейді,
Мұсылман иман табар нәпсін тыйса,
Дүниеде ізгілік, сауап жиса.
Тәңірі бенде тілеуін бермей қоймас,
Халал ниет жолыңда жанын қиса».

Адал ниеттен таймаған, көп бейнет шегіп шүкірлігінен қайтпаған Марғұбаға Алла мейірімі түседі. Кереметті жанға айналады. Марғұбаның ерекше қасиетке ие болуы Алланың мейірімі түсуі деп түсіндіреді ақын.

«Хәр кімге дұға қылса қабыл болды,

Құдай берді қатынға кереметті»

«Дұғасын тәңірім қабыл қылады екен» -

деген сөздері осыны дәлелдейді. Көп миқнат шегіп, ақ жолынан танбаған адал жанға Алланың шапағаты төгілсе, рахымы түссе, пендешіліктен жоғарылап, шынайы бақытқа қолы жетпек. Сопылық ілімнің түсіндірері қарапайым тілмен айтсақ, осы болмақ. Марғұбаның қасиетті ерекше кереметті жанға айналуын ақын осылай түсіндіреді.

«Ақсақ келіп бата алса, аяқ бітті,

Саңырау келіп бата алса, құлақ бітті.

Жарлы келіп бата алса, малды болып,

Қатынның талай жерге даңқы кетті.

Соқыр келіп бата алса, көзді болды,

Тілсіз келіп бата алса, сөзді болды».

Адал жанға Алланың рахымы болса, жазықсыз жанды азапқа салған, нәпсінің құлы болған, ахыретін ойламаған пенделерге Алланың қаһары бар. Оны да ұмытуға болмайды. Қ.А.Ясауидің сөзімен айтқанда:

«Қаһар атты қаһарыңнан қорқып жылар Қожа Ахмет,

Рахман атты рахымыңнан үміт тұтар Қожа Ахмет»[63;

15.].

Алланың рахымы түскен Марғұба қамқор патшаға жолығып, керемет қасиетке, ен дәулетке ие болып, халық арасына даңқы кеткен уақытта, залым жандарға Алланың қаһары да келіп жетеді. Ақын бұны былай береді:

«Баршаға ғадыл болған құдайыңыз,

Не қылса шыда алдына келмей қоймас.

Күнінде келмейді деп асықпаңыз,

Келмей қоймас жақсылық қылсаңдағы.

Жер жүзіне падиша болсаңдағы,

Дүниеде алдына бір келтірер,

Жаман ниет жолменен жүрсендағы»[65; 21.].

Әділ қазы құдайдың пенделерінің іс-әрекетіне қарай рахымы мен қаһарын көрсетер тұсы - жырдағы композициялық шиеленістердің шешімі болып шығады.

«Марғұбаға өтірік бәле салған,
Жігіттің соқыр болды екі көзі»[65; 21.].

Бұл бірінші қаһардың көрінісі, екінші, Марғұбаға сәби өлтірді деп жала жапқан жігіт аяқ-қолынан айрылып жатыр екен, үшінші жігіт те ауырып, бұлармен жолдас болып, Марғұбаның алдына барады. Сонша азапқа салған жандар алдына келгенде де, жүрегіне Алланың нұры құйылып, рухы тазаланып тұрған Марғұба, залымдарды тәубасына түсіріп, кешірім береді. Бұл да сопылардың, жаны таза жандардың ғана қолынан келер іс екені анық.

«Аллаға бұлар тәуба қылысын дейді,
Жаман ниет көңілінен қалсын дейді.
Тәуба қып қайтқан адам сауап табар,
Мен батамды берейін алсын дейді»[65; 22.].

Сопылық ілімнен нәр алған жанның мақсаты – жамандыққа жақсылықпен жауап беру, қолынан келсе кек алу емес; адасқан жанның жүрегін тазарту, істеген ісіне шын ниетімен өкіндіру, сол арқылы адалдыққа қайта оралту, жүрек түкпіріндегі шын асылды мойындату. Міне, Марғұба осылай әрекет етеді. Өзіне соншалықты, адам төзгісіз, қиянат жасаған жандар алдына мүсәпір халде өзінен дерттеріне шипа тілеп келгендерінде, сұлу оларды өздеріне-өздерін жазалатады. Ешкімнің зорлығынсыз өздері істеген қиянаттарын өздеріне мойындатады. Ажалдан қорыққан бейшара, надан жандар өздері Марғұбаға істеген қиянаттарын өз ауыздарымен айтып береді. Естіген жанның бәрі қараниет жандарға лагнет айтады. Сол қиянаттың бәрін көтерген, адал жолдан таймаған әйел өзі екенін сол жерде жариялап, адалдықты пір тұтқан қасиетті ару өз абыройын орнына келтіреді. Ниеті адал, көңілі таза жандарға осылай бақ қонады. Қоғамды рухани тазарту жолы деп, сонау Қ.А.Ясауи бабамыздың бастау алған сопылық ілімнің дидактикалық қасиетін Ақылбек Сабалұлы осылай бір кейіпкердің басынан өткен оқиғасымен баяндап шығады. Өзінің ағартушылық мақсатын ашық айтып отырады.

«Бақ берген Марғұбаға патша құдай,
Жанның бәрі ескерсін мұнан былай.
Адамзат өз көңілінен күнә табар,

Құданың күдіреті бәрі осылай»[65; 23.] - деп, жалпы адам көңілінің тазалығын - қоғам тазалығының бастауы деп түсіндіретінін де, әсіресе, әйел затының адалдығына мән беретінінен де ақын хабар береді:

«Бұзылған ғайалдарға ғибрат үшін,

Қатынның қиса қылдым хикаятын»[65; 23.].

Осы шығармасы арқылы халық көңіліне адалдық, әділдік, мейірім ұрығын сепкісі келеді. Алла жолына адал, мейірімді, жомарт бола білген адам ағартушы-гуманистер армандаған кемел адам болып шығатыны ақиқат. Демек сопылық ілімді насихаттаудың өзі - ағартушылық идеясын насихаттау болып шығады. Софылардың қатты күрескен нәрсесі - адамның жеңуі қиын қауіпті жауы, өз нәпсісі. Жырда нәпсіні жеңу жолы көрсетіледі. Бұл көкіректерінде адалдықтың нұры жоқ, нәпсінің лас құмарлығына салынған надан жандар мен софылық ілімді терең меңгерген Марғұбаның күресі арқылы берілген. Софылық ілімнің ғажап тазалығы, сыпайы әдеті, терең білімі бұл жырдың құндылығын арттыра түскен. Ақын қоғам тазару үшін әйел затының таза болуы, некеге адал, аллаға құл болуы шарт екенін ұғындырады.

«Қырық уәзір» жыры.

Ақылбек Сабалұлының ең көлемді туындысы – «Қырық уәзір». Қазаннан шыққан басылымының көрсеткішінде 342 бет делінген[66]. Қытайдағы «Ұлттар баспасынан» шыққан жинақта көлемі - 565 бет.

Ақын өзі бұл туралы «Қисса и Марғұбада»:

«Қырық уәзір» қиссасымен он бір еді.

Он екі болып тұрсын мұныменен»,- деп ескертеді.

«Қырық уәзір» қиссасында жаман қатын,

Марғұбаның, міне, ссітің шарапатын»[65; 23.], -

деп мазмұнынан да хабардар етеді. Бұл жыр туралы жоғарыда айтқанымыздай, С.Мұқановтың «Халық мұрасы» еңбегінде аздап сөз болады: «Қазақ тілінде «Қырық уәзір» аталатын өлеңмен жазылған қалың кітап та болды, оны аударып, шығарушы ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Қарқаралы өлкесінде жасаған қазақ ақыны Ақылбек Сабалұлы болған. Бұл алғаш «Араб

халифаты» кейін «Ислам немесе Түркия халифаты» аталған мемлекеттің басқарушыларын сипаттауға арналған»[3;142.],- дейді жазушы.

Қығайдағы «Ұлттар баспасынан» шыққан кітапта құрастырушы берген мынадай мәлімет бар: «Ақылбек Сабалұлы жазып, 1905 ж. Қазан қаласында басылған шағатай тіліндегі өлең нұсқасы мен татарша ертегі нұсқасынан реттеп аударылды»[9; 465.]. Бұдан білеріміз, «Қырық уәзірдің» негізгі оқиғасы 1905 жылы кітап болып жарияланған және шағатай, татар тілдерінде қолжазба және ауызша таралған туынды. Осы оқиғаны өзінше жырлап, қазақ оқырмандарына ұсынған - ақын Ақылбек бин Сабал. Ал, оның қай нұсқаны аударғанын, оны қаншалықты өзінше өзгерткен, өзгертпегенін зерттеу келешектің жұмысы деп ойлаймыз. «Қырық уәзір» қиссасының оқиғасы туралы ғалым А. Қыраубаева былай дейді: «Әдебиетімізде «Бақтиярдың қырық бұтағы» атты топтама қисса-дастандар да бар. Қытайдағы қазақтар арасында көбірек сақталған. Оған жататындар «Бақтиярдың зары», «Қырық уәзір», «Шеризат», «Дастархан», «Жамсап», «Шәкір-Шәкірат», кейде: «Ағаш ат», «Жаһанша», «Әмір-зада», «Алтын балық», «Хасен-Мәлике», «Атымтай-Жомарт», «Шахраман», «Шәмсия», «Темір таяқ», Қырық бұтақ - Азат бақыт патшаның ұлы Бақтиярдың өлімнен құтылу үшін айтқан қырық күнгі әңгімесі»[14; 52.].

«Қырық уәзір» қиссасының оқиғасы «Мың бір түн» ертегілеріндегі «Жеті уәзір, бір кәнизак туралы» дейтін ұзақ әңгімемен және «Тоты-намадағы» «Жеті уәзір» әңгімелерімен сарындас. «Мың бір түнде» Кәнизәк хан ұлына жала жауып, хан өз ұлын өлімге бұйырғанда, ханзадаға жеті уәзір ара түсіп, хан ашуын басатындай ғибратты әңгімелер айтады. Соған қарсы Кәнизәктің әңгімелері беріледі. «Қырық уәзірде» де өгей шеше хан ұлына жала жауып, 40 уәзір күніне біреуі өлімге ара түсіп отырады. Ханзаданың өміріне ара түсетін екі шығармада да тағы бір ғазиз жан бар. Ол - баланың ұстазы, ғалым. Екі шығармада да ханзада /40 күн, жеті күн ішінде/ сөз сөйлесе қатерге ұрынады деген болжам айтылады. Осы уақыт ішінде ұстаз шәкіртін сөз сөйлетпей қатаң бақылап отырады. Мерзімді уақыт біткенде бар түйін шешіліп, ханзаданың адалдығы дәлелденіп, жалақор аяр әйел жазаға тартылады. Шығарма сырт құрылысы - композициясы жағынан

ғана ұқсас деуге болады. Әйел мен уәзірлер айтқан әңгімелер сырттай тұтас бір туынды, ғажап жыр боп шыққан. Ал, іштей айтылған оқиға мазмұндарына қарап, шығарма қамтитын уақытты да, мекенді де тап басып айту қиын. Мысалы шығармадағы оқиғалар Мысыр, Бағдад, Кония, Кабул қалаларында, араб, үндістан, түрік жерлерінде, тіпті, перілер елінде болғандығы айтылады. Атақты ел басқарушылар - һарон Рашид, Махмұт сұлтан туралы, әлемге танымал ғалымдар Әбу Ғали Ибн Сина жайлы, Лұқпан хакім туралы, пайғамбарлар туралы, т.б. әңгімелер әлемнің сан түкпіріне, сан ғасырларға алып кетеді. Және бұл хикаялардың айтары сан алуан. Бірінде өнерді, бірінде мейірімділікті, енді бірінде әділдікті, адалдықты, жомарттықты, о дүниені, Алланың құдыретін, ел басқарған кемеңгерлерді, бала тәрбиесін т.б. сөз етіп отырады. Композицияның ішкі шымырлығы сонда - сан алуан тақырыпты, сан ғасырларда өткен ерекше жандардың өмірін мысалға ала отырып, уәзірлер өз хикаяларын әйелдің опасыздығын, нәпсіқұмарлығын, мекерлігін дәлелдеуге арнайды, соған мысал үшін келтіреді. Небір ел билеген әділ патшалар, Алла сыйлаған қасиеті бар ерекше жандар, ғалымдар мен данышпандар, тіпті көктен түскен періштелер бәрі де айлакер әйелдің қулығынан құтыла алмаған.

«Дүниеде қанша пәле, соның бәрі,

Болады қырсығынан катындардың»[9;7.]

деген бас уәзірдің сөзін дәлелдеп, бір қорытынды жасап отырады. Ал, әйел бар әңгімелерін бұған қарсы ойға құрып, баланың әкеге жаулық жасайтынын түсіндіреді. Бар әңгімесі соны дәлелдеп отырады. Қиссаны құрайтын 90-ға жуық әңгіме осы мақсаттан бір ауытқымай, шығарманың сыртқы тұтастығын қатаң сақтап отырады.

Қиссаның ішіндегі сөз болған мәселелерге тоқталу үшін, шартты болса да, хикаяларды мазмұнына қарай іштей мынадай тақырыпшаларға бөліп айтқанды жөн көрдік.

1. Тарихи аңыздар.
2. Діни әпсаналар.
3. Тәрбиелік, дидактикалық аңыз, мысалдар.
4. Кемел мемлекет басшылары туралы.
5. Қиял-ғажайып ертегілік сарындары.

Тарихи аңыздарға құрылған әңгімелердің кейіпкерлері аты аңызға айналған ел басқарушылар мен ғалымдар. Бұған 9-уәзірдің «Нарон Рашид пен қария», 12-уәзірдің «Махмұт сұлтан мен уәзірі Айас туралы», 16-уәзірдің «Махмұт сұлтан хикаяты», 36-уәзірдің Конианың әділ сұлтаны Ғалалиддин туралы, әйелдің айтқан 20-әңгімесіндегі «Хамун халифа айтқан өсиеті», 15-әңгімесінде «Лұқпан хакім туралы», 16-әңгімесінде «Сократ, Апплатонның өсиеттері», 28-әңгімесінде Әбуғали Синаның аңызға айналған, дұғамен бүкіл жәндіктерді де бағындырған кереметін сөз ететін әңгімелерін жатқызуға болады.

Шығармада дін тарихынан, заңынан, пайғамбарлар өмірінен алынған әпсана - әңгімелерге көп орын берілген. Мұхаммед пайғамбардың мифраж сапары, оған сенбеген патшаға кереметін көрсеткен шайқы туралы бас уәзір, Мұса пайғамбардың дін жолындағы күресін «Бәлғам-Бағур» хикаятын айтқан 4-уәзір, Қыдыр пайғамбар туралы айтылған әйелдің 4-хикаясы мен 5-уәзірдің Қыдыр мен Мұса пайғамбарлар туралы, әйелдің 29-хикаясы, Ғайса пайғамбар туралы айтатын 6-уәзір әңгімесі, дін жолында тек ғибадатпен жүз жыл отырған Бәрсиса деген молданы жолдан тайдырған шайтан туралы әйелдің 11-хикаясы, құрбандықа шалған малының қасиетіне қарай сол мінездес ұлды /қой сойғанда - жуас, жылқы сойғанда - әрі батыр, әрі ғалым, қашыр сойғанда - әрі ку, әрі залым/ болған патша туралы әйелдің 13-хикаясы, Адам кейпінде жерге түсіп, мәңгілік жазаға кесілген періштелер - Харут пен Марут туралы, Пайғамбардың білімді сахабасы - Халиттың кәпір ғұламасымен білім жарыстырып, ғылымының күшті де берік екенін дәлелдеп шыққанын айтатын 25-уәзірдің хикаясы, 17, 37-уәзірлер әңгімелері, Нұх пайғамбар туралы әйелдің 21-хикаясы мен 38-уәзірдің сөзі осы топты құрайды. Бұл топқа және пайғамбар өсиеттерін, иман, мұсылмандық парыз, заманақыр, надандық, жаһаннам туралы терек сөз болатын 11, 22, 25, 26, 32, 33, 38 уәзірлердің хикаяларын да атауға болады.

Қисаның өн бойында тәрбие мәселесі сөз етіліп отырады. Әсіресе, Әке мұрасына қиянат жасаған хан ұлы туралы әйелдің 8-хикаясы; әкесінің ишарат-өсиетін түсінбей, әке мұрасын сактай алмаған ханның ұлдары туралы әйелдің 9-хикаясы; кенже ұлына тігіншілік өнер үйреткен патша туралы 10-уәзірдің әңгімесі; тек малын ғана қалдырып, еш тәлім бермеген саудагер балаларының

аянышты тағдыры туралы әйелдің 10-хикаясы; есікті жабуға ерініп, алдындағы бар тамағын, тіпті біреуі ернін итке жегізген әумесерлер жайлы әйелдің 14-хикаясы; есекке өзі мінсе де, баласы мінсе де, алдына отырғызса да, мінгестірсе де кездескен жұрттың әңгімесінен құтылмаған қарт туралы әйелдің 19-хикаясы; дәруіштен мың ділдаға өсиет сатып алып, соны жазғызып қойып, өлімнен қалған патша туралы 20-уәзірдің әңгімесі; қызғанышпен патша қызметкеріне өлім жазасын бұйыртып, сол жазаны өзі сұрап алған күншіл туралы әйелдің 22-хикаясы; жағымсыз кесір мінезінен ажал тапқан отыншының әйелі жайлы 27-уәзірдің сөзі; үндістан патшасының ұлына өсиеті деп берілген ылғи ұлағат сөзден тұратын 29-уәзірдің сөзі; әйелінің опасыздығы үшін итпен бірге тамақ берген бай саудагердің әңгімесі дейтін 34-уәзірдің сөзі; көпірден өткенде бір рет аяғын тесікке тығып құлап қалған есек, одан кейін ешуақытта оған жоламайды, бір жіберген кемшілікті екінші рет қайталамау өте ақылдылық деп әңгіме айтқан қарт туралы әйелдің 39-хикаяларын осы атпен топтастыруға болар дейміз. Бұл хикаяларда адам мінезінің сан қыры ашылып, жаманын түзеу, жақсысын дамыту жолдары көрсетіледі.

Кемел мемлекет басшылары туралы аз жазылмағаны мәлім. Оны жазбау мүмкін еместігі - халық тағдырына тікелей қатысты тұлға екендігінде. «Қырық уәзір» қиссасында да осы мәңгілік тақырыпқа біраз хикаялар айтылған. Патшада, уәзірде қандай қасиеттер, патшаның айналасында мемлекет ісі алға басуы үшін қандай адамдар болу керек деген сұрақтарға нақты жауап айтылған 3-уәзірдің хикаясы, осы тақырыпты сөз етеді. Адал да әділ уәзір патшаны да сол жолға салып жүреді, уәзір мемлекет ісін қойып, тек құлшылық етуге бет бұрады, сол күннен бастап күніне келіп жүрген қызыр келуді қояды, себебін сұраған уәзірге: «енді сенімен не сөйлесем», - дейді Қызыр. Мемлекет басқару осындай жауапты да қасиетті қызмет деп түсіндіреді 5-уәзір өз хикаясында. Мемлекет үшін тұрақты әскердің болу керектігін дәлелдеген дана уәзір мен оған кеткен қаржы бос шығын деп дәлелдемек болған надан уәзір жайлы 7-уәзірдің хикаясы; ең асыл қазына - кітап жазуға бұйрық берген 21-уәзірдің хикаясының айтары- мемлекет ісін басқарудың қыр-сырын аша түседі.

Қиял-ғажайып ертегілік сарындар да қиссада бірнеше хикаяларда көрінеді. Олар: «30 бен 60-тың арасында қиыншылық

азап бар деген» тағдырмен туылған патша ұлының 30-дан кейінгі өмірін сөз ететін 13-уәзірдің хикаясы; Орора қаласының тігіншісінің Дәруіштен үш насихат сатып алып, сол насихат бойынша жүрген тігінші, Хұлып деген қалаға келіп, зираттан шалажансар патша қызын құтқарып алғандығын, сонан кейінгі көп оқиғаларды айтатын әйелдің 18-хикаясы; жылан сатып алып, ол жылан сиқырланған шин патшасының қызы боп шыққаны туралы әңгімелейтін 23-уәзірдің хикаялары осы тақырыптағы туындылар.

Негізгі айтатын идеяларына қарай «Қырық уәзір» киссасындағы тоқсанға жуық ірілі-ұсақты хикаяларды осылай топтастыруға болады.

Түрік елдерінің ренессанстық дәуірінің, YIII-XIII ғасырлардағы ағартушылық кезеңінің өркениетке қосқан ерекше туындылары көркем дидактикалық-философиялық туындылар болғаны анық. Ақылбек ақын өзінің осы көлемді шығармасын да осы стильмен жазған. Бұл шығармада өте қысқа өсиеттер, тәрбиелік әсері күшті мысалдар небір ғажап оқиғалар өте тартымды сөз болған. Қырық уәзір мен әйел өздерінің хикаяларымен білім жарысына түскендей. Автор шығармаларының өн бойында ғылымды, өнерді аса бір ілтипатпен сөз етіп отырады. Ғылым - өмірдегі ең абзал нәрсе. М: 3-уәзірдің хикаясында: «Патшаның ісі оңға басу үшін қасында қанша адам болу керек? - деген сұрақ бар.

- Інісі айтты төрт кісі болса болды,
Өнерлі болсын бірақ әрқайсысы.
Төртеуінің төресі болсын ғалым,
Екіншісі шалғайдан білсін бәрін.
Үшіншісі ер жүрек батыр болсын,
Төртіншісі келтірсін сауық сәнін[9; 42].

Ел басқарушының қасында бірінші тұлға ғалым болуға тиіс делінеді. Немесе 25-уәзірдің хикаясында сахаба Халитпен білім таластырған ғұлама арасында мынадай сұрақ-жауап кездеседі:

- Теңейсіз не нәрсеге бейіс нұрын,
Айтып бер бұл дүниеде мәнін мұның?
Ғұлама айтты: ол нәрсе мысал болмақ,
Ақылы бұл дүниеде білімдінің[9; 394].

Білімдінің білімі - бейістің нұрымен тең деген тұжырым айтады. 26-уәзірдің хикаясында баласын ғылым үйренуге берген Нұғман деген кедей молдаға берер тілашар ақыға ешнәрсе таппай,

күн коріп отырған жалғыз түйесін береді. Күн көрісінен айрылған Нұғман қатты қиналып жүргенде, «Бұл сыйлық Нұғманға Алла берген» деген жазу бар қазына тауып алады.

«Ғылымды құрметтесең бар нығымет

Көрмейсің бұл дүниеде еш михнат»[9; 423.] -

деп ой қорытады автор. 27-уәзірдің сөзінде:

«Білмегенді сұрамау - шайтан ісі,

Ұялады сұраудан надан кісі»[9; 425.]

деген ғибрат айтылады.

28-уәзір айтқан әңгіменің қорытындысы да ғылымның ерекше қастерлілігін дәлелдейді. Ғылымды меңгерген молданың ақшасын ұрламақ болып тұрған ұры, көңілі нұрланып, әулиеге айналады: «Ғылымның көремісің шарапатын» - дейді автор[9; 432.].

Екінші адам баласының өміріне арашашы болатын қастерлі нәрсе- өнер. Кітаби жырдың көп хикаялары осыны насихат етеді.

«Өнер білу адамға парыз болмақ»[9; 147.] - деген қағида айтылады.

Тақ таласынан сыртқа кеткен патшаның кенже ұлы әкесі оқытқан тігіншілік өнерімен күн көретіні айтылған 10-уәзір хикаясында жоғарыдағы қағидаға лайық ой толғайды. Бұған керісінше, еш өнер, ғылымсыз балаларына жүз жылға жететін ақша қалдырған саудагер балаларының аянышты тағдырын сөз еткен әйелдің 10-хикаясы үлкен өнеге боларлық. Сонша ақшаны көпке жеткізбей, қайыршы болып көшеде тұрған бұл өнерсіз балалар патшаның қаһарына ілінеді. Сонда олар айтатын:

“Жетпеді тілегіміз алға деді,

Тапсырды бізді атамыз малға деді.

Мал емес, ар-ұжданға тапсырмады,

Сондықтан түстік мұндай халға деді»[9; 162.] -

деген сөздерінде өздерінің ащы тағдырына жауапты ата-ана тәрбиесін кінәлаған өткір сын бар. Бала болашағына жауапты ата-ана оның ғылым, өнер үйренуіне қарыздар деген ой айтылады. Білімсіз жан - надан, надан жан - жауың дегенді айтады.

«Дұшпаннан зияндырақ досың надан».

немесе

«Күндерде бір күн надан жауыз болар,

Өткізер жақсылығын білген адам»[9; 166.]

Надан деген сөзге анықтама былай беріледі:

«Үш түрлі надандықтың бар белгісі

Ертеңге қалар бірі - бүгінгі ісі.
Екіншісі сөзінде тұрақ болмас.
Үшіншісі бос сөзге ерген кісі».

немесе

Түбінде заманақыр ол бір келер,
Адамнан нақақ жерде қан төгілер,
Адамның надандығы соның бәрі.
Өзінің жақындарын дұшпан көрер»[9; 165.]

Бұл жыр көріп отырғанымыздай, сан алуан тақырыпты қамтыған көлемді шығарма. Мұны тарихи, педагогикалық, теологиялық-философиялық, дидактикалық шығарма деп бағалауға болады. Әрбір оқиғасын жас балаларға арналған жеке-жеке суретті кітапшалар етіп шығарса, қазіргі күннің де қажетіне жарайтын құнды мұра.

«Хикмет-Нығмет» қиссасы.

Ақылбек бин Сабалдың жазықсыз жаланың құрбаны туралы бір шығармасы «Хикмәт-Нығмәт» қиссасы. Тақырыбы - күндес әйелдің қызғанышпен дүниеге келмек сәбилерге қастық жасауы. Бұл әлем халықтарының қай-қайсыларының ертегілерінде де кездеседі. Қазақ әдебиетінде бұл сюжетті классикалық әдеби ертегі-жыр етіп жырлаған Жүсіпбек Шайқисламұлы. Жазба әдебиет пен ауыз әдебиетінің екеуіне тән қасиеттерді бойына қатар сіңірген, төгілген жыр кестесімен өрнектелген «Мұңлық-Зарлық» жырын әлем әдебиетіндегі әдеби ертегі жанры деп бағаланып жүрген кез-келген поэмамен қатар қойсақ ұялмасымыз хақ. Дәл осы сюжетті Ақылбек Сабалұлы да жырлайды. Оның 1911 жылы Қазандағы Каримовтар баспасынан «Хикмәт-Нығмәттің қиссасы (Егіз баланың хикаяты)» деп аталатын қиссасының негізгі оқиғасы – «Мұңлық-Зарлық» мазмұнын еске түсіреді. Немесе Сағыр Камаловтың «Азусары-Кірпішбай» әңгімесіне еріксіз салыстырып қарауға мәжбүр етеді. Екеуіне де ұқсайды да, ұқсамайды да. Ұқсайтыны негізгі сюжеті бір. Ұқсамайтыны - әрқайсысы әр автордың өз дүниесі.

Хикмәт пен Нығмәт бір анадан егіз туылған ұл мен қыздың есімдері. Хикмәт - қызының, Нығмәт - ұлының есімі. Бұлар - Истамбулда тұратын үлкен саудагер бай Тауфиқтың балалары.

Саудагердің салтанаты, көңіл күйі, шынайы өмірге жақын суреттелінеді. Перзенті жоқ жанның қиналысы да қиссада нанымды берілген. Перзент үшін екінші рет үйленуге бел байлаған Тауфиктың бәйбішемен келісімге келуі, шарасыздан бұл шартқа көнуге мәжбүр болған бәйбішенің екі ұдай көңіл күйін ақын аса бір суреткерлікпен бейнелеген. Аты мәлім Тауфик бай қаладағы беделді үйдің аяулы қызына үйлене салмауын да ақын сенімді көрсетеді. Себебі көзге көрінбес күреске бәйбіше әлдеқашан бел байлаған болатын. Байдан жаушы кеткен үйге бәйбішеден астыртын жансыз қоса кететін. Құда түсу осылай кешеуілдей берген соң, саудагер кәнізек сатып алуға мәжбүр болады. Сатып алынған кәнізек, яғни, балалардың анасы - /қиссада аты аталмайды/ ақын ілтипатына бөленген жан. Өзі сұлу, ақылды, тәрбиелі сонымен қатар оқығаны мол сауатты жан. Сауатты, оқыған қасиетін ақын ерекше көрсетуге тырысады. Өйткені көзі ашық, оқығаны мол сауатты болу, ақын ұғымында, адамгершіліктің жоғарғы сапасының бірі. Осындай сүйкімді жанды бәйбіше барынша төмендетуге, байға жаман көрсетуге, істеген істерінен кемшілік табуға тырысқан. Бұны ақын өте бір нәзік психологиялық талдаулармен көрсетеді. Алдымен жай қызғаныш болып басталған көңіл күй дүниеге сәби келетінін білгендегі бәйбішенің қастандық әрекетке ойланбай барған жауыздығына ұласады. Бұл жерде де Ақылбек ақынның түсінігі бойынша, мұндай жауыздық іс-әрекетке шайтан бастап тұрады деген ойы көрініс береді. «Тахир-Зухрада» Бабаханды жолдан тайдырған жады кемпір дәл осы оқиғаға да кіргізіледі. Қызғаныш, жек көру сезімімен жүрген бәйбішеге кемпір ақыл қосып, жауыздыққа жол сілтейді. Сиқырмен жас босанған ананы ұйықтатып тастап, балаларды құмыраға салып суға ағызып жібереді. Анасына да, әкесіне де жылан көрсетеді.

Танымайтын қалада, барар жер, басар тауы жоқ жас әйелдің аянышты халін ақын ешбір ертегілік сарын араластырмай суреттейді. Қаладан шығып, қалың орманның ішіне енген дәрменсіз жанның қорқынышы өмір үшін жан таласып, аңдардан сақтану үшін ағаш басына шығуы, малшының иттерін байқап, малшының үйіне алып баруы қарапайым тілмен өрнектелген. Ол үйде өзінің сол қастерлі қасиеттерімен құрметтеліп, малшының балаларын тәрбиелеп, оқытып тұра береді.

Суға ағып кеткен жас балалардың тағдыры да шынайы өмірден алыстатылмай суреттелінген. Балықшының мұң-зары, перзентсіздігін ақын суреттен кетеді. Перзентке зар балықшының әйелі түсінде екі баланы алып жатып оянып кетеді. Ертеңіне түсіндегі оқиға шынға айналып, құмырамен ағызған балалар ауға түседі, қуанған жандар асырап, балалар ер жетеді. Екеуі де тәрбиелі болып, мектепте оқып, 15-16 жасқа жетеді. Атасы мен анасы бұл екеуінен аяры жоқ. Алаңсыз өскен балалар аяқ астынан уайымға түседі. Төбелесіп жатқан екі баланы ажыратқан Нығмәтке әдепсіз бала дүрсө қоя береді. «Құмырадан шыққан ата тегің белгісіз, маған жөн көрсетпексін? - дейді әумесер жан. Осы күнге дейін ешбір жерде кемдік көрмеген жас өрен бұған қатты намыстанады. Осы кездегі балалардың жан дүниесін ақын шебер суреттейді. Жазба әдебиетке тән психологиялық талдаулар анық көрінеді. Қазақ арасында негізінен, ертегілік оқиға болып тараған бұл оқиғаны Ақылбек ақын өзгеше бояумен өрнектеп төл туындысына айналдыра алған. Бұл сарын қазақ арасында Алтын Айдар, Мұңлық-Зарлық деген атпен бұрыннан таныс.

Жазба әдебиеттің әсерімен оқиға ірі қала Истамбулда өткендігін, кейіпкерлердің жақсы сапасының бірі - сауаттылығы баса көрсетіледі. Хикмәт деп қызына есім қоюының өзінде осы мәселе көрінеді. Өз ата-аналарынан туылмай, құмырадан шыққандықтарын естігендегі қайғысы, намыстануы да адами психологиядан алыстамай беріледі. Оқиғаның соңына таман ғана ертегілік оқиға араласып, балалар түсінде берілген аян арқылы анасын іздеп табады.

Бұдан басқа «Мың бір түн» желілерінен алынған шығармаларынан «Ибраһим Хазибнамұғлының қиссасыдүр», «Қисса и Дандан Ибраһимұғлы», «Ибраһим Әдхамұғлының қиссасы» деп аталатын кітаптарын бір топтастырып айтқанды жөн көрдік. Өйткені бұлардың негізі ғашық жастардың басынан кешкен оқиғаларына құрылған. Бұлар ақынның шығыс сарындарындағы өзгеше жырлары, ертегілік суреттеулері басым, шытырман оқиғалы болып келеді. Ақынның өзі «Ибраһим Хазипнамұғлының қиссасыдүр» дейтін кітабын бастағанда кіріспесінде:

«Бисмилла деп қаламды ұстайын да,
Жаман сөз күнә болар қоспайын да.
Мың бір түннің ішінен өлең қылып,

Мен Ақылбек бір хикаят бастайында»[12] -

деп оқиға желісінің қайдан алынғандығына сілтеме жасайды. Шығыста ғашықтардың не бір күнде, бір уақытта туылып, бірге өсіп жетілуі, не суреттеріне немесе түсінде көріп ғашық болуы кең тараған. Ақылбек ақынның жоғарыдағы жырлары осындай оқиғаға құрылған.

«Қисса-и Дандан Ибрахимұғлы» ноғайшадан қазақшаға жаздым молла Ақылбек бин Сабал» - деп жазады автордың Каримовтар баспаханасынан кітап болып шыққан кітабының алғашқы бетінде. Қисса Хызырабад қаласының патшасы Ибрахимнің ұлы сұлу ханзада Данданның басынан өткізген оқиғасына құрылған. Саудагер әкесіне сыйлаған саңдықтан сұлу қыздың суретін көріп, соған ғашық болып, ұзақ сергелдеңге түскен жігіттің басынан өткізген шытырман оқиғалары қиссаның композициясын құрайды. Дандан да суреттегі қыз бейнесіне ғашық болады. Нәркес қызды іздеп барған Дандан ерге қыздың да көңілі ауады. Бірден Данданға көңілін білдіруге оқиға желісі жібермейді. Он тоғыз патшаның баласы қыздан үміткер боп жатыр. Бірін қаласа, қалғандары жау боп шығары анық. Дәл Гомер эпосындағы Тендарей патшаның басындағы жағдай қайталанғандай. Данданның артықшылығын көрсетуге осы он тоғыз батыр қажетті деталь болып көрінеді. Данданның қалған ханзадалардан ақылы да, ерлігі де, айласы да артық боп суреттелінеді.

Ханшаның қасындағы кәнізектарын ұйықтатып, өзі қызбен жолығуға бел байлайды. Қыз да бұл қулықты сезіп, көңіліне жақпас жан болса күнәһар ретінде жазаламақ болып, алмас қылышын қолына алып тұра келеді. Дандан ер қыз көңілінен шығып, екі ғашық қосылмаққа уәделеседі. Бұл ерлік те әлі жігіт өтер сынға аздық етеді. Данданның бүкіл ел алдында ерлігін паш етер мезет керек. Шығарма оқиғасы осылай дами береді. Нәркес қызды бұрыннан ғашық боп жүретін дию патшасы қара бұлт боп келіп, Қап тауына алып кетеді. Жігіттердің ерлігі сынға түсер сәт туады. Қыз әкесі «Нәркесті жау қолынан ажыратып алған жігіт өзіне жар етсін», - деген жарлық шашады. Басқа жігіттер диюдің атын естігеннен-ақ құттары қашып, өз жөндеріне тарайды. Басын бәйгеге тігетін тәуекелге тек Дандан шыдайды. Көп ертегілердің оқиғаларындағыдай батыр жігіт сол құпия елге барып, тұтқындағы тағы бір сұлу Мәлике Бануды да босатып, Нәркесті алып қайтады.

Көп оқиғалары бізге өте таныс сияқты боп отырады. Бірақ автор өз киссасында

«Нұсқа екен кітаптағы сойлер сөзі,
Бұрын өлең болмаған мұның өзі.
Жай сөзді өлен қылып шығарам деп,
Ақылбек бейшараның талды көзі»[66] -

деп ескертеді.

«Ибраһим Хазинамұғлының киссасы» да осындай оқиғаға құрылған. Бірақ кейіпкердің басынан өткеретін оқиғалар, бірдей емес. Ибраһим да Жәмила қыздың Әбілқасым салған суретін көріп ғашық болады Соны іздеп Бағдат, Басра қалаларында болып, ғашығына жолығу үшін сан қилы сындардан өтеді. Бұндағы оқиға шынайы өмірге жақынырақ суреттеледі.

«Мың бір түннің ішінен өлең кылдым,
Баласы Хазибнамның Ибраһим»[12] - дейді.

1911 жылы «Ибраһим Хазибнамұғлының киссасыдүр» - деген атпен шыққан кітабында.

«Ибраһим Әдхамұғлының киссасы» дейтін кітабындағы оқиға да жоғарыдағы кітаптарындағы сюжетпен сарындас болып келеді. Мысыр патшасының баласы Ибраһим да суретте көрген бейнеге ғашық болып, соны іздеп шығады. Ғашықтардың басынан өткізген түрлі оқиғалары шығармаға өзек болады.

Діни тақырыптағы туындылары

Ақынның діни киссаларынан ҚРҰҒА кітапханасында екі кітабы сақтаулы. Олар: «Қисса и Ғабдул-Халим илә Мәликә» және «Бес намаз».

«Қисса и Ғабдул-Халим илә Мәликә» жыры да нәзира дәстүрімен жазылған шығарманың бірі. Бұл туралы ақын:

«Нұсқасын кітаптағы көрдім көзбен,

Алланың рахметінен үміт үзбен»[67; 28.], - деп ескертеді.

Тағы да ақын осы қисса туралы дінді ұғынықты тілмен қызықты түсіндіретін қазақша шығарманың бұрын болмағандығын, бұл соның орнын толтырар құнды шығарма екендігіне назар аударады.

«Мұндай өлең болған жоқ мұнан бұрын,

Қазақша айтылған қара сөзбен»[67; 28.], - деген сөздері бұған дәлел. Ал «Ибраһим Хазибнамұғлының қиссасыдүр» дейтін кітабында бұл қисса туралы:

«Шығардым он төртінші Ғабдул-Хәлим,

Халыққа мәшһүрленген болдым ғалым»[12; 5.], -

деп ризашылдықпен ескертетіні бар. Қисса айтыс үлгісімен жазылған. Мәлік патшаның перзентсіз зарығып жүргенде көрген жалғыз қызы әрі сұлу, әрі ғалым Мәликәнің айттырып келген жігіттерге ерекше шарт қоятындығы айтылады. Мәликә жігіттермен білім жарыстырып, бар сұрағына дұрыс жауап берген жігітке күйеуге шығатынын хабарлайды. Қиссада осы сыннан сүрінбей өткен Ғабдул-Хәлимнің білімділігі дәріптеледі. Шығармада қыз тарапынан қойылатын сұрақтар ислам тарихы мен ғылымынан беріледі. Сұрақ қойған Мәликә сұлу - осы ғылымның тереңіне бойлаған білімді жан. Діннің басталу тарихынан басталған сұрақ, пайғамбарлар өмірін, олардың өзіне тән ерекшелігін жұмақ, дозақ түрлерін, аят мағыналарын сөз етеді. Қисса түгелімен сұрақ-жауап түрінде жазылған. Мысалы:

- Оқыған көңілінен ғалым болса,

Аспаннан еніп еді неше кітап?

- Мәликә, сіз сұрасаң біз айтайық,

Аспаннан түсіп еді жүз төрт кітап»[67; 8.].

Қисса ішінде жалпы көпшілікті қызықтырар сұрақтар мен жауаптар өте көп. Дін тарихынан, адамзаттың рухани дамуынан хабардар етеді. Мысалы төмендегі сұрақтарға назар салып көріңіз:

«- Софылық дүниаға кімнен қалды?

- Софылық БІдырыстан қалған екен.

- Кім екен бұл дүниада ғалым адам?

- Дүниада ғалым адам Қызыр екен.

- Сабырлық дүниаға кімнен қалды?

- Сабырлық дүниаға мысал болып,

Аюб деген пайғамбардан қалған екен.

- Шәкірттік дүниаға кімнен қалған?

- Шәкірттік дүниаға мысал болып,

Адам ұлы Нұқтан қалған екен.

- Пақырлық дүниаға кімнен қалды?

- Пақырлық дүниаға мысал болып,

Иахия пайғамбардан қалды деймін»[67; 8.].

Адам Ата мен Мұхаммед пайғамбар арасында өткен жүз жиырма төрт мың пайғамбардың ерекше қасиеттілері деп жоғарыдағылардың қасиетін сөз етсе, бесеуі әділетті патша болған дейді:

«Әуелі патша болған ғазиз Жүсіп,
Жасында мехнат көрген қайғы түсіп.
Екінші патша болып Дәуіт өткен
Жайылып һәр тарапқа даңқы кеткен.
Отыз ұлым бар ғой деп көптік қылып,
Құдайым отызын да алып кеткен.
Жылаған пайғамбарым тәуба қылып,
Өзінің бенде екенін сонда біліп.
Сонан соң тақ Сүлеймен туды дейді,
Бір өзін отыз ұлға жору қылып.
Сүлейменді патша қылды бір құдайым,
Аралап дүниенің хәрбір жайын.
Төртінші патша болған пайғамбардан
Мүйізі бар Ескендір Зұлқарнайын.
Бесінші хақ Расул пайғамбарым
Көндірген шарифатқа жанның бәрің»[67; 11.].

Адал жандарға рахымы түскен Алланың пендеге дайындаған қасиетті орны - сегіз жұмақтың сипаты да қиссада беріледі.

«Имансыз пенделерді жағу үшін,
Жаратқан жеті тамұқ хақ тағала.
Ішіне кірген жанға түн болады,
Тағамы заһар менен құм болады»[67; 15.], -

деп Алла қаһарынан да хабар береді. «Тамұққа кімдер кіруге тиіс, онда қандай жазалар бар?»- деген сұраққа да қиссадан жауап табуға болады.

«Есімі Сәубә дер әуелгісі,
Бұған кірер мұнафық болған кісі.
Екінші тамұқ аты жахим болған,
Бұған кірер дүниеде зина қылған
Тапсырған аманатқа қиянат қып,
Және айтқан сөзі болса жалған.
Үшінші тамұқ аты сахар деген,
Бұған кірер болыс боп пара жеген.
Төртінші тамұқ аты болған лазы,

Бұған кірер намазын қылса қаза.
Схир болар бесінші тамұқ аты,
Бұған барар арақ ішіп, таразыдан артық жеген

.....
Жетінші тамұқ аты жасним нар
Өз көршісіне намазға шықпағандар
Ішінде жаһаннамның қылады зар»[67; 15].

Халық арасында аңыз ертегі боп тарап кеткен кейбір әңгімелердің түп негізі осы ислам тарихынан алынғаны мәлім. Қиссада өзімізге мәлім осындай ертегі аңыздар да сұрақ-жауаптың тақырыбына айналған.

- Неше құсты өлтірген күнә болар?, - деген сұраққа берілген жауаптан осыны аңғарамыз. Көкқарға, қарлығаш және Сүлеймен пайғамбарға қарсы келген байғыз құс аттарына байланысты ертегілер көпке мәлім. Бұл қисса дін ғылымына сусаған елге таза қазақ тілінде жырмен жазылған дін ғылымының танытқышы іспетті дүние болып шыққан. Халық сүйсініп оқып, кең таралуы осыны аңғартса керек. Ақын бұл қиссаның соңында да адам баласы үшін ғылымның аса қастерлі казына екеніне оқырманның назарын аудартады.

«Жәмиғат бұл сөзімді білмеймісің,
Жолына шариғаттың кірмеймісің.
Фақия мал берместен бір қыз алды
Ғылымның шарапатын көрмеймісің...
Жігіттер жас шағыңнан талапкер бол,
Адасқанға іздесе табылар жол
Данышпан Ғабдул-Хәлим молла болың,
Мұратқа ғылымменен жеткені сол.
Хәр түрлі жан жаратқан пәруардігәр,
Оқудың дәмін татсаң әне шекер»[67; 28.]

Қай шығармасында да өнер білмеге, ғылымға, оқыған жандарға ақын йгтипаты ерекше. Осындай жандардан үлкен үміт күтеді. Діни кітаптардағы мөлдір тазалықты ұғыну, дін тарихының тереңіне сүңгіп, Алла сүйген қадірлі жандардың қасиетін көпшілікке тарату ақын максаты сияқты. «Алланың хешкім білмес асыл сөзін» дейді ақын. Айтқанды ұқпаған, оқуға мойын сұнбаған, көкіректеріне ғылым нұры түспеген жандардан ақын жаны ауыр тартып, жүрегі

шошитындай. «Жаманмен сөйлескенім бір үлкен дерт»[67; 28.], - деп қиналатыны сондықтан.

«Бес намаз» кітабы. Қазаннан ағайынды Каримовтардың баспаханасынан 1911 жылы кітап болып басылып шыққан. Сол кездің дәстүрі бойынша шағын өлеңдерден тұратын бұл кітапқа да «қисса» деген атау берген. Бұл кітапта атынан белгілі болып тұрғанындай, мұсылмандар тәулігіне бес рет оқитын намаз түрлерін, оның бір-бірінен ерекшелігін намаз оқу кезінде ұстанатын ережелерді сөз етеді. Бір айта кететін мәселе, сол уақытта шыққан кітаптардың барлығын «қисса» деп бастырған. Бұл жанрдың нақты ауқымы ескерілмей, өлеңмен жырланған оқиғалы шығармалардың барлығына осындай атау бергені көрінеді. Біз бұл жерде Ақылбек ақынның шығармаларын сол кітап болып шыққан кезеңіндегі атауларымен алып отырмыз. Насихат өлең түрінде жазылған шығарма. Ақынның барлық шығармаларының жанрлық ерекшеліктерін жүйелеу өз алдына зерттеу еңбегінің тақырыбы болуға тиіс деп ойлаймыз. Және ақын өзі көрсеткен оқиға бастауы болатын кітаптардағы нұсқаларымен салыстырып, ақынның өзіндік ерекшелігін тану да болашақ зерттеу тақырыбы боларлық.

«Әуелі бес намазда намаз пандап,
Оқыңыз ерте тұрып салауат, хаумат.
Уақытында күн шығармай оқысаңыз,
Құдаға құл, Мұхаммедке болдың үммет.
Екінші намаз аты намаз бесін,
Жігіттер қиын көрдің мұның несін,
Қыл көпір қияметтен өтерінде
Жаныңа пайда емес пе осы ісің?
Үшінші намаз аты намаздігер,
Жалмайды бәрімізді сұм қара жер
Бесеуін уақытында ада қылғанды
Хақ Расул сүйікті үмметім дер.
Төртінші намаз аты намаз ахшам
Ағалар, қор болмайсың дінің бақсаң.
Намазың иманыңмен бірге кетер,
Төсекте күн шыққанша тұрмай жатсаң.
Бесінші құптан менен үтір екен
Оқымаса құса болып кетер екен»[68; 5.].

Бұл кітапта мұсылманның қырық парызына да тоқталады. Қырық парыздың он екісі намаз оқуға байланысты екен. Осы парыздың түгел ережелерін түсіндіреді. Төрт парыз дәрет алуға байланысты. Дәрет алудың ережелерін, оның ішінде, сусыз жерде қалай дәрет алуға болатындығын түсіндіріп кетеді. Таза діни ережелерді түсіндіруге арналғандықтан, бұл кітапқа енген өлеңдердің көркемдігі төмендеу.

Қалған дін тақырыбына жазған кітаптарын кітапхана қорларынан кезіктіре алмадық. Тек ондай кітаптарының барлығын, оның мазмұнын ақынның өзі жазған сілтемелерінен ғана біліп отырмыз. Ақын өзі берген сілтемелері бойынша діни тақырыпқа он кітап шығарған. Оларды ақынның өз сөздерімен бергенді жөн көрдік:

«Өлең қып әуел баста шығарғаным,
«Баласы хақ Расулдың Ибраһим».
Екінші қыса қылдым «Исмағилды»
Нұсқасын бұл Ақылбек көріп білді.
Көк қошқар сол себептен жерге түсіп,
Ибраһим пайғамбарым құрбан қылды...
Алтыншы шығарғаным «Имам Ағзам»,
Алтынды шыға ма деп жерден қаздым.
Өлең қып он үшінші шығарып ем,
«Молланың осы күнгі табиғатын».
Шығардым он төртінші «Ғабдул-Хәлим»,
Халыққа мәшһүрленген болдым ғалым.
Шығарғаным он бесінші «Сәдуақас».
Исламның он алтыншы тамашасын,
«Бес намаз» он жетінші бір қиссасын.
Жиырмамыншы «Қырық парыздың» жаздым өзін,
Жиырма бірінші де ғибрат үшін,
Өлең қып қойып едім ахрет сөзін»[12; 17].

Бұл кітаптары кітапхана қорларында болмай шықты. «Қазақ әдебиеті» газетіне «Көк қошқар» деген атпен бір көлемді өлең жарияланып еді. Сол Ақылбек Сабалұлының сөз етіп отырған «Исмағил» атты қиссасы емес пе екен деген ойдамыз. Бірақ оның қолжазбасын көрмей, дәл сол дегенді айтуға ғылым этикасы жібермейтіні белгілі. Ақылбек Сабалұлының өзі көрсеткен кітаптары ел ішінде ескіше сауатты жандардың қолында сақталып

қалуы мүмкін. Араб әліпбиін танымайтын болғандықтан, қазір қолданыста жүрмейтіні де белгілі. Сондай кітаптарды кітапханаларға өткізсе, көптеген мұралар толығы түсер еді. Үйлерінде ескі көз қариялардан қалған осындай кітаптарды босқа ұстамай кітапханаларға өткізсе, ол кітап игілікке жараса, оның сауабы болатынын ескерткіміз келеді.

Қазақ өмірінен алынған шығармалары (тарихи жырлары)

Ақылбек ақын Сабалұлының қолға түскен шығармаларын оқығанда, ақынның іштей эволюциясын байқауға болады. Ақындықты бастағаннан кітаптағы баяндалған оқиғаларды қайта жырлап, кітап етіп бастырумен біраз айналысқаны белгілі. Тілі де сол «кітаби тілдің» ықпалында болды. Бұл дәстүр сол кезеңдегі ақындарға тән мектеп сияқты. Тіпті, ұлы Абай да осы мектептен өткені белгілі. «Юзы раушан, көзі гауһар» дейтін шәкірт кезеңіндегі өлеңі осыған дәлел. Ақын бірте-бірте бұдан алыстап, әлеуметтік көкейтесті мәселелерді көтерген, өз елінің патриот жыршысына айналады. Ақын өзінің бұл іштей жетілуін «Ғибратнама» кітабында былай түсіндіреді:

«Ал Ақылбек, қаламыңды қолыңа ұста,
Бұрынғы өткендердің бәрін таста.
Қазаққа түсінерлік басқа қылып,
Бір тамаша манзұманы енді баста»[69; 1.]

Осылай қазақ қоғамының көрінісіне, тарихына байланысты шығармалар жазуға ауысады. Бұл шығармаларында да ақын өзінің ағартушылық бағытынан ауытқымай, өнерін насихат құралы ретінде пайдаланғандығы көрінеді. Өзі көрген көріністі, қоғамдағы жағымсыз көріністердің себептері мен салдарларын көркем сөзбен ашып көрсетіп отырғандығы байқалады. Қазақ өмірінен алынған шығармаларына «Хажат-әл дағуат», «Мактубат», «Назым», «Мағшұқнама», «Ғибратнама» сияқты кітаптары жатады. Бұлардың «Сәтбек», «Сұм заман» атты тарихи поэмаларынан негізгі айырмашылығы - көбіне ақынның жеке өміріне байланысты боп келеді. «Хажат-әл дағуатта» ақын өз басының өкінішіне, еш мақсатқа жетпей жасы отызға жеткеніне өкініш білдіреді. Соған карағанда, ақын алдына үлкен мақсаттар қойған, бізге мәлімсіз

өзінің өмірлік биік мұраттары болған. «Мактубат» жинағында әр түрлі қоңіл күйіне байланысты өлеңдері, шәкірттері туралы жазылған.

Өзі жастайынан, өз сөзімен айтқанда, он үш жасынан бастап бала оқытады. Оның оқытушылық қызметі жайында тек шыққан кітаптарында өзі айтып кеткен деректер ғана сақталған. Әр түрлі жинақтарында өзінің оқытушылық қызметі туралы сараң болса да мәліметтер кездеседі.

«Дәл отыз бір жасымда тауық жылы
Қараталда бала оқытып тұрғанымда»[10]
«Хәр жерде бала оқытып үйден кеттім»[10]
«Ел ішінде бала оқытып тентіредім»[12]
«Хәр елге бала оқытып, молла болып,
Сарғайып зағыпырандай азайын да»[70]
«Он үштен мен Ақылбек бала оқыттым,
Білмеген балаларды көп қорқыттым.
Жылына зерегіне хат танытып,
Білгізіп кеудесіне сөз тоқыттым»[70].
«Алдымнан балаларым үзілмесе»[71].
«Бала оқытпақ-пайғамбар фатихасы
Деген сөз кітаптағы қайда кетті»[71] - деген

жолдар біздің назарымызды аударып, оның оқытушылық қызметі қызықтырды. Өйткені, біз молда деген сөзді естісек, оқытып отырғанын өзге түгілі өзі де түсінбейтін, балалардың босқа уақытын алып, қит етсе көк шыбықпен сабап, өзі жұрттың қайыр-садақасын аңдып отыратын білімсіз жанды елестетіп өскен ұрпақпыз. Сондықтан Қазаннан басылып шыққан өлең кітаптарындағы «Ауыл молдасы Ақылбек бин Сабал» деп өзі жазған анықтаманың да таңырқатқаны рас. Өйткені қазақ әдебиетінде ұстаз-ақындарға орысша оқытатын школдарда сабақ бергендер ғана саналып келді. Жақсылыққа жол сілтеген тәрбиеші, білімге жол ашқан ұстаз деген ұғым тек осыларға ғана лайық деген біржақты түсінік етек алған еді. Ал, араб-парсы тілдерін терең меңгерген, ислам діні негізінде білім берген молдаға ұстаз деген атты қимадық. Бұлардан шәкірт сауат ашып, тәлім алып шығады деген ойды ойлаудың өзі мүмкін емес еді. Бұл айтылғанға мысал көп. Тіпті, Ахмет Риза медресесінде дәріс алған Абайдың сол медреседен алған білімін емес, орыс мектебіне өз еркімен барып

оқыған аз уақытына көп мән берілетін. Осы кезге дейін бұрынғы медреселердегі оқу деңгейі арнайы сөз болмай келгені де діни білімге теріс көзқарастың салдары демеске болмайды. Осындай түсініктің ықпалымен кеңестік тәрбие алған ұрпақ молда мен білікті ұстаз деген сөзді «қабыстыра» алмағаны түсінікті. Ақылбек Сабалұлының ұстаздық қызметі жөнінде сөз болмай келгені де осындай жағдайға байланысты. Ақылбек бин Сабал өзі шығарған әр түрлі жинақтарда он үш жасынан бала оқытып, ауыл-ауылда жүргенін айтып отырады. Сол жасынан бастап өлең де шығара бастағаны байқалады. Ақылбек бин Сабалдың өзі туралы айтқан осындай сараң мәліметтері болмаса, басқа дерек жоқтың қасы. Сонда да бір ақиқат - оның өмір бойы ұстаздық еткені. Бұл жолды аса қасиетті жол, бұл өнерді өнердің ішіндегі ең жақсысы деген ойлары ақынның ішкі сырынан хабар береді. «Бала оқытпақ - пайғамбар патихасы» - деген бір жолдың өзінде ақынның өз қызметін қаншалықты құрметтейтінін елге, дінге өз тарапынан жасаған қызметінің басқа еш бір қызметпен салыстыруға болмайтын ұлық екенін сезінуі байқалады. Жас балаларды өнер-ғылым жолына салу, сауатын ашып, дін таныту, жақсы тәлім беріп, мінез-құлықтың қастерлілеріне дағдыландыру - ақынның өмірлік мақсаты. Ұстаздық жолды ақын кім көрінген ұстана салатын нәрсе емес, өнердің ең тәуірі деген ойын мына жолдардан байқатады.

«Хөнердің ең тәуірін ұстап едім»[71]

«Сұм заман» тарихи поэмасында енді не істеу керек деген сұраққа жауап ретінде «Жігіттер кәсіп етіндер, бір өнерге ие болыңдар», - деп кәсіптің түрлерін санамалап шығатыны бар. Ал өзі сол өнердің ішіндегі «ең тәуірін ұстап едім» - деп кәсібінің адам баласы үшін аса бағалы екеніне тағы бір назар аудартады. Алдында отырған әрбір бала білікті азамат, қасиетті мінез иесі болып шықса екен деген тілекпен өзінің бар күш-жігерін жұмсаған азаматтығы үлгі боларлық.

Ақылбек Сабалұлы не оқытты, қалай оқытты? Тәрбие құралы не болды, бала мінезіне мән берді ме? Бұл сұрақтарға да жауапты ақынның өзі өлеңмен жазып қалдырған кітап беттерінен іздейміз.

Әсіресе, ақынның «Мақтубат» /Қазан. 1910 ж./ өлең кітабы өзінің ұстаздық кәсібіне, шәкірттеріне арналған. Арнаулы мектеп үйлері жоқ, көшкен ауылмен бірге көшіп жүріп, бала оқытқан өз жағдайын ақын былай суреттейді:

«Хар елге бала оқытып, молда болып,
Сарғайып зағыпырандай азайын да»
«Хәр жерде бала оқытып тентіредім».

Бұл сол кездегі қазақ қоғамындағы ескіше оқығатын оқытушы - молдалардың барлығына тән жағдай. Сондықтан бұл оқудың бәрі бірдей мағыналы, нәтижелі болды деу қиын. Ол әр мұғалімнің өз біліміне, пайдаланған оқыту әдісіне, өз ісін жете түсінуіне байланысты.

«Алдыма балаларды жиып алдым,
Сабақты өз халімше бере қалдым».

деп ақын ағынан жарылады. Ақылбек Сабалұлы өзінің оқу бағдарламасынан, шәкірттеріне қойған талабынан, жүргізген тәрбие жұмыстарынан жоғарыда айтқан «Мактубат» жинағында хабар береді.

«Жылында зерегіне хат танытып,
Білгізіп кеудесіне сөз тоқыттым.
Молла боп шығар ма деп сабақ берем,
Ала оқытсам құдай жүзін қалай көрем» - дейді ақын.

Бала оқытуды - аса үлкен қасиетті борыш, киелі іс деп түсінетіндігі көрінеді. Бұл істі істеймін деп қолына қалам алған адам, құдай жолына, пайғамбар ісіне адал болуы керек. Балаларын алаламай, тағдырын тапсырған жас баланың алдында оның уақытын босқа алып, қиянат жасамау керек, онда құдай алдында күнәһарсың.

«Сарғайса кеудесіне оқу жиып,
Айтқанды кешіктермей білсе ұғып.
Құранға келіп түссе, тіл-көз тимей
Бес айда Хәптиектен түгел шығып.
Тоқтамай Құран оқып, сабақ алса,
Ортасына ай жарымда жетіп барса,
Бәрін де түркі кітап түгел білсе,
Үш айда Кәлем Шариф бір аударса.
Жылында Мұхтасарды тамам білсе,
Тоқтамай Ғахайатқа кіріп кетсе.
Молла боп бала оқытып жүріп кетсе».

Көріп отырғанымыздай, оқу жоспары тым күрделі. Бес айда «Әптіксті» бітіп, «Құранға» ауысу. Жыл ішінде «Мұхтасарды» білгізіп шығаруға, - «Кәлем Шариф» - кітабын үш айда бір аударып шығып, оның сыртында түркі кітаптарды түгел оқып шықса, ұстаз

шәкірттеріне қатаң талап қойғаны белгілі. «Түркі кітаптары» деп отырғаны кезінде түрік тілінде, барлық түрік халықтарына ортақ тіл болып есептелетін тілде жазылған атақты түркілік ренессанс дәуірінің классикалық туындылары Ж.Баласағұнның «Құтты білігі», Қ.А.Ясауидің «Диуани хикметі», А.Иүгінекидің «Ақиқат сыйы», Рабғузидың «Қисса с- ул анбия» сынды дидактикалық-философиялық кітаптары екені анық. Себебі бұл кітаптар сол кездерде мектеп, медреселерде оқытылған. Одан тыс түрлі көркем шығармалар. Сол уақыттары оқу құралы болып есептелетін аталған кітаптарды түгел меңгерту – ақынның оқу бағдарламасына аса катал да жауапты болғанын көрсетеді.

«Зейінмен ғалымдыққа салынғаннан,

Сарғайып ауру жоқ кетсе азып», -

деген де осы оқу жоспарының күрделілігін ескертсе керек. Оқуының негізгі мақсаты - ислам дінінің ережелерін, тарихын, танымын үйрету болғаны көрінеді. Біз кеңес кезеңінде жазылған шығармалардан оқығанымыздай, түсініксіз сөздерді қайталап, бас қатырып отыратын ғана шала сауат мектеп емес, алдында толық бағдарламасы белгілі, әр кітаптан соң екінші кітапқа ауысуы білімнің бір белесі болып есептелген толыққанды сауат ашу мектебі болғандығы көрінеді. Осыларға қарап, Ақылбек Сабалұлы шәкірттеріне терең білім бергенін түсінуге болады.

«...Қағидамен сабақ оқып,

Жаңылып қыратты сүрінбесе -

асты-үстің қыраттың тастамаса» -

дегенінде, құранды оқу мәнерінің ерекшелігі - үлкен сауаттылықтың өлшемі ретінде көрсетіледі. Оған ұстаздың қояр талабы сөз болады. Шынайы біліммен сусындаған шәкірті туралы: «Әбден-ақ жетік білсе дін тазасын» - дейді ақын.

«Білмес деп Ғақайаттан сөз сұраса,

Болса да қандай қиын білем десе»,

Өзі оқытқан ғылымның жеңіл еместігін, шәкірттерінен соны таза біліп, шығуын талап еткені байқалады. Ақын мұны бірнеше жерде айтып кетеді.

“Кітапқа ертеңді кеш жүз талдырса,

Телміріп көп қараумен көз талдырса,

Кітаптан хикаятты қисса қылып,

Ғибрат жұртқа үлгі сөз қалдырса.

немесе

“Оқудан шыққанында хәр кітаптан,
Көшіріп хикаятты қисса терсе», -

деген жолдардан, ақынның кітап оқудан тыс шығармашылық жұмысқа да көңіл бөлгендігі көрінеді. Шәкірттерінен жоғарыдағы кітаптардағы қара сөзбен берілген оқиғаларды, өлеңмен қайта жырлап шығатын ақын болуын да талап етеді. Бұл шығармашылық қабілетін жетілдіре оқыту және сыни тұрғыдан оқыту деп жаңалық ретінде айтылып жүрген әдістің өзі деуге болады. Себебі шәкірт ол әңгімені түсініп қана қоймайды, сол оқиғаны баяндаушымен пікір жарыстырады, өзінің дұрыс деген нұсқасында қайта жазуына мүмкіндік болады. Тек білімі туралы емес, баланың мінез-құлқы, тәрбиесі туралы да сөз қозғайды. Шәкірттеріне дастархан басында асын төгіп-шашпай, «Сызылып саспай ғана тағам жесе» деп, дастархан мәдениетінен бастап, жалпы жас ұрпақтың еңбекқор, тілалғыш, ата-анасын сыйлайтын, үлкендер алдында әдепті болуын, сабақ кезінде зейінмен тыңдап, кітап-дәптерін таза сақтап, ерінбей, шаруасын реттеп жүруін т.б. тоқталып өтеді.

«Аузына жаман сөзді ілдірмесе»

«Жаман сөз айтқан жерде қалып қойып,
Айтуға өсек сөзді жарамаса».

«Тақылдап біреу сұрап тұрсадағы

Ұят сөз тіл кескендей айтпай қалса» -

дейді ақын ұстаз. Әдептілікті үлкен бір тілек, мінәжат етіп сұранатындай. «Қылмаса өлгенінше харамдықты», ақын ұстаз шәкірттерінің бойынан тек адалдық, әділдік көруді арман етеді. Өмірде алдына қойған игі мұраты, артында қалдыратын ең игі ісі - осындай тәрбиелі шәкірттерді көптеп қалдыру. Ақын өзінің нұмырлық мұраты осы екенін былай түсіндіреді:

«Мені де мақтап халық есіне алса,

Білмейді деп балаларың жамандықты».

Шәкірттерін білім мен жақсы мінез-құлыққа үйреткен ақынның:

«Қуанып ата-анасы алғыс берсе,

Дұғасын хақ тағала қабыл етсе.

Ақылбек мұратына бір күн жетсе.

Осындай берсе абырой Ақылбекке

Шәкіртім жеткеннен соң ғалымдыққа.

Ақылбектен оқып молда болды десе,

Менің де тиер еді төбем көкке».

Осы сөздерінен ақынның өмірлік мұраты адал ұстаздық жол екені анық көрінеді.

Бұдан шығар қорытынды, Ақылбек Сабалұлы ағартушы ақын болуымен қатар, ұлағатты ұстаз болған азамат. Ұстаздық өнерді – «өнердің ұлығы», «пайғамбардың патихасы» деп ұғынған. Бала тәрбиесіне, жас бала зердесіне адал ғылым нәрін құюға бар ақылы мен күшін аямаған зерделі жан. Ұстаздық қызметі үлкен жауапкершілік жүктеген. Ұстаздықты ұлт алдындағы аса қасиетті борыштың бірі деп түсінген үлкен жүректі азамат. Ақылбек Сабалұлын ағартушылық идеяны өз өлең кітаптарымен таратушы ғана емес, шәкірт қолына қалам ұстатып, әріп танытып, өнегелі мінез-құлыққа үйреткен ұлағаты мол ұстаз деп те бағалауға тиіспіз. Бұл ойларымызды «Бала оқытпақ – пайғамбар фатикасы» деген атпен мақала түрінде жариялағанбыз[72].

«Сұм заман» поэмасы

Кітаби ақындар тек кітапта айтылған хикаятты өлеңге айналдырып, қайта жырлаушы немесе ел аузындағы өлең үлгілерін өңдеп, кітап етіп бастырушы ғана емес, өздерінің жеке пікірлерін айтушы - заманының озық ойлы оқыған азаматтары да болғаны белгілі. Өз уақытының шынайы суреткерлері М.Әуезовтің сөзімен айтқандай «қоғамдық наразылықтың жыршылары» да болады. Біз төменде сөз еткелі отырған «Сұм заман» поэмасы Ақылбек Сабалұлының нақ осы қырын ашатыны анық. Шортанбай ақын айтқан:

«Енді еркіндік заман жоқ,
Дұшпанның құрған торы бар,
Ендігі туған жігіттің,

Маңдайының соры бар», - деген уақытта өмір сүрген Ақылбек ақын өз заманын «Сұм заман» деп атапты. Сол уақыттың дәстүрімен поэмасына «қисса» деген атау берген.

Кітап 1911 жылы ағайынды Каримовтар баспасынан Қазанда жарық көрген. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы Орталық кітапханасында сақтаулы.

Поэма, негізінен, өзі өмір сүрген уақыттағы қазақ қоғамын суреттеуге арналған.

«Хеш нәрсе байқамаппын балалықпен
Өзімнің заманымды өлең қылмай,
Отызға тағы келдім жақын жетіп,
Сұм заман кәсібі мен шаруасын
Аз ғана өлең қылып жаза салдым».

немесе

«Бесінші міне, жаздым «Сұм заманды»,
Жақсы менен байқадым мен жаманды»[73].

деген сөздерінен акынның бұл кітапта тек өзі көзімен көрген,
көңіліне түйген шындығынан алып жазып отырғанын байқатса,

«Қазақтың мұндай сөзі не керек деп,

Елеусіз тастамаңыз баспай босқа» - деген

сөздерінен бұл туынды таза қазақтың өз мұңын, өз жоғын жоқтаған
ащы шындықтан туғандығын ескертеді. Басылмай қалуы мүмкін
екенін де біледі.

Поэма 785 өлең жолынан тұрады. Атын «Сұм заман» деп
қойғаннан-ақ, акынның сыншыл реализм әдісімен жазғаны
байқалады. Кейбір ақындардың көпшілігі Ресей әкелген
жаңалықты, прогресті көрмеді, ескілікті көкседі, керітартпа
ақындар - деп сыналып жүрген тұстарда, олар жазған текстер
көпшілікке таратылмағаны баршаға аян. Шындығында, бұл
ақындар Ресеймен келген сұмдықты өз қалпында көріп, шынайы
суретін бергендігіне Ақылбек Сабалұлының «Сұм заман» кітабын
оқыған кез-келген адамның көзі жетеді. Заманындағы етек алған
кәсіп, қазақтардың кедейленуі, әділетсіз заң, халықтың бірлігіне,
дініне жасалған ғаламат шабуыл, тұтас отырған ағайынның бір-
бірімен жауласуы, арыз жазудың етек алуы, моральдік азғындаудың
басталуы, жерден, биліктен айрылған өнерсіз, білімсіз қалып бара
жатқан қазақ ұлтының құрдымға кетіп бара жатқандығы - бәрі осы
жырда дәл берілген. Осыларды рет-ретімен шығарманың өзінен
екшеп алып, көзімізді жеткізейік. Өзі өмір сүрген «Сұм заманның»
басталуын сол орыстың келуінен бастайды. Ағайын арасына түскен
іріткі, діннің шайқалуы, малдан айрылып, кедейшіліктің көбеюі,
ақсақал сөзінің қадірсіздігі, қатал мінез-құлық т.б. бәрінің түп
негізін акын осыдан, яғни отарлау саясатынан деп түсіндіреді.

«Сұм заманды» оқыған жан қазақ тарихындағы айтылмай
жүрген біраз ақтандақтарды өз көзімен көріп шыққандай болады.
Орыстардың қоныстануына, орнығуына жағдай жасап, қазақтың ата
қонысынан шол, шөлейт жерге ығыстырған «Жер фондысы»

туралы заңның шығуы, жоғалған малдары үшін қазақтардың малын алуға орыс шаруаларына берілген құқық туралы тарихи шындық осы шығармада анық берілген. Ақынның өз сөздерінен үзінді келтірейік:

«Күш қылып бар билікті орыс алып,

Қазаққа берекесіз қоныс боп тұр».

«Дау сөйлеп іздегенің қасың болды,

Жаман орыс сөзі де басым болды».

«Орыстың теріс сөзі шекер болды».

Өз жерінде кемдік, қорлық көргеніне ақын «Орыстың қылығына оттай күйдің», - деп ашынады. Өз ұлтына жаны ашитын азаматтарға билік берілмей, көпе-көрнеу кемсітуге ұшырағанын, өз ұлтынан шыққан санасы бүлінбеген азаматтардың қуғын көргенін де көзден таса қалдырмайды.

«Жақсылар абақтыға жатып қалып,

Кінәлі парақорды құрмет етті».

немесе:

«Ілінген мәртебеге бір қазақ жоқ,

Бәрі де жөнін таппай қаңғып жатыр».

«Хәр жерде қазақ ұғлы нала боп жүр,

Тәңірім көздің жасын бір имей тұр»

Аурудың тамыр соғысын тыңдап, кесел сырын дәл табар білгір емшідей, заманының бүкіл саясатын, шығарылған заңдарды, билік жүргізуші үкіметтің ішке бүккен күпия да сұрқия бағдарламасын озық ойлы ақын тап басып, дәл таниды. Танығанын жасырмай, өткір тілмен айта да біледі.

Ынтымағы бұзылмаған елге іріткі салып, бөлшектеп-бөлшектеп жұтып жіберуге дайындау үшін не істеді? Осының түп тамырын табады:

«Байларды бұзайын деп қарастырды,

Партияға мал шаштырып таластырды» -

деп іріткі салудың басы - болыстық сайлау екенін көрсетсе,

«Байқасаң бұ заманда байлар күшті,

Параны беріп-беріп топқа түсті»,-

деген сөзінде өз беделімен емес, топқа түсу үшін жоғары ұлықтарға пара беретінін барлық қиянат, өтірік жаламен арыз жазу әділетсіз шешім, бәрі-бәрі осы бір ұлықтар алатын парадан тарайтынын көрсетеді. Біреуді қаралап күнәһар болғанымен қоймай, өзі де

мальнан айрылып, кедейленіп бара жатқан қазақ бейнесін көз алдына алып келеді.

«Арызды ұлығына беріп-беріп,
Шығынға жарты малын төлер боп тұр».

Ақын пара деп, партия деп малды босқа шығындамандар деп өсиет айтады.

«Мал шашып болыстыққа, партияға,
Мансап деп құрымасын емешеніз».
«Мал шашып партияға әуре болмай,
Шариғат жолыменен бірлік қылшы».

Арыз жазу мансап үшін ғана емес, жалпы, ел ішіне кірген дерт болғанын мына сөзімен сынап кетеді:

«Бір-бірін қырғи болып, үстен беріп,
Қарасаң екі қазақ қағаздасып».

Түбін тереңге жіберген осы бір арызқойлық сонау қазақ даласын орыс әкімшілігі билеген тұста, әдейі енгізілген ұлтты орға жығу үшін қолданылған апатты әдіс болғандығынан ақын хабар береді. Бұл жаман әдетті де қазақтың өз мінезі деп оған жауып қойғаны мәлім. Қазір ешкімге бұрынғы қазақтар жасырын қағазға жазып, арыз айтпағанын, екі даугер бидің алдында ауызша дауға түскенін түсіндіре алмайсың. Би де дауды сол сәтінде шешіп берген. Егер би дауды әділ шешпесе, оның алдына екінші рет дауласқандар келмейтін болған. Ел арасында: «Бидің билігі бұзылыпты, сөзден жаңылыпты», - деген әңгіме тарап кеткен. Өз абыройынан қорыққан билер дауды адалдықпен шешіп отырған. Бұны атақты Ш.Уәлиханов та өзінің «Сот реформасы» атты еңбегінде атап көрсеткен. «Қара қылды қақ жарған» деген афоризм осыдан келіп шыққан. Бұл туралы қаншама қызықты әңгімелер ел аузында сақталған. Бірақ бұның бәрін ысырып тастап, сырттан айтылған сөз қазаққа мін болып тағылып жүр. Әрине, бұл шындықты қазақ әдебиетінде айтқан Ақылбек Сабалұлы ғана емес екені белгілі. Өзінен бұрынғы дәуірдегі Шортанбай мен Дулат та өз жырларында айтып кеткен болатын. Осы бір апатты құбылысты Шортанбай былай береді:

«Сайлауға салып ынтасын,
Байлар қалта қағып тұр,
Сыр бойында шаяндай
Бірін-бірі шағып тұр».

Ал, Дулат ақын: «Мынау азғын заманда,

Сөзінің кетіп байлауы,

Келелі биде кезек жоқ,

Қоритын болыс сайлауы»[74; 82], - деп азғын заманның белгісін көрсетеді. «Тарихи ақиқатты өз кезінде қазақ ақындарының бәрі бірдей көре берген жоқ»[74; 25.], - дейді Қ.Өмірәлиев Дулат ақынның ерекшелігі туралы. Сол тарихи ақиқатты айтқан ақындар қатарында Ақылбек Сабалұлы айтылмай жүргендігін де ескерткіміз келеді. Ел билеуден үміткер қазақ зиялыларын болыстық сайлаумен тұралатса, еңбегімен күн көріп, еңбегін сатқан қалың бұқараны «айбынымен» ықтырып, әділетсіз заңымен тақырға отырғызған патша үкіметінің шынайы бейнесін ақын көре біледі:

«Жарымын шапқан шөптің орыс алып».

«Қылмысынан тапқандай жалаңаштап,

Тартқаны бейшараның күнінде айып».

Осы айып салу, тіпті, күн көрсетпеуге айналғанын айтады.

«Алымы елу тиын мал басына

Орыстың хеш бөгет жоқ алмасына.

Қорадан ағаш кессе бортақолдап,

Кедейдің көзі жетті оңбасына».

«Үйге отын әкелем деп бір бейшара,

Айрылып үйге келер балтасынан».

Айнала қусырып келе жатқан осындай әділетсіздікті көргендіктен де ақын өз заманын «Сұм заман» деп атайды. Жүрегінді шошындырған кейбір қиындықтарды көріп отырған ақынға: «Неге бұлай дейсің, Ресей үкіметінің жақсылығын неге көрмейсің?» - деу қиянат. Қазақты күшпен ығыстырғаны бір басқа, өздерінде қалған жерді қазақтардың біраз жылға орысқа жалға беріп жатқанын көрген ақын шырылдай түседі. Ол біраз жыл өткен соң қайтарусыз соларда қалып кететінін, қазақтың болашақ ұрпағы жерсіз қалатынын зерек ойлы ақын жақсы түсінеді.

«Қазақты әуел баста қара басты,

Орысқа беріп қойды дабырнасты»-

дейді. Жерден, малдан айрылған қазақ, өз елінде отырып, орысқа жалшы болды. Бұл да «Сұм заманның» басқа салған сұмдығы.

«Қылған ісің орыстың шаруасы,

Не деп жауап береміз бір күн өлсек»-

деп үлкен әлеуметтік маңызды мәселе көтереді.

Күн көру қамы қиындап, бір-бірімен арыздасып, бірлік кетіп, жерден, малдан айрылып есеңгіреп тұрған қысыл-таяң кезде, дінге, дәстүрге шабуыл жасалғанынан да ақын хабардар.

«Қорқамын ислам діні сөне ме деп,
Дінсіздің жарлығына көне ме деп,
Мұсылманның баласына теңдік келмей,
Қорғалап қолтығына ене ме деп».

Себебі бұл ілімге көңіл бөлетін адам азайды, құдайдың қаһарынан қорқуды қойды.

«Тамұқты жүре бара көрсеміз деп,
Шариғат жөнін сұрап таласпады».
«Бәлені бір-біріне жауып отыр,
Алланың тура жолынан теріс кетіп,
Көңілі жамандыққа ауып отыр».

Міне, осылайша халықтың қасиетті санаған қастерлісіне де суық ызғар соғып тұр. Тіпті дін иелерінің өзінде де осы байқалады:

«Сопы менен қожа кім бұ заманда
Молласы сағым сайтан жыңды болды».

Өзі молда бола тұра ақын неге бұлай дін иелеріне ашы сын айтады. Мұсылман молдаларының өзін орыс үкіметі арнайы жарлықпен тағайындаған. Көркем әдебиетте сөз болатын «указной молда» дегендер осындай үкіметтің жарлығымен арнайы тағайындалған молдалар болатын. Бұлар көбінесе, діннің адалдығы үшін емес, үкіметтің көңілінен шығу үшін қызмет еткен сияқты. Дінге елдің көңілін суытатындай істерге барған тәрізді. «Дүмше молда дін бұзар, дін бұзбаса ел бұзар» деген сөз осы кезеңде шыққан болар деп ойлаймыз. «Молдасы сағым сайтан жыңды болды» деген ақын сөзінен де осындай молдаларды көргендей боламыз. Бұндай молдаларды дайындауда да қазақ ұлтының ішкі бірлігін, дінін шайқалту саясаты жатқаны анық. Бірақ осыны әлі толық түсіне алмай келеміз. Осының кесірі халықтың мінез-құлқын бұзды, дәстүр шайқалды, сана төмендеді.

«Жігіттен әдеп кетті, қыздан ұят».
«Ұл атадан айрылды, іні ағадан,
Ынтымақ шықпай кетті бір жағадан»

немесе «Кішіден ұят, үлкеннен қадір кетті», - деп ашынады ақын сұм заманның корінісі ретінде. Сұм заманның сүреңсіз

көріністері бұнымен тоқталмайды. Халық мінез-құлқының өзгеруі - елдіктің іргесін шайқалтар қауіптің бірі. Үлкенді сыйлау, бірін-бірі тыңдау, әйелі ерін күту, ата-ананың бетіне келмеу, атқа мінер азаматтың халық қамын ойлауы сияқты ұлттың ерекше мінез-құлқы боп саналатын еш жерге жазылмаса да, ұрпақтар санасына сіңіріліп келе жатқан ата-баба заңдары - дәстүрлердің аяққа басылуы ақын көңілін болашақтың суық ызғары болып мұздататындығы көрінеді.

«Кетіпті қол ұстасып қайсы біреу

Ата мен анасынан мүлде жеріп».

Қасиетсіздік, қатыгездік жайлаған елде, үлкеннен бата алмаған жастардың өмірінде құт-береке болмайды. Соны жастарға ақын қатаң ескертеді.

«Үлкеннен қарғыс алған жастар,

Баса көр аяғыңды аңдап-аңдап».

Дәстүрдің киелі қасиетіне баса назар аудартады. Заман жүгін арқалар азаматтардың бойында қайрат, жігер, өз намысын қорғар қажырлылық болмаса да заманның рухани құлдырауына ұшырайтынын айтады.

«Қатынның айтқанынан ер аспады,

Жөн көріп жақсылармен жанаспады.

Жамаң қатын үйінде бір ақырса,

Біліксіз екі аяғын бір баспады».

Әйелге сөзін өткізіп, бір отбасыға не болу үшін де ер азаматқа біліктілік қажет. Біліксіз, қажырсыз ерді басқа түгіл жамаң қатын да тындамайды. Жақсылардан үйренуге кейбір өресіздерге жасық мінез жібермейтінін айтып күйінеді. Сұм заманның мойнына су кеткен, әрекетсіз пенделерінен ақын күдер үзеді. Ел ішіне кеулей кіріп, індет боп жайылып, күйедей жайлап бара жатқан тәрбиесіздік, әдепсіздік. Бұны ақын заманның қаралы тұсы деп таниды.

«Әдеп сөз айтылмайды байқап, аңдап,

Балалар тіл алмайды қылжыраңдап.

Жастардан сіз, біз дейгін топас туып,

Мәстектей жүген көрген одыраңдап».

Былапыт сөзді айтуды да «қазақтың дәстүрі ғой» дейгін намыссыз жаңды көргенде ақынның осы сөздері ойға оралады. Әдепсіз сөзді «мәкүрік» арам деп отыратын бұрынғы тәрбие алған үлкен кісілердің шарасыз келбеттері көз алдыға келеді. Тәрбие

көрмеген орыс мұжықтарының бар мінезін бойына сіңіріп, оны мәдениеттілік деп таныған адасқан қазақ қоғамын жүрегің езіле ойға аласың. Былапыт сөзбен қадірлі анасын, өзінің адал некелі әйелін, үлкен мен кішіні сыбай жөнелетін әдепсіздікті де Ақылбек ақын сұм заманның сұрқия мінезі екенін түсіндіреді.

Бүкіл бір рудың, бір атадан тараған әулеттің, ауылдың жанашыры бола білген Ақсақалдың да қадірі кетті, өйткені олардың да ойларында жеке бастың пайдасын ойлау көбірек пайда болды. Бүкіл бір қауымның қамқоршысы боп, ауырлығын мойнымен көтерген ел басылардың да мінезі өзгерді. Соңынан ерген елге қамқор болар, қорған болар кісілік кетті. Атқа мінген азаматтан шарапат емес, кесепат күткен ел кімге сүйенбек? Мұңын тыңдап, жоғын жоқтар басшы болмаса, елдің елдігі қайда? Өз құлқынын ойлағаннан әрі аспайтын, елін басқаларға қосыла талап жүрген ел жақсыларының сипаты да - осы сұм заманның бір қайғылы көрінісі. Ақын бұны төмендегі жолдармен көрсетеді:

«Атқа мінген дау сөйлеп пысық боп тұр,
Кісілігі жақынға қырсық боп тұр.
Өтірік айтып, мал тауып, ант беріп,
Жылан алып арбаған мысық боп тұр».

Осылай өз заманының сұмдығын, бар бітім-болмысын, отаршылдар алып келген қиындығы мен содан туындаған кесірлі мінез-құлықты, ел басына түсіп тұрған зауалын айтқан ақын одан шығар жолды да көрсетеді. Ақылбек Сабалұлының алдындағы «зар заман» ақындарынан өзгешелігі де осында.

«Бұрынғы заман келмес енді айналып,
Айғырдан құрбан қылып шалсаңдағы»-

деп өткен күнді қайтара алмайтындығын ақын жақсы түсінеді. Құр қайғырып, жұрттың бәріне белгілі көріністі айтып бергеннен де ақын мұраты орындалмайтыны белгілі. Өз замандастарынан ақынның, жалшы сөз өнері бойына дарыған жандардың артықшылығы да осы болашаққа жол көрсетер ой тастай алатындығы деуге болады. Ақылбек ақын да болашақта заманды қалай дұрыстауға болады, дәл осы күнде содан шығар жол бар ма дегенге тоқталады. Өткен күнге күңіренген де, қиналған халыққа жол тапқан да, көпшілікке ақыл берген шын жанашырлық екенін көрсетеді. Ұлттың шын перзенті осындай қиын сәттерде жәрдем қолын созса керек.

«Адамның ғақылының керегі не,
Пайдасын білімінің көргізбесе».

Өзі ұғынған шындығын еліне жеткізеді. Осы арқылы өзінің перзенттік борышын атқаруға әрекеттенеді. Енді осы ақын көрсеткен жолдарды іздеп көрелік.

Бір - жол ел бірлігін сақтау. Басқыншы жұрттың ел азғырар заңдарына сақтықпен қарап, қадір-қасиетті аяққа бастырмауға күш салу керектігін айтады.

«Қазақтың берекесі ортасында,
Орысқа партия боп шашылмаса».
«Не керек берекені жия алмаса,
Бір жерге тату болып тұра алмаса».
«Мал шашып партияға әуре болмай,
Шаригат жолымен бірлік қышшы».

Тарихи жырда кездесетін осы жолдарда ақын тапқан тура жол - ынтымақ. Қазақ қоғамын мойынға мінген кедейліктен, азғындықтан құтқаратын - саналы азаматтардың бірлігі. Ел бірлігін бұзу үшін орыс үкіметінің сайлау жүйесін кіргізіп, елді ала қойдай қырғынға алып бара жатқанын көзі ашық ақын айнытпай таниды. Содан сақтандырады.

Екінші бір елді аман алып қалатын жол деп көрсететіні - кәсіпкерлік. Белгілі бір кәсіпке ие болып, сол арқылы күнін көру. Құл болу емес, таза еңбегін сату. Белгілі бір кәсіпке бейімделіп, өз өнімін базарлау. Қоғамға тежеусіз еніп келе жатқан капитализмнің белгілеріне халық бейімделуі керек. Жерінен ығыстырылып, малынан айрылған қалың көпшілік кәсіп иелері болғанда ғана өмір сүре алады. Сұм заманды өз еңбектерімен ғана жөнге сала алады дегенді тілге тиек етеді. Сол кезеңде мүмкін болған кәсіп түрлерін санамалап көрсетеді:

«-Жүк тасып бір жігіт көлік жексе,
-Біреулер бос отырмай тігін тіксе.
-Ерінбей жазғытұрым егін ексе,
-Біреуі тақтай тілсе,
-Біреуі харекетті қылса суда.
Жұмысқа жарамаған малын бақса,
Қосақтап қарағайды талмен байлап,
Бір кәсіп жазғытұрым талмен ақса.
Бір кәсіп бозбалалар саржан кессе.

Ақылбек Сабалұлы «Сұм заман» поэмасында дәуірдің тұтас болмысын суреттегенін айттық. Онда ел билеу саясатынан бастап, базардағы мал мен матаның бағасына дейін түгел сөз етеді. Орыс үкіметінің қазақтарға ашық зорлығын ақын еш бүкпесіз айтады. Поэмада нақты кейіпкер жоқ. Тұтас дәуір, сол дәуірдегі қазақ қоғамының өмірі, тыныс тіршілігі суреттелген. Сондықтан бұл шығармасын тарихи лирикалық поэма деген дұрыс деп есептейміз. «Сұм заман» поэмасында ақын өзі өмір сүрген қоғамның бар болмысын түгелімен суреттеген. Қазақ өміріне отаршыл үкімет енгізген зардаптарын түп-түгел көрсеткендіктен, ақын қоғамдық наразылықтың жыршысы бола білген. Бұл поэма - өз ұлтының болашағын ойлап жан ұшырған ақынның жан айқайы. Базардағы заттың құнынан бастап, оның сапасы, қажеттілігінен басталған қазақ қоғамының болмысы, үй ішіндегі жандардың қарым-қатынасы, күн көріс камы, еңбек, өнер түрлері, ел басқару ісі, ел бірлігінің ыдырауы, малдан, жерден, құқықтан айрылған қазақ ұлтының мүшкіл халі шыншылдықпен суреттелінеді. Үкімет шығарып жатқан заңдар орыс ұлтының ғана пайдасын көздейтіндігі де ақын назарынан тыс қалмайды. Думаға сайланған депутаттардан үміт күтіп отырған ел жақсыларының халіне дейінгі жағдай «Сұм заманды» түгел қамтылған. Ақын сол кездегі саяси ахуалды қалтқысыз дәл таниды да, еш бүкпесіз өлеңге түсіреді. Ақынның бұл поэмасын әлеуметтік, азаматтық сарында жазылған кең ауқымды көркем туынды деп бағалауға тұрарлық. Заман бейнесін шынайы суреттеген қазақ әдебиеті тарихында аса құнды тарихи жыр – Ақылбек ақынның «Сұм заман» поэмасы. Шортанбай да, Дулат ақын да заманының болмысын өлеңмен жырлаған ірі ақындар. Ақылбек Сабалұлы бұл ақындардың жолымен жүрсе де, олардың айтқанын ғана айтып қоймайды. Жерінен, малынан айырылған қазақтарға өмір сүру жолдарын көрсетеді. Өміріне азық, болашағына тірек болатын өнер, кәсіп түрлерін түсіндіріп, өмір сүру формасын өзгерту керектігіне жол сілтейді. Бұл ақынның өзінен бұрын өмір сүрген ақындардан ерекшелендіріп тұратын басты сапасының бірі. Сонымен бірге, Ақылбек ақын ол ақындардан біраз уақыт кейін өмір сүрді, сондықтан, бұл поэма ол ақындардан кейінгі дәуірдің шынайы көрінісі болып шыққан.

«Сәтбек» – тарихи поэмасы

Оқиғасын осы қазақтар арасындағы тарихи оқиғадан алып, орыс үкіметінің зорлықшыл саясатын әшкерелеген Ақылбек ақынның өте құнды шығармасының бірі – «Сәтбек» тарихи поэмасы. «Сәтбек» 1909 жылы Қазандағы ағайынды Каримовтар баспасынан «Қисса-и Сәтбек» деген атпен кітап болып шығады, көлемі 14 бет. Бұл туралы ақынның өзі де шығарған кітаптарына тоқталғанында «Жиырма үшіншіде әуес көріп, өлең қып шығарған ем Сәтбек ерді» - деп атап өтеді. Бірақ бұл кітап еліміздегі кітапханалардың ешбірінде сақталмаған болып шықты. Біз бұл жырды Қытайдағы бауырларымыз Бейжіндегі «Ұлттар баспасынан» «Қазақ қиссалары» деген атпен 1986 жылы шығарған көп томдықтан алып отырмыз.

Сәтбек батыр тарихта болды ма, Жармақты /Ермакты/ сол өлтірді ме? - деген сұрақтарға біз дәл жауап таба алмадық. Өйткені Сәтбек - ел аузында айтылып қалған, соңғы уақытта аңызға айналып бара жатқан қазақтың ұлттық қаһарманы. Тарихи дәл мәлімет жоқ. Ермактың да басы ашық емес. Ол туралы Көшім ханның жеңілуіне себеп болған деген сөздер айтылады. Оған қаһарман ретінде арқаның төрінен қазақтың бір қаласының атын да беріп қойды. Осы жырдағы оқиға тарихи шындықтан алынған болар деген ойға жетелейтін де Ермак аты берілген қаланың орны. Себебі Ақылбек ақын Сәтбектің тұрған мекенін:

«Мекені Қызылжардың ар жағында,

Өтіпті жалғыз жігіт бір ұядан», -

деп қазіргі Ермак қаласы тұрған төңірекке сілтейді. Сол тарихи шындықты білетін орыс ұлтының өкілдері қолдарынан келіп тұрғанда, Ермак өлтірілген жерге соның атын қоюы ғажап емес. Сол уақытқа дейін ол төңіректе Сәтбек аты аңызға айналған батыр боп келсе де, орыстарға қарсы сөздің бәрі қуғындалған кездерде айтуға тиым салынып, қазіргі ұрпақтың санасынан өшіріліп, керісінше, көбірек насихатталған Ермак халық қаһарманына айналуы мүмкін. Бұл біздің еліміздегі жер атауларына байланысты жүргізілген орыстандыру саясатының көп мысалдарының бірі ғана болып шығады. Белгілі жазушы Рамазан Тоқтаровтың «Бақытты құлдықтың ақыры» деп аталатын романында осы Ермак атына байланысты тың игеру кезіндегі бұзақы орыс жігіттерінің қазақ

аулына салған ылаңы айтылады. Өз жерінде шарасыздықтан киналған ауыл адамдарының тағдыры жүрегіңді езіп жібергендей суреттеулер. Бұл жазушының ойдан шығармаған оқиғасы екені анық байқалады. Сәтбек есімін ел жадынан мүлдем шығару үшін істелген озбырлықтың соңғы бір көрінісі. Сәтбек атына байланысты осылай болжам ғана жасап отырмыз. Біз бұл еңбекте Сәтбектің тарихи болмысын ашуды мақсат етпедік. Сәтбек бейнесінің Ақылбек акын жырлаған тарихи поэмада қалай суреттелгеніне тоқталмақпыз. Сәтбекті көркем образ ретінде талдамақпыз.

Орыс үкіметінің жыл сайын қамал салып, біртіндеп қазақ жерін иемденіп, қазақтың өзін ығыстырып отырған аса айлакер саясатын акын өлеңмен жеткізіп кеткен. Жерге, ерге жалпақ елге жасалған зорлық, қолмен істелген қиянат, қиянатты дұрыс көрген қисық заң бәрі бұл поэмада бүкпесіз айтылады. Бұл тарихи жырдың көркемдігі де, тарихи шындықты айтуымен құндылығы да Ақылбек Сабалұлын қазақ әдебиеті тарихынан толық орын алуына мүмкіндік берер еді. Өкінішке орай, бұл жыр еш жерде айтылмай жүр. Орыс үкіметінің қазақ жеріне келуінің шындығын көрсетуіміз керек болғанда бұл тарихи жыр - таптырмайтын бағалы жәдігер. Мектеп бағдарламаларына енгізіп, Сәтбектің ерлігін ғана емес, отаршыл үкіметтің зорлығы мен оған халықтың қарсылығының тарихы деп те оқытса, Сәтбек батыр ұлттық мақтанышымызға айналары сөзсіз. Туған жерінде бір қалаға ер Сәтбектің атын емес, қанішер Ермақтың атын қойып, ұрпағы батыр бабаның аруағының алдында жерге қарамас еді.

Батыстан жылжып келе жатқан Зұлматтан Асан бабалар шошынып, Бұқар аталар қорықса, сол қауіптің қалай болғанын Ақылбек Сабалұлы өз поэмасында дәл суреттеп көрсетеді.

«Батыстан орыс шықты ұрлай көшіп,

Сүйретіп көк арбасын жарды кесіп.

Қазақтың қыстау, жайлау, көктеулігін,

Келеді кеміріп жең, бөліп пішіп»,- дегенінде акын

қазақ жеріне біртіндеп қамал салып, шетінен бөлшектеп басып алып келген орыс отаршылдарының дәл сипатын көрсете алған.

«Қазақтың кең даласын басып алмақ,

Бағын да бодамға алып өзін баспақ.

Сайланған солдатты бар сан мыңдаған

Конбесең бесатардан оғын шашпак»,- дейді ақын. Орыс әскері өзіне әскери қамал салып, өзін қарумен қорғаған тарихи оқиға сол қалпы көзалдына келгендей болады.

«Әуелі ойы арам деп тек демеген,

Кең құрсақ, тоқпейіл ел кет демеген.

Ақыры өз жерінен айдап шықты

Ел тамсанды «қорлық» деп, бұл не деген?»,- алғашында бодандық емес, сыртқы жаудан қорғайтын одақтас боламыз деп түсінген қазақ қауымының алданған өкініші де анық көрінеді. Осы шумақтардан бодандық қамытын мойнына ілген еліміздің ащы тағдыры көрінеді. Тарихи шындықты осылай анық көрсеткен ақын кітабы кейінгі «Россияға өз еркімізбен қосылғанымызға 200 немесе 250 жыл болды» деп даурыға тойлап жатқан кезеңде көзі құртылатыны анық. Отарлық деген сөзді айтқызбай, «жарылқауға келген ел» деген түсінікті әбден санаға сіңіру үшін осындай тарихи жырлар мен әңгімелер қатты қуғындалды. Сөйтіп, Сәтбек сынды батырлар ұрпақ санасынан өшірілді. Ақылбек ақынның «Сәтбек» поэмасы - қазақ әдебиеті тарихында ерекше бағалы туынды. Өйткені ақын өз шығармасында қазақ елінде бодандыққа қарсы ұлт азаттық күрес жүргендігін де, күші басым қарумен, арнаулы әскермен келген өктем елдің зорлығын да сөз етеді.

«Зорлыққа көнбейміз деп қазақ шықты,

Белдесіп айқасып жүр талай мықты.

Күштіге көмегі көп әлі келмей,

Біріне-бірі ілесіп кейін ықты».

немесе: «Қарсыласса қалдырмай қырып тастау,

Бұл әмір низамына бұрыс емес»,-

деген сөздерінен зорлықты заңмен бекітіп, ойларына келгендерін істеп, ойран салып жүрген жауыздықтың анық суретін береді. Оны баяндамайды, көзіңе көрсеткендей суреттейді. Сондықтан бұл қисса - ерліктің ғана емес, отарлықтың сойқаны мен жазықсыз құрбан болған ерлердің, бодандыққа қарсы күрескен еліміздің де көркем тарихи шежіресі. Ұрпағы ұмыт қалдырған Сәтбек батырдың ерлігі мен тарихты теріс түсіндіріп, ұлттық батырға қолдан айналдырылған Ермақтың жауыздығын әшкерелеген қазақ әдебиеті тарихындағы бірден-бір шығарма. Жастарымыз мәңгүрт болды деп көп айтқаннан гөрі, мәңгүрттікке апаратын осындай өтірік пен

шындықтың жігін ажыратып, жас ұрпаққа өз ұлтымыздың шынайы болмысын, басынан өткен ауыр тарихын түсіндірер осындай шығармаларды жарыққа шығарып, игілігімізге жаратқанымыз әлде қайда маңыздырақ болар еді.

Енді сол «Сәтбек» поэмасының оқиғасына еніп көрейік. Сәтбек туралы ақын мынадай мәлімет береді:

«Мекені Қызылжардың ар жағында
Өтіпті жалғыз жігіт бір ұядан.
Аты екен ол жігіттің Сәтбек мырза,
Көрген жан құрметіне болады ырза.
Алыпты Сәтбек мырза екі қатын,
Тіл жетіп айтып болмас салтанатын.
Қас болған тоғыз орысты бірдей құртып,
Патшаға аузы барып айтқан датын».

Осылай ақын сөз басында-ақ өзінің кейіпкерінен толық мәлімет береді. Оған не үшін жыр арнап отырғанынан хабардар етеді.

Өз салтанатымен, өз байлығымен, өз жерінде алаңсыз жүрген мырзаның біреуге соқтығарға еш себебі де, ойы да жоқ. Алаңсыз жатқан бейбіт ауылды қырып салған жауыз Ермақтың жан түршігерлік ісі шығармаға негіз болған. Сол күні ғана аман есен қалдырған ауылда ойран боп жатқанын арқалы ердің өзі білмейді, жүрегі сезеді. Ақын адамда кейде болатын ішкі толқынысты да шебер суреттеп кетеді:

«Алаңсыз жүрген адам көңілі жай,
Жүрегі тулады аттай, япырымай.
Өзіне не болғанын өзі білмей,
Төңкерді бір шыны да шай іше алмай».

Ақынның адам көңіл күйін түсіндірудегі психологиялық талдаулары да көңіл аударарлық. Жазба әдебиеттің ерекше қырын жақсы меңгергендігі көрінеді. Және оны қазақтың өз ішіндегі ұлттық түсініктермен көрсете алған. Әлдебір жамандықты сезген батырдың қобалжыған көңіл күйін күнделікті өмірдегі мінезден алыстатпай суреттейді. Жаудан қорықпаған батырдың жүрегін аттай тулатқан сұмдықты ақын былай суреттейді:

«Айналып малшысының үйіне енді,
Білейін не сұмдық деп мынау сырды.
Дыбыс жоқ үй ішінде тас қараңғы,
Кесілген он екі бас көзі көрді.

Корді де жаны ұшты бұл сұмдықты,
Шам алып өз үйіне кіріп кетті.
Есікті пәрменімен ашып қалса,
Үш ұлын бәйбішемен өлтіріпті.
Қайта кел қонақ үйге көзін салған,
Тентектің заманы ғой мына заман.
Шай ішіп самаурынмен отыр екен,
Бәтішті тоғыз орыс ортаға алған».

Бір ауылды түгелімен қырып салып, Сәтбектің аты ауызға іліккен жалғыз қызы Бәтіш сұлуды олжалап отырған тоғыз орыс әскері айылын жимастан, өздері салған бүліктің қарымы қайтар-ау деп ойланбастан алаңсыз сол өздері ойрандаған үйдің төрінде отыруын оқығанда Сәтбектің ерлігіне емес, ақылы мен сабырына тәнті болмасқа лажыңыз жоқ.

«Басшысы тоғыз орыс - кәпір Жармақ» деп сұмдық ойранның иесінен хабардар етеді. Аттарын көруге шыққанда бір-бірілеп ақ алмаспен желкелерінен шауып тұрған Сәтбектің осы кәпір Жармақпен белдесуін ғана суреттейді. Жармақ осал жау емес, толқып тұрған Сәтбектің сілтеген ақ алмасы жаза тиіп, басын емес кәпірдің сол қолын қиып кетеді. Сәтбекке бір қолымен қалған Жармақтың өзі көп қауіп төндіреді:

«Сол қолын қиып түсті, оң қол қалды,
Шап беріп қабырғадан ұстай алды.
Көтеріп бір қолымен үйіріп жүр,
Байқасаң көп адамнан мынау әлді.
Барады қысып Жармақ Сәтбек ерді,
Ағызды қысқан сайын қара терді».

Бүкіл қазақ даласын дүр сілкіндірген оқиғаның шын көрінісі осындай. Осы қырғын оқиғаға халық қалай, үкімет адамдары, оның ішінде, ақ патша қалай қарады? Поэмадағы оқиғаның дамуына осылар негіз болады.

Қайратқа жалғыз қылған жұрт сүйсініп,
-Жарайды, бәрекелді, дейді дұрыс!
Ат-азық, қару-жарақ жиып жатыр,
Бар қазақ «саламыз», - деп «жанды ортаға».
«Бүкіл ел мұны көріп атқа мінді,
Шақырып әр түрлі ұран жасақ жиды.
Жанға-жан, төгеміз қанға қанды,
Малдарын құдай үшін айтып шалды».

Әлгі қанды қырғыннан кейінгі халық арасындағы психологияны ақын осылай көрсетеді. Қияннан қиқу шығып, ер намысы аяққа тапталған тұста жауынгер ел елдігін істейді. Ел тұтастығына сына түспеген кезеңде, бір женнен қол, бір жағадан бас шығарып, бір ұран астына біріккен ел - алынбас қамалға айналды. Ақын осыны сүйсіне жыр етеді. Осы оқиғалардан кейін Сәтбектің нағыз болмысы ашылып, ер тұлғасы биіктей береді. Басына түскен ауырлықты өзі ғана көтеріп, халқын сақтап қалуға бел байлайды. Бір жағы, өзінің адалдығына, заңның әділдігіне әлі де сенімі барлығын танытады.

«Болмасын,-деді Сәтбек - арты жаман,
Әзірше араңдаспа, халқым, маған.
Тексерер алып барып азар болса,
Соқтықпа жанған отқа жарқылдаған».

Осы тұста орыс үкіметінің чиновниктерінің, олар ұстанған саясатының, әрекет жасаушы заңның бүкіл бет-бейнесі ашылады. Өзі көрген шындықты сөз етуден ақын қаймықпайды.

«Жандарал мұны көріп кәрін тікті:
«Қазақ»,-деп: «бұл не деген туған мықты».
Бір орысқа он қазақ құнын кесем,
Тез әкел тергейміз,-деп бұйырыпты».

Жандаралдың суық ызғарлы кесімінен-ақ қазақ елінің құқығының заң жүзінде қаншалықты төмен екенін айтпай ұғасыз.

Ал енді, ақ патшаның аузынан естілетін Сәтбекке қойылған айыптардан өз әскерін қолдап отырған теңдессіз күш барлығын ғана емес, сонымен қатар, орыс үкіметінің өздерінің сұрқия саясатын жауып, жасырып, бүкіл тарихты басқа арнаға бұрған аярлығы көрінеді. Сол аярлықты - сөз бен істің арасындағы күн мен түндей алшақтықты қырағы ақын дәл табады. Поэмадағы сөздерге қараңыз:

«Жазықсыз сонша адамды неге қырдың?»
«Сұраусыз орыс жоқ деп ойладың ба?»
«Естуім олар біздің шарлаушымыз,
Қорғайтын ел мен жерді арнаушымыз».
«Олар бір бейбіт әскер жайын жүрген».

Осы уақытқа дейін бізге шындық деп айтылып келген әдемі сөздер патша аузынан естіледі. «Елді қорғауға келген бейбіт әскер, мәдениет әкелуші» деп түсіндірілгені кімге де болса мәлім. Ақ

патша алдында тұрып, жауап берген ер Сәтбектің сөзі - бұрын соңды айтылмаған шындық.

«Жіберіп қырғыншы мен қарақшыны,
Халыққа жайын жатқан кім бүлдірген?
Өлтірген солар ол күн он алты адам,
Бір ауыл, үш ұл менің қатын-балам.
Жоқ еді алты аласым, бес бересім,
Тексеріп әділдік қыл болмай шабан.
Өзіне өз қылғанын қылғаным сол,
Өлтірген әуел адам ол қанды қол».

Патша жіберген әскерлердің содырлы сойқанын, оларға ешбір тежеу жоқтығын осылай ашына сөз етеді. Бейбіт жатқан елді дүрліктіріп, берекесін алған патша жендеттерінің іс-әрекетін өзіне қаймықпай айтқан, әсіресе, орыс тілінде сөйлеп, өз ойын тікелей жеткізген өнерлілігін де ақын қалт жібермей ескертіп отырады. Поэмада Сәтбек - өз басын ғана қорғаушы емес, бүкіл елінің жоғын жоқтаушы азамат. Қазір бір өзі мұнда тұрғанымен артында іргелі елі бар, соған сенген, ақ патшадан елінің бостандығын талап еткен ірі тұлға.

«Шарлаушы бұдан кейін жібермесең,
Қазақты басқа жұрттан кем көрмесең.
Қайтарып жер мен суды өздеріне,
Зорлықпен жерімізді бөлдірмесең.
Тарыдай қылмысым жоқ, арым таза,
Әділдік болмас маған берсең жаза.
Бұзылып аймақ елім атқа мінсе,
Қозғалса мазаң кетер кең сахара».

Тіпті, артындағы қалың елімен ақ патшаға күш те көрсетіп қояды. Патшаның ішкі ойын ақын ылғи да тап басып отырады. Сәтбекті жазалағаннан ешнәрсе ұтпасын білген, әлі де тұтас отырған қазақтарға соқтығудан қаймыққан патша қулыққа көшеді. Бұған бостандық беру арқылы, халық сеніміне кіруді ойлайды. Бұдан өзге осындай ірі тұлғаларды шен беріп алдап қойып, бүкіл елге бодандық қамытын мықтап кигізуді ұйғарады. Бұл қулықтың сырын Сәтбек ер жақсы біледі. Шеннен бас тартқан батырдың айбары аса түседі.

«Шенінді жеті ғалам мен алмаймын,
Алдаған құр сөзіңе сене алмаймын.
Сен үшін жан сауғалап қызмет қылып,
Бодамға елді сатып бере алмаймын».

Сырғытып елін айдап, жерін алып отырғанын патшаның бетіне басады. Сәтпек жауабы арқылы бодандыққа басы байланған қазақ ұлтының өкінішті тағдырын да тарих ізімен түсіндіреді. Қанішер Ермақты тобымен қоса өлтіріп, ақ патшамен тайсалмай егесіп сөйлескен ер Сәтбектің бейнесін ақын асқан сүйіспеншілікпен сомдап шығады.

Қорыта айтқанда, Ақылбек ақын сонау Көшім хан ұлысының қирауына себеп болған Ермак (қазақтар арасында Жармақ аталған) атты казак орысты өлтірген Сәтбек атты казак батыры туралы ел аузында сақталған әңгімені жырға қосқан бұл поэмасы қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ бағалы еңбек деуге болады. Ермак фамилиясы сақталмаған жалдамалы казак орыс екен. Атына әкесінің атын қоса айтып, фамилиясын ешуақытта өзгертпейтін орыс халқының дәстүрін еске алсақ, оның қайдан шыққаны да белгісіз жан екені өз-өзінен түсінікті болады. Сібірдегі бай хандықты бағындыру үшін, патша үкіметінің сан түрлі айла тәсіл қолданғаны белгілі. Соның бірі – түрік адамдарынан христиан дініне кіргендеріне сібірдің мол жерлерінен көп үлес беруі. Дінін ауыстырумен бірге есімдерін де, фамилияларын да ауыстырған мұндай жандар өздері иемденген көп жерді мұсылман бауырларынан қорғап тұру үшін, казактардан жалдамалы әскер ұстағандығы туралы мәліметер кездеседі. Кама өзені бойынан мол жерге ие болған ноғай өзіне Стожаров деген фамилия алып, біз сөз етіп отырған Ермак бастаған бір топ казакты дүниелігін қорғауға жалдайды. Олардың өздеріне қанша төлсегені, аттарына қанша астық беріп тұрғанына дейін мәлімет сақталған. Біраз дүние жинаған Ермак біраз әскерімен Көшім ханның территориясына да өтіп жүреді. Азғантай топтан қауіп ойламаған Көшім хан бұл бұзақыларға кезінде тыйым салмаған. Ханның көшіп, қонып жүрген ордасының бар сырын біліп алған бұзақылар, олар елде жоқ кезінде келіп, хан ордасын ойрандаған. Көшім ханның бағы таюына осы бұзақы топ, оның басшысы жауыз Ермак себеп болған. Сондықтан орыстар Ермақты ұлттық батыр ретінде бастарына көтере дәріптейді. Патша үкіметі де оған Сібір жерін рессйге қосуға

көмек жасаған айбынды батыр мәртебесін берген. Көшім хандығы құлағаннан кейін, бұлар сонымен қатар жатқан қазақ ауылдарына да келіп ат ойната бастаған. Ақылбек ақын оның соңғы сойқанан ғана жырға қосқан. Себебі ақынның айтпағы – намысын бермеген қазақ батырының әрекетін суреттеу, бодандықтың ауыр салмағынан еңсесі түсіп бара жатқан бауырларына Сәтбек батырдай әрекетке көшуді насихаттау. Бұл поэманың әлі де, келешекте де берер ғибраты мол. Біріншіден, жауды осал деп немқұрайдылық танытуға болмайды; екіншіден, жанын берсе де намысын бермейтін бабалар өмірінен үлгі көрсету. Бодандықты қазақ мойындамағанын, оған әркез қарсы күрескен тұлғалар болғандығын бұл поэма тағы бір дәлелдейді. Сәтбек - аңызға айналған тұлға. Себебі ол туралы дәл мәлімет сақталмаған. Ел аузында төңкеріске дейін жүруі мүмкін. Одан кейінгі жылдардың саяси ызғарының нәтижесінде орыс үкіметі туралы жағымсыз сөз айтуға болмайтын кезеңде тиым салынған, қауіпті әңгіме ретінде айтылмай, оны білетін қарттар кеткен соң, ел жадынан да кеткен болуы керек деп жорамалдадық. Ақылбек Сабалұлы Сәтбектің өміріне байланысты бір ғана оқиғаны сөз стеді. Ол - жауыз Жармақты /Ермақты/ өлтіріп, патшаның алдында өзінің жазықсыздығын дәлелдеп шыққан, еліне аман оралған ерлігі. Ақын осы бір оқиғаны шығармасына негіз етіп алады да, тағы да орыс үкіметінің отаршыл бейнесінің бар болмысын ашып көрсетеді. Әзірге Ермақты өлтірген Сәтбек батыр деген толық тарихи дәлел таба алмағандықтан, бұл шығарманы тарихи аңыз негізіне құрылған тарихи поэма деп бағаладық. Сәтбек бейнесін отаршыл елдің озбыр саясатына, халыққа жасаған қиянатына қарсы шығып, ақ патшаның алдында теңдікке жеткен, терезесі тең елдің ұлы ретінде патшаға сөзін тындатқан ұлттық батыр дәрежесіне көтерген. Аңыз Сәтбекті ақын өз жүрегінде жөргекке орап, қайта туғызған. Сондықтан Сәтбекті ақын жасаған толық қанды әдеби бейне деп бағалауға болады.

Ақылбек ақын шығармаларының тілдік және көркемдік ерекшеліктері

Ақылбек Сабалұлы шығармалары туралы, олардың тілі туралы айтқанда ең бірінші көзге ұратыны - ондағы біздің қазіргі тілде қолданылмайтын сөздердің көп ұшырасуы. Бұны ғалымдар «әдеби түркі тілі», «түрк» деп аталатын тіл, көне түркі тілі деп атап көрсетеді.

«Қазақ тілінде ХІХ ғасырда, ХХ ғасыр басында шыққан кітаптардың тіліне келсек, олардың көпшілігінің тілі шұбар: араб, фарсы, татар, башқұрт, өзбек сөздері аралас келеді. Жалпы «түркі» деп аталатын тіл араласады»[38; 11.], - дейді ғалым Б.Кенжебаев.

Бұл тілдің түбі бір түркі халықтарының бәріне ортақ екенін ғалым Р.Бердібаев та атап көрсетеді. «Мұңлық-Зарлық» жыры туралы: «Жырда Орта Азиялық түркіге тән қаншама сөздер мен бейнелер жүргенін көреміз»[77; 147.],- деп осы бір тілдің ортақтығын түсіндіріп кетеді. Өзбек, түрікмен, татар өлендеріндегі сөздік қорларының қазақ шығармаларында тұтастай кездесуін «әдеби түркі тілдің дәстүрлі әсерімен бірте-бірте қалыптасқан заңдылық»[77; 47.] - деген қорытынды жасайды білікті ғалым. Осындай бір ортақ тілдің осы ғасырдағы әдеби тілге айналғандығын, қалыптасқан заңдылық болғанын М.Әуезовтің де айтатыны бар: “Абай отказался от «тюрки» этого условного литературного языка»[60; 347.]. Бұл тілді Радлов «кітаби тіл» деп атап көрсетеді[20; 5.]

Бертельс Е.Э. Науайы, Атаи, Саккаки, Лутфи, Султан Хусеин жазған әдеби тілді де «тюрки» деп көрсетеді. «Язык на котором писали эти поэты в то время был известен под названием - тюрки (тюркский). В науке с конца ХІХ в этот язык было принято называть «чагатайским». Было предложение заменить его термином средне азиатско-турецкий литературный язык исламской эпохи. За последние годы в литературе все чаще встречается другое обозначение староузбекский язык»[78; 78.].

Ақылбек Сабалұлы өзі де шығармаларында оқыған кітаптарынан «түркі кітап» деген сөздерді көп кездестіруге болады. Демек, шығармаларында түркі сөздерін қолдануы, тіл шұбарлауы

емес, сол кезеңдегі әдебиеттегі қалыптасқан дәстүр көрінісі болып шығады.

Б.Кенжебаевтың «Түрікшіл ғалымдар тілде - бірлік, салт-санада бірлік, іс-әрекетте бірлік болсын деп үгіттеген»[38; 12.] дегенінде де түрікшіл азаматтардың түрік ұлттарын біріктіруде бұрыннан келе жатқан ортақ тілден алыстамауды көздегені көрініс берсе, Бертельстің сөзінен, сол елдер бірікпес үшін, ортақ сөзді айтудан да қашқақтап, ортақ тілдің өзін, бір ғана ұлт тіліне теліп қоя салғандығы байқалады. Ғалымның игі істерін бағалай отырып, оның қазақ ғылымын адастырған осындай ойларын ашық көре білуіміз керек деп ойлаймын.

Сонымен, Ақылбек Сабалұлының шығармаларында кітаби ақындардың бәріне тән, тіпті сол кезеңдегі барлық қаламгерлерге тән түркі тілі көптеп ұшырасады. Бұл тілдің шұбарлығы емес, сол дәуірдегі әдеби тілдің өзі. Бұл тіл туралы тілші ғалымдар да әр түрлі пікір айтады. Бір топ ғалымдар бұл өзгешелікті тұтастай басқа бір тілден ауысқан сөздер дегенге саяды. Мысалы «Тіліміздегі кітаби тіл элементтері, негізінен алғанда, ескі шағатай тілі мен татар тілі элементтері, араб және парсы тілінен ауысқан сөздер»[79], - дейді ғалым М.Балақаев. Енді бірі әр түрлі тілдердің қосындысынан шыққан дүние дегенді айтады. Оған ғалым Р.Сыздықованың мына сөздері дәлел бола алады: «Қазақ мәдениетіне қызмет еткен «кітаби тіл» таза шағатай тілі емес, сол тілдің және татар жазба әдеби тілі мен қазақ тілдерінің элементтерін араластырып пайдаланған қоспа дүние»[80; 16.].

Ал ғалым Б.Әбілқасымов бұл тілді «қазақтың көне әдеби тілі» деп түсіндіреді. «Бұл тілдің лексикасы түгелімен қазақтікі болғанымен, оның ішінде араб, парсы сөздері қазіргіден көбірек кездесетін еді. Грамматикалық құрылысы, негізінен, қазіргі әдеби тіліміздегідей болғанымен, онда бірен-саран түркі әдеби тіліндік тұлғалар сақталған еді. Ал орфографиясында араб жазуына байланысты түркі әдеби тілінің дәстүрі мольнан орын алушы еді. Міне, біздің көпшілігіміздің «кітаби тіл» деп жүргеніміз де осы тіл болатын. Сондықтан ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ыбырай мен Абай негіздеген жаңа жазба әдеби тіл қалыптасқанға дейін қазақ қаламгерлерінің пайдаланған тілін «кітаби тіл» деп атамай, қазақтың «көне жазба әдеби тілі» деген дұрыс»[81; 18.].

Дәл осы тілді қазақ зиялыларының кеңінен пайдаланып, түрік халықтарының барлығына мәдени байланыс құралы болғандығын ғалым Р.Бердібай былай түсіндіреді: «Ескі түркіше сауаттану ол заманда адамдардың білім өрісін кеңейткен, үлкен әдеби дәстүр айдынына шығарған. Қазақтың Россияға қосылу, орыс, европа мәдениетіне бейімделу дәуірі басталғанға дейінгі сан ғасырда түрік әдебиеті шығыстың хадимнен келе жатқан ғажайып ғибратты көркем туындыларын таныстырған, өз тарапынан көп жаңалықтар тудырған үлгі мектеп болатын. Ол әдебиеттің нәрі мен әрін қазақ оқушысы әлі толық танып болған жоқ»[82; 263.].

Көпшілік жағдайда соңғы кездегі оқырман шошына қарайтын кітаби ақындардың тілі туралы, оның маңызы мен мәнін ғалымдар осылайша жан-жақты түсіндіріп кетеді. Бұл тілдің талай ғылымды оқуға тануға мүмкіндік берген, мол қазынаға жеткізген құрал болғандығын XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының көпшілігі мойындайды.

«Он бір мен он екіде түркі білдім,
Ғалымдық зерек жанның мүлкі білдім.
Шығарған мәсиғаттар назым қылып,
Түркіні тамам тілдің көркі білдім»[83; 17.] -

деген Әбубәкір (Кердері) ақынның сөзінде бұл тілге ынтызарлық пен сүйіспеншілік көрінеді.

Ақылбек Сабалұлы шығармалары, біз жоғарыда сөз еткен, ғалымдар әлі де жетік танып болмаған «көне жазба әдеби тілмен» жазылған. Оның ішінде, шығыс сарындарына құрылған коссаларында бұндай сөздер өте көп ұшырасады. Бұны ақынның кемшілігі деп қарауға болмайды. Сол дәуірдегі қазақ оқыған азаматтары қолданған дәстүрлі жазба тілді пайдаланған дегеніміз орынды болмақ. Немесе сол кезеңдегі көркемдік ерекшелік деуге болады.

Ақылбек Сабалұлы шығармаларында осы «түркі» сөздері қолданылғанына назар аудармақпыз. Төмендегі үзінді бір ғана «Қисса-и Марғұба» кітабынан алынды.

Қағазға ғарызнама жазып берді
Көзбен көрген төрт жігіт куәлім бар
Тасқа тұтып өлтір деп хукім қылды
Не күнәмен қылдылар сізді мұнша
Ғақылым сені көріп кетті тарап

Хормысың перімісің бихшитдегі
Тәубә қыл, күнәһлі іске мойын қойма
Дұшпандықты сол жерде ойына алды
Таң атқан соң шахарға кірді дейді
Қанша еді деп қысабын сұрады да
Сығынды медет бер деп алласына
Илаһим барлық сырым мағлұм менің
Мақшарда махрұм қылма дидарыңнан
Адамнан һеш шафқат болмайды енді
Өзге адамдар қайда деп сұрадылар
Инансаңыз үшбу дүр менің хәлім
Халал ниет жолында жанын қиса
Сөзімнің хатасы жоқ инан дейді
Бір үйге мехман болып қонды барып
Марғұбаның мехнат көрген мәселесін.

Мұндағы газы, ғарызнама, куәһим, қылдылар, ғақылым, күнәһим, шаһар, қысабын, сығынды, мағлұм, махрұм, һеш, шафқат, сұрадылар, үшбуедүр, халал, хатасы, мехман, мехнат - деген сөздер сол кездегі баспасөзде де, сәлем хаттарда кездесетін ортақ түркілік сөздер. Бұл сияқты сөздер Ақылбек Сабалұлының шығармаларының бәрінде дерлік көптеп ұшырасады.

Ақылбек Сабалұлы шығармашылығының көркемдік ерекшеліктерін айтқанда мынадай жүйеден іздеуге болады:

1. Көне түркі жазба әдебиетінен жалғасып келе жатқан дәстүрлі тәсілдер.

2. Ұлттық ауыз әдебиетіндегі көркемдеу тәсілдері.

3. Ақынның өзіне тән сөз қолданулары мен ерекшеліктері.

Кітаби ақындардың шығармашылығы, жалпы алғанда, түркі жазба әдебиетінің заңды жалғасы, жаңа ұлттық жазба әдебиеттің көшбасшысы деген пікірлер әдебиетші ғалымдарымыз Б.Кенжебаевтың, Р.Бердібаевтың, А.Қыраубаевалардың және тілші ғалымдарымыз Р.Сыздықованың, М.Балақаевтың, Б.Әбілқасымовтың еңбектерінде айтылғанына жоғарыда тоқталғанбыз. Ақылбек Сабалұлының шығармаларында да түркі кітаптарының әсері тілінен де, көркемдеу тәсілдерінен де, жыр құрылыстарынан да мол ұшырасады. Әсіресе, ғашықтық дастандары – «Бозжігіт» пен «Тахир-Зухра» жырларында бұл әсер басымырақ көрінеді. М:

«Зухра, нәзік бір гүлдей,
Зухра сұлу нұр күндей.
Қара Зүлфің, Зухражан,
Қар үстінде сүмбілдей»[52; 192].

«Зухра менің ханымсың,
Денем ішінде жанымсың.
Басым менен жанымды
Құрбан қылған жарымсың»[52; 192.]

деген өлең жолдарында теңеулер мен метафоралар осыны дәлелдейді. Ал мына жолдарда сол көне түркі тілдегі сөздер мен жалғауларды қоса пайдаланған:

«Сәруи назым менің жоқ,
Хүсиінге еш сөзім жоқ.
Ақылым Зухра алған-дүр,
Сені көрер көзім жоқ»[52; 227.].

Ал, қазақ өмірінен алынған жырларында ақын тілі тазарып, таза ұлттық әдебиеттің көркемдегіш тәсілдерін молынан пайдаланады. Сондықтан ақын шығармаларында өзінен бұрынғы дәуірлердегі жыраулардың, ақындардың сөз қолданыстары, ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдер, сөз оралымдары көп ұшырасады. Жыраулар толғауларының сарындары, терме өлеңдерге ұқсас жолдар кездесіп отырады.

«Қасқырдан қой тумайды өзгерсе де,
Жасынан ғылым оқып жөн көрсе де.
Тумайды қаршығадан тоты, бұлбұл,
Жабыдан тұлпар шықпас жем берсе де.
Тартпайтын асылына бар ма нәрсе.
Бола ма қарға сұңқар құс қайырса,
Сұңқарың қарға болмас қанат сынса.
Иттен патша болмайды қасқыр алса»[73].

Және Ақылбек Сабалұлы халықтың тұрақты сөз тіркестерін өз шығармасында ұтымды пайдаланып отырады:

«Қырық жыл қырғын болса да»
«Болмайды аққа зауал қастық қылсаң»
«Ғұмырың түстік болса, кештік мал жи»

деген сияқты тіркестер көптеп ұшырасады. Бұл ақын шығармашылығының қазақ ауыз әдебиетімен тереңнен тартқан тамырластығына дәлел болары хақ. Ақынның өзіне тән

көркемдегіш тәсілдерінен біздің бір байқағанымыз - күрделі метафораны көп пайдалануы:

М: Өзінің мақсатына жете алмай, биіктерді ала алмаған, құрбылары үйлі-жайлы болып, отбасының иесі болғанда, өзіне осы бір бақыттың да жеткізбей тұрғанына нала болып, өзінің осы бір қапалы бейнесін суреттейтін өлең кітабы «Хажат әд дағуатта» біз айтқан өзіндік ерекшеліктер молынан ұшырасады.

«Арбамның мұрындығы шығып кетіп,

Қор болдым жол үстінде жүгім ауып» -

деген тұтас екі жол бір ғана күрделі метафора. Өзінің үрдіс келе жатқан сапарынан қалып кетіп, алға жете алмай, артқа кете алмай, арбасы бір жағына қисайып, жүгі шала аударылып жатқан тұрмыста көп кездесетін бір көріністі көз алдыңызға келтіреді. Өзінің дәрменсіз халін тура осы бір жолаушының ғайыптан көмек күткен, оған өзі де сенбейтіндей екіұшты халіндегі болмысымен бейнелейді. Немесе:

«Бір кезі үш теңгелік шағай едім»

«Шалғыны қия жонған асыл едім»

«Үйректі қайыра соққан қаршыға едім»

деген жолдардағы метафора боп тұрған тұтас сөйлемдер, тұтас бір құбылыс ақынның қасиетін көрсетуге қолданған көркем құралы. Ақын мата болса - базарда қымбат шағайы, металл болса - жүзі қайтпас асылы, құс болса үйректерді біртіндеп емес тобымен қайырып түсіретін қаршығасы.

Ақын өз ұлтының перзенті. Қолданған құбылыстары қазақ тұрмысын жете білетін адамға қасиетті болып есептелетін ұлттық тұрмысынан тұтас ойып алып көрсеткен суреттер. «Сұм заманда» да осындай тұтастай көріністерден алынған метафоралар көптеп ұшырасады: «Дәні жоқ сылдыраған сабан болды»-, деп адам мінезін суреттегенінде, тұрақсыз, орынсыз, мәнсіз мінез-құлықты дөп басып көрсетеді.

Ақын қолданған теңеулерде де осындай тұтас бір құбылысты алып, соған теңестіру арқылы жасалған әдемі көріністер көп ұшырасады. М: Әдепсіз жастарды теңеген теңеуіне қараңыз: Мәстектей жүген көрген адыраңдап. Жүген көргенде адыраңдап қолайсыз мінез танытатын жылқы малының тексіз нашарын көз алдыңызға әкеледі. Күрделі теңеулер «Тахир-Зухра» жырында да көптеп ұшырасады.

«Ботасынан айрылған
Түйедей боздап қалдың сен
Көп тобынан айрылған
Құстай шулап қалдың сен
Бұтағынан қайрылған
Гүлдей солып қалдың сен
Құстарынан айрылған
Бақшадай болып қалдың сен

деген жолдардағы теңеуге көз салыңыз. Гүлдей солу, түйедей боздау, құстай шулау деген сөздер көп айтыла береді. Ақылбек Сабалұлы осы халыққа әбден танымал болған жоғарыдағы теңеулердің өзін күрделендіріп, байытып пайдаланады. «Ботасынан айрылған түедей», «көп тобынан айрылған құстай», «бұтағынан айрылған гүлдей», «құстарынан айрылған бақшадай» деген ғашықтың бір-бірінен күшпен ажыратылған тұстағы ішкі жан дүниесін бейнелеуде ұтымды қолданылған. Әу баста бірінсіз-бірі мәнін жоғалтатын, бөлуге болмайтын бүтіндей құбылыстар алынып, Тахирдан айрылған Зухраның көңіл-күйін дәл басып береді.

Қорыта айтқанда, Ақылбек ақын шығармаларының көркемдігінен де біраз жаңалықтар мен дәстүр жалғастығын кездестіруге болады. Ақын тілінен өз уақытының тұтас болмысы көрініс береді. Және қазақ мәдениеті тарихындағы өзгеше белестерді тануға болады.

Ақылбек Сабалұлы - кітаби ақындар шоғырының ірі өкілі

Ақылбек Сабалұлы шығармаларына шын баға беру үшін оны ХІХ ғасырдың ортасы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихындағы қай бағыттың өкілі екенін анықтап алудың маңызы жоғары. Өйткені, әр дәуірдегі ерекше бағыт ұстанған көркемдік мектептер ұстанымдары олардың шығармаларына әсер етті. Дінді насихаттаған, дін тарихындағы оқиғалар мен тұлғаларды жырына қосқан кітаби ақындар шығармаларының мазмұнының өзін ұғынуға біраз дайындық керек болатыны шындық. Ақылбек Сабалұлы - ХІХ ғасырдың ортасы мен ХХ ғасырдың басындағы шоғырлана көрінген кітаби ақындардан көп окшауланып кетпейді. Солардың дәстүрлі жолын ұстанады. Өзіне іштей Жүсіпбек Шайхисламовты ұстаз тұтқандығы байқалады.

«Шығарғаным он бесінші «Садуахас»

Сөйлеуге Жүсіпбектей келмейді әлім».

«Жүсіпбек қиссасындай шашылса екен.

Хәркімнің дұғасымен абырой тауып,

Бақытым ашық күндей ашылса екен» -

деген сөздері осыны аңғартса керек. ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басындағы әдебиет ерекше тоқталуды, аса ұқыпты зерттеуді қажет ететін, сан түрлі көзқарасты, сан алуан бағыттарды топтастырған көп қырлы әдебиет екені мәлім. Қазақ қоғамы бұл тұста ауыр әлеуметтік-экономикалық күйзелісті бастан кешті. Жерінен айрылып, малы жұтқа ұшыраса, дәстүр мен дінге іріткі түсіп, ірі елдік тұтастыққа құрылған ұлттық санаға жегі құрттай іштен жейтін- өзге елді пір тұтуды насихаттайтын түсінік ене бастады. Бұл ел болашағын ойлайтын сол ұлттың алдыңғы қатарлы перзенттерінің - оқыған азаматтарының әртүрлі көзқараста өсіп жетілуіне әсер етті. Қоғамдық ахуалды бағалаудағы әр түрлі көзқарастың әсерінен, калыптасқан түрліше дүниетаным ықпалынан әдебиетте де бір-біріне ұқсамайтын ағымдар келіп шықты. ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басындағы әдебиет қолданған әдеби тәсіліне, ұстанған бағыт-бағдарына орай танылмай жүр деуге келмейді. Қазан төңкерісіне дейін қаншама кітаптар шығарған біраз қаламгерлердің туындылары туралы жазылған кеңестік дәуірдегі талдаулар мен қорытындыларға қайта оралатын

кезең келді. Ызғарлы саясаттың әсерімен ол шығармаларға берілген бағалардың мәнісін түсіндіріп, оқулықтарда дұрыс бағасы берілмесе, ұлттық мәдениет үшін үлкен қиянат жасаумен бірдей деп есептейміз. Саясаттың ықпалымен, «әдебиеттің партиялылығы» туралы пролетариат көсемі Ленин концепциясына сәйкес, ұлттық құндылықты емес, таптық тегіне қарай социалистік мәдениет жасамақ болған идеологтар ұстанымын ашық танытатын талдаулар қажет.. Коммунистік қоғам құру үшін ұлттың үш тірегіне (діні, дәстүрі, тілі) қатты шабуыл жасалды. Себебі кеңестік империя - дүние жүзіндегі тұңғыш әрі соңғы ұлтсыз, құдайсыз қоғам құрмақ болған саяси құрылым. Оның аржағында тұтас ұлттарды мәнгүрттендіріп, құлдар қоғамын құру идеясы көрініс береді. Ислам мәдениеті мен ұлттық құндылықтарды бойына мықтап сіңірген кітаби ақындар шығармашылығы бірінші кезекте қуғынға ұшырады. Қазақ әдебиетінің тарихынан алғаш оқулық жазған М.Әуезов те 1927 жылы жазған «Әдебиет тарихы» кітабына бұл шоғыр ақындарды кіргізбеді. Бірақ өзі қазақ әдебиетіндегі мол мұраның бұл кітапқа енбей қалғаны – кітаптың кемшілігі екенін де ескертеді. «Кітаптың ішінде тағы бір көзге түсетін зор кетігі: қазақ әдебиетінде ХІХ ғасырдың аяқ кезінде үлкен ағым сияқты болған дін қиссалары кірген жоқ. Дін сарынымен айтылған үлгі өсиет өлеңдері де тексерілген жоқ. Ол ағымға кіретін ақынның ешбірінің аты да аталған жоқ. Бұл түрдегі өлең жұрнақтары қазақ әдебиетінің тарихына кіру керек еді» [17;11-б]. Қазақ мәдениеті тарихында ислам дінінің қаншалықты маңыздылығы туралы М.Әуезов: «Қазақ елінің ішкі өмірі екі үлкен дәуірге бөлінеді. Бұның біреуі – ісләм діні кірген соңғы мезгіл. Екіншісі, содан арғы ескі дәуір»[17;18-б.], - деп көрсетеді. Әдебиет құдайларға сыйыпудан, жалбарыпудан туған дәстүрлерге қатысты туғандығын сөз етеді. «Сонымен жалғас ең әуелгі әдебиет жұрнақтары шығады. Құдайға арнаулы дұға айтып, шұбыртқан тақпақ өлеңдер шығады. Дін мейрамдары сияқты әдеттер туады. Құдайлар мен аруақтар туралы толып жатқан әңгімелер тарайды. Бұл дәуір тілді байытты. Әлгі әңгімелер себеп болып сөйлер сөз көбейді» [17;16-б.]. Әдебиеттің даму дәуірлерінің ерекшеліктері сөз болғанда, діннің әсеріне ғұлама осылай баға береді. Қазақ әдебиетінің екі ғана кезеңі бар: ислам дінінен бұрынғы дәуір, ислам діні енгеннен кейінгі дәуір. Әдебиетті дәл осылай бағаласaq, ұлттық әдебиетіміздің құндылығын

тереңірек түсінетінімізге сенуге болады. Себебі ислам діні енген IX-X ғасырлардан бастап қазақ әдебиетінің негізгі тірегі ислам философиясы екені түсінікті. Ол өзгеше бір ағым болған жоқ. Ол барлық әдебиет нұсқаларында көркем сөздің ішкі асыл тіні болып тартылып жатты. Толғауларда да, эпостық жырларда да, ғұрыптық жырларда да, ертегілер мен аңыздарда, айтыс өлеңдерде, бәрінде де ислам дінінің ұстанымдары көрініс тапты. Қ.А.Ясауи негіздеген сопылық ілім әдебиетті көркейтіп, мазмұнын байытып, рухани байлыққа айналды. Аңыздар, ертегілер, мақалдар, жұмбақтар, жоқтау өлеңдер, айтыстар, әндер, бәрінде исламның алла мен адамды сүюдің, жүректі тазартудың сан түрлі әдістерін көрсетіп отырғанын жөргегінен асыл рухқа боленіп өскен М.Әуезов жақсы түсінді. Ал XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың бірінші ширегінде дін туралы жырлау өзгеше ағымға айналды. Өз алдына жеке дәстүр қалыптасты. Бұл өзгеше бағыттағы әдебиеттің пайда болуына әсер еткен әлеуметтік тарихи жағдай - орыс отаршылдарының қазақты орыстандыруға, шоқындыруға қатты кірісуі еді. Соған қарсылық ретінде пайда болған діни ағартушылардың қозғалысы болатын. Олар дін тарихынан бұрыннан белгілі көптеген оқиғаларды өлеңмен ел арасына кітап етіп таратып жіберді. Бұрынғыдай термелердің немесе толғаулардың шағын өлең жолдарына сыйғызылған ислам ұлылығын ұғынуға көпшіліктің алабұртқан көңіл күйі ерік бермейтін халге жетіп тұр еді. Өмірдің барлық сыйлы сыбағалары орысша оқығандардың қолына көшкен кезең келген болатын. Ұлы далада орыс оқуы мен ислам оқулары тіреске түскендей еді. Орыс оқуы өмір сүрудің құралына айналып, жан бағу үшін осы оқуға бет бұрыла бастаған кезең. Сондықтан, алғашқы дін тақырыбындағы көлемді жырларды сол мектеп, медреселерде сабақ беретін молдалар шығаруы заңды құбылыс болатын. Бұл кезеңдегі шын әдеби мұра мен оның алдыңғы кезеңіндегі алғашқы діни өлеңдерді де ажыратып бағалау керек. Оны да сол кезеңдегі ғалымдардың тезис түрінде ғана айтқан қорытындыларынан анық тануға болады. Қазақ оқығандары қай салада жүрсе де әдебиетке соқпай өтпеді. Қазақ әдебиетінің ұлт үшін қаншалықты маңыздылығын осыдан ұғуға болады. Энциклопедист ғалым Ш.Уәлиханов өзінің «О формах казахской народной поэзии» деген еңбегінде қазақ даласында қазіргі күні өмір сүріп тұрған поэзия түрлерін санамалап

көрсетіп, соның бесінші түрін «өлең» деп атайды. «Предметом этих песен есть большею частью какое-нибудь религиозное повествование. Они поют теперь подвиги Сеит Батала ходжи и любовь Юсупа и Зулейхи, жизнь Ибрагима и проч., все эти повести, по фанатизму идей и чудовищности и изображения, чрезвычайно скучны»[18;283-84],-дейді. Сол кезеңде еніп жатқан діни қиссаларды ұлы ғалым көркем дүние ретінде мойындамайды. Алтын айдарлы Қозы мен сұлу Баян туралы немесе батырлар туралы тарихи жырларға өте жоғары баға берген ғалым өз тұсында көркемдігі сондай дәрсжеге көтеріле алмаған алғашқы дін туралы жырларды фанатизм деп түсінеді. Ғалым мұндай өлеңдердің пайда болған кезеңі туралы: «Песня (улен) вошла в употребление в киргизской степи не более 50 лет назад, когда степь сделалась доступной тобольским и казанским татарам»[18;284],- деп көрсетеді. Татар әдебиетінен енген түр, қазақтың ұлттық өнерін солай қарай бұрып бара жатыр деп түсінеді. Себебі, көркем әдебиеттің ең асылдарын кішкентайынан тыңдап өскен талғампаз да кірпияз ғалым, тілі шұбарланған, оқиғаларды баяндауды ғана мақсат еткен алғашқы көркемдігі төмен дүниелерді мойындамауы әбден заңды. Ш.Уәлиханов айтқан пікірдің түп себебін А.Байтұрсынов дәл түсіндіргендігін көруге болады. А.Байтұрсынов өзінің әйгілі «Әдебиеттанушысында»: «Қазаққа жазба әдебиет дінмен бірге келген. Қазақ ішінде молдалық қылып дін үйретушілер, бала оқытушы қожалар, ноғай молдалар болған себепті жазба сөзді шығарушылар да бастапқы уақытта солар болған. Қазақ ішінде көп тұрып, қазақтың тілін, мінезін жақсы білген. Қазақтың өлеңді сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар өлеңмен үйреткен. Дін шарттарын, шарифат бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған. Бірақ қожалар, ноғай молдалар көбінесе, ақын болмағандықтан, қазақтың ертегі жырларындай келістіріп, мұңды, зарлы әдемі қылып шығара алмаған. Шығармаларының созымен мәздемей, ертегінің жаңалығымен, әңгімесінің қисынымен қызықтырып, тамұқтың азабымен қорқытып, жұмақтың рахатынан үміттендіріп, дін арқылы тыңдаулы қылған»[19;433-б.],- деп атап өтеді. Шоқан Уәлихановтың аса жақтырмай айтып жүрген «өлеңі» осындай қарабайыр жазылған діни өлеңдер болса керек. Ислам дініне іріткі

салына бастаған тұстағы діни ағартушылардың алғашқы қадамы деу керек сияқты. Бұл ағым кейін біртіндеп өзгеше сипатта дамып, қазақ әдебиетінде ірі ақындар жазған көлемді сұлу көркем өнер туындыларын түрлі жанрда қалыптастырды. М.Әуезов те А.Байтұрсыновтың бұл пікірін қоштайды. «Қазақ ортасына ісләм дінінің тарауына көбінесе қазақтың ақындықты сүюі себеп болды деген дұрыс пікір. Елге не жайылса да, әдебиет жұрнағы болып, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген кұрғақ үгіт болса, ондайды ел тындамаған да, ұқпаған; ықылас қоймайтын болған. Сондықтан мұсылманшылық діні де қазақ елінің табиғатына, ыңғайына қарай ұйысып келген. Бұған ескі әдебиеттегі толып жатқан қиссалар дәлел»[17; 49-6.]. Түрік ренессансын әлемге мойындатқан Ж.Баласағұн, Қ.А.Ясауи, А.Иүгінеки поэзиялық шығармалары - ислам дінінің негізінде жазылған інжу маржандар. Одан кейінгі дәуірлерде, яғни хандық дәуірі кезеңінде ел қорғау мәселесі бірінші планға шыққандықтан, діни тақырып тек патриоттық өлеңдердің құрамында ғана айтылып отырған. Мұны М.Әуезов былай түсіндіреді: «Бұқар жырау заманынан келе жатқан бұрынғы әлеуметшілдік, ойшылдық сарыны Махамбет заманында ісшілдік қосылса, кейінгі ақындардың тұсында жаңа әсер сияқты болып, дін мен мәдениет иісі кіре бастайды. Орта буынынан бері қарай дін сарыны біздің әдебиетте жылдан-жыл өткен сайын үлкенірек орын алады. Басы Шортанбайдан басталған діншілдік, ХІХ ғасырдың аяғына келгенде толып жатқан дін қиссаларына келіп соғады»[17;193-6.]. Ислам дәуіріндегі әдебиеттің өзінде сан тараулы жолдар болғандығын осылай түсіндіреді. ХІХ ғасырдың аяғында қазақ қоғамы отарлық бұғауға түсіп, асыл дініміз исламға шабуыл жасалғанын да осымен түсіндіргендей болады. Ал, ұлтын сүйген ғажай ғалым Ш.Уәлиханов неге дін тақырыбындағы өлеңдерді: «по фанатизму идей и чудовищности и изображения, чрезвычайно скучны»,- деп бағалады дегенге келейік. Оны алаштың Ахаңы А.Байтұрсынов былай түсіндіреді: «Молдалардан шыққан жазу әдебиет дінге қызмет қылса да, тілге қызмет қылмаған. Тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту орнына тілді бұзған, аздырған; қазақтың тұтынған тілімен жазбай шығарушылар: «кітаби тіл», «әдеби тіл» деп, ноғай тілімен, сарт тілімен жазған. Қазақтың тілінде басылған бұрынғы шығармаларды алып қарасақ,

қазақ тілі болмай, қазақ пен ноғай тілінің араласқан қойыртпағы болып шығады»[19; 434-б.]. Демек, бұл- тарихи уақыттың өз стихиясы. Барлығына бірдей түсінікті болуы үшін, осылай аралас тілде жазылған шығармалар болғаны анық. Бұл тіл белгілі кезеңдегі қазақтың жазба әдеби тілі ретінде қарастырылуы керек. Бірақ барлығының бірдей көркемдігі төмен деуге келмейді. Көпшілігінің тілі таза, көркем. «Сол күйінде тұрғанда орыс үкіметінің саясаты келін килігеді. «қазақ діні шынығып жетпеген шала мұсылман халық, мұны христиан дініне аударып жіберу оңай» деген пікірмен, орыс үкіметі қазақ пен ноғай арасына жік салып, екеуін айырғысы келеді»[19;434-б.], дейді А.Байтұрсынов. Қазақ қоғамын жолынан адастырған аяр саясаттың жол көрсетушілері миссионер ғалымдар болғандығына ғұлама ғалым осылай анық баға береді. Кейіннен әдебиет тарихына кітаби ақындар деген атпен енген ақындар кімдер? Олардың ерекше атауға ие болу себебі неліктен деген сұрақтар туындауы орынды. Сондықтан кітаби ақындар кімдер екеніне зер салу қажет. Қазақ әдебиетінің тарихы кеңес үкіметі жылдары жазылды. Бұл кезең ғылымға коммунистік идеология тікелей басшылық жасап, әдеби мұраны социалистік реализм заңдылығымен бағалауға қатан бақылау жасаған уақыт еді. Сондықтан ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетін сөз еткенде «ағартушы», «ағартушы демократ» деген атауға бір жақты талап қойылды. «Ағартушы» деп тек орыс мәдениетін насихаттаушыларды ғана атап келді. Әлем әдебиетінде «ағартушылық» қоғамда адам санасын біліммен азықтандырып, рухани тазалыққа шақыру идеясын ұстанған білімді азаматтарға берілген атау екені белгілі. Әлемдік мәдениет тарихында дін мен оның ұстанымдары барлық ғылым мен әдебиеттен бөлінбейді. ХУІІІ ғасырда бүкіл еуропада ғылымда да, әдебиетте де ағартушылық билік етті. Энциклопедист ғалым қаламгерлер діннен безген жоқ, дінді биліктің, қара күштің құралы етпек болғандарды сынады. Бірақ оларды дін басылары қудалады. Өйткені олар дінді өздерінің үстемдігін жүргізетін құралға айналдырған кезең еді. Дін о бастағы жаратушының адамды сүюін насихаттауынан алшақтап, жаратушы арқылы жалпы көпшілікті қорқытуға негізделген насихаттарға айнала бастаған кезең. О баста дін ғылым мен өнердің дамуына негіз болса, бұл дәуірде дін ғылымға қарсы күреске шықты, өнерден де алыстады, өнерді қудалады. Дін схоластикаға

айналды. Бұл тарихта болған қатерлі күбылыс еді. Осыны түсіндіру үшін бір мысал келтірейік. Кеңестік дәуірде кітап болып жарияланған Нұралы Нысанбайұлының бір ғана «Сауда ишан» атты шығармасы болды. Соның алғысөзінде ислам дініне біраз күйе жағылған, ақын ислам дінін әшкерелеп отыр деп түсіндірілген. Ал, шындығында, шығарма арқауы Шолак деген қалада тұратын атақты ишан Сауданың екіжүзді, нәпсіқұмар, арсыз әрекеттерін әшкерелеген, өз намысын қорғаған Жанат сұлудың ерлік істерін баяндайтын оқиғалардан тұрады. Бұл оқиғаны өзбек әдебиетінде Мұхаммед Салых та өзінің «Шайбапинама» дастанының «Хуршидой» бөлімінде дәл солай жырлаған. Екі ақындағы айырмашылық бірінде оқиға Самарканд қаласында, бірінде Шолак қаласында өтеді. Ишандардың есімдері де сәл өзгеше. Нәпсіқұмар ишанның көзіне түсіп, оның қанды тырнағынан аман қалған сұлу (бірінде Жанат, бірінде Хуршидой) ишанның жала жабуымен әкесінің ауыр жазасына ұшырайды. Осындай көзге анық көрініп тұрған, дінге адал қызмет ете алмаған, екіжүзді пенделердің әрекеттерін сынаған шығарманы дінді сынаған, діннің аярлығын дәлелдеген деп түсіндіріліп келді. Бұл жерде ақындар ислам дінін сынамаған. Сол қасиетті дінді аякасты етіп отырған аяр жандарды сынаған. Нағыз дін жолындағы сопыларды іздеген. Бұл дін тарихындағы, елді діннен ауытқуына себеп болған бір фактор ретінде қарастыру керек деп ойлаймын. «Дүмше молда дін бұзар, дін бұзбаса ел бұзар» деген мақал жайдан-жай тумағаны анық. Дүмше молда» - исламның нағыз ақиқатына жете алмаған, білім шала, сенімі дүмбілез, сырт көрінісімен ғана діндар болып жүрген жандар болып елестейді. Тіпті, сол указанной молдалар ма екен деген ой туындайды. Жоғарыдағы дастандарда осындай діндар сыналған және қатаң жазаланған. Қазақ әдебиетінің тарихында «кітаби ақындар» деген атаумен жүрген ақындар шоғыры да әдеби-идеялық көзқарастары ағартушылық ағымына сәйкес келеді. Бұл туралы ғалым Б.Кенжебаевтың пікірі біздің ойымызды нақтылай түседі. «XIX ғасыр басындағы ақын-жазушыларды кітаби ақындар, ағартушы демократ ақындар деп бөлгенде бір дәуір әдебиетін екі түрлі принциппен бөлген, жіктеген боламыз. Бұл ғылыми жіктеу емес. Бір дәуірде жасаған ақын-жазушыларды бір принциппен ғана, яғни идеялық-әдеби көзқарастарына қарай жіктеген орынды болмақ»[20]. Бұл ақындардың қай-қайсысы да білім алуды

насихаттады. Тіпті, Ақылбек Сабалұлы және біразы өз өмірін бала оқытуға арнады. Білім беруді тек орыс оқуын оқыту деп білім берудің мағынасын тарылтып жіберген соңғы жылдары ғана бұлардың еңбектері дұрыс бағаланбаған. Әйтпесе, бұлар да жастарға, жалпы халыққа білім таратушылар екенінде дау жоқ. Бұлар да білім алуды, адалдықты, адал еңбекпен мал табуды, рухани тазалықты насихаттады. Рухани тазалықтың құралы - ислам моралі деп түсіндірді. Исламның аты аталып, Алла мен пайғамбар сөз болған соң-ақ бұл ақындарды халықтан алыстатуға күш салынды. Оларды өткен кеңестік дәуірде идеялық-әдеби көзқарастарына қарай емес, саяси тұрғыдан бағалау басым болды.

Кітаби ақындарды өз ұлтынан бөліп тастау – В.В.Радловтың бұларға «кітаби» деген анықтауышты қосқанынан бастау алатын сияқты. Кейінгі зерттеушілердің көпшілігі бұл ақындар шығармашылығына В.В.Радловтың көзқарасы тұрғысынан келіп, оларды қазақ әдебиетінің белгілі даму кезеңіндегі ерекше құбылыстың көрінісі деп емес, сырттан келген дүние існетті қарап, халық санасын бүлдіретін жат ағым санап келді. Бірте-бірте шығыстан алынған көшірме дүниелер есебінде әдебиет тарихынан ысырылып тасталынды. Түрік халықтарының әдебиеттану және тіл білімі ғылымдарының тарихынан мықтап орын алған Ресейде Василий Васильевич Радлов деген атпен белгілі, шындығында неміс елінің тумасы Фридрих Вилгельмнің еңбектерін қайта зерделеу өткендер үшін емес, біздің өзіміз үшін қажетті іс-шара деп ойлаймыз. В.В.Радловтың аруағы басқасын білмеймін, біздің қазақ ғалымдарына разы болар. Өйткені ғылым заңына адал ұлт зиялылары өздерінен бұрын зерттеулердің барлығына шолу жасап, соған әділ бағасын бермей, өз еңбектерін бастамайды. В.В.Радлов туралы айтқанда, тек оның жақсы қырын ғана баса көрсетіп кетеді. Қазақ тілінің фонетикасын, ежелгі бітік тастағы жазбаларды зерттеуді В.В.Радлов атымен бастайтыны ғалымның еңбегіне көрсетілген құрмет деуге болады. Қазақ әдебиетінің қай саласында да бұл ғалымның аты аталып, пікірі ескеріліп отырады. М.Әуезовтің, Е.Ысмайыловтың, Ы.Дүйсенбаевтың, т.б. ғалымдардың еңбектерінде ғалымның әдебиет жинаушысы және зерттеушісі ретінде бағасы беріліп отырады. «Қазақ ескілігін жинаушы адамдар арасында бұл жөнінде В.В.Радловтан ерекше ынталы, ұқыптылық көрсеткен оқымысты жоқ деуге болады»[21;

16],- дейді ұлы М.Әуезовтің өзі. Қазақ фольклористикасының ірі ғалымы академик С.Қасқабасов ғалым туралы алғысөз тақырыбын «Халық мұрасының қамқор қайраткері» деп атап, оны «өз есімімен тюркология ғылымының бір дәуірін байланыстырған, теңдессіз ғалым» деп бағалапты[22;20.]. Ғалымның мұндай баға алуына оның ұзақ жылғы тынымсыз да қажырлы еңбегі әбден лайық. Солай екенін мойындай отырып, В.В.Радловтың екінші бір қырын да ашық айту қажеттігі ұлттық ғылым үшін өте қажет деп есептейміз. Ол - белгілі түріктанушы ғалымның миссионерлік қызметі. Миссионер болу бір қауіпті жұмыс деп ойламаймын. Діндер арасындағы үлкен пікірталастарда өз ұстанымдарын толық қорғап шыға алатын дін ғалымдары болғанын тарихтан білеміз. Бұл мақсатқа өте талантты, қабілеті аса жоғары жастарды арнайы дайындағандары да тарихтан белгілі. Славян халықтарына христиан дінін тарату үшін грекияда туылған ағайынды Мефодий мен Кирилл атты дарынды балаларды миссионерлік мақсатқа дайындағанын осы саладан хабары бар жандарға белгілі. Біз «ескі славян жазуы» атап жүрген Кирилл әліпбиін негіздеген осы таланттылар болғанын түсіндірудің өзі артық. Тілді меңгеруге аса қабілетті, есте сақтау қасиеті өте жоғары мұндай жандар барлық дін тарихында кездеседі. Олар сол дінге өзге діндегі жандарды тартып отырған. Олар шешендігімен де, оқығаны мен естігендерін ұмытпай орнымен пайдалана алуымен де, философия ғылымының тұжырымдарын шебер меңгеруімен де жүрген ортасын өзіне баурап алып отырған. Олар қарсылас дінінің тарихы мен қағидаларын да өте жақсы меңгеріп алған. Біздің ислам діні тарихынан да мұндай ғалымдар аттары аталып отырады. Осындай жандардың ерекше білімдарлығын негізге алған қисса-дастандар да бар. Жұмбақ етіп дүние жаратылысынан сұрақтар қойып, соны өзі сенген діннің қағидаларымен дәлеледеген миссионер ғалымдар жиналған көпшілікті сендіріп, өз дініне өткізіп отырған. Діндер қақтығысы жай білімсіз жандардың соғысымен аяқталмақ емес, ежелден келе жатқан идеологиялық соғыстың да тарихы болып есептеледі. Біз сөз етіп отырған Фридрих Вильгельм де - осындай өте талантты туылған жанның бірі. Әлемді қайта бөліске салуға ұмтылған еуропа алпауыптары тек қана қару күшіне сенген жоқ. Олар құпиясы ашылмаған түрік халықтарын бағындырудың екінші бағытын да мықтап ұстанып отырған. Ол бағыт – Байқал мен

Балқан аралығын тұтастай алып жатқан тұтастығы мызғымаған, бір тілде сойлейтін, дәстүрі мен ұстанымы бір әлемдегі ең алып ұлыс-түркілердің рухани күшін зерттеу, сол арқылы рухына шабуыл жасап, тұтастығын бұзу, рухын сындыру, сөйгіп барып жері мен байлығына ие болу. Біздің ойымызша, Фридрих Вильгельм (В.В.Радлов) - осы мақсатқа дайындалған тұлға. Енді осы бағыттағы өз болжамдарымызға дәлелдер келтірейік. Өмірбаяндық деректеріне карағанда, Фридрих Вильгельм Берлин университетінің философия факультетіне түседі. Онда теология мәселесін зерттейтін сабақтар алады. Біздің зерттеушілеріміз оның филологияға ауысуын дін ғылымын «көңілі қаламағандықтан» деп жұмсартып түсіндіреді. Теологтар оның өте қабілеттілігін бағалап, тіл үйрететін арнаулы мамандарға оқытқаны байқалады. Оны өмірбаяндық деректеріндегі мәліметтер растайды. Сол кездегі фонетикадан ең ірі ғалым Август Поттқа Берлиннен Галле қаласына қатынап сабақ алғандығы соның бір мысалы. Еврей, араб, парсы, түрік тілдерін сол жерде жүріп үйренеді. Моңғол, татар, маньчжур, қытай тілі бойынша сабақ алады. Орыс тілін де сол университетте жүріп үйреніп, оқып. жаза алатын дәрежеге жетеді. Себебі, түрік халықтарының барлығы бұл кезде Ресей боданына айналып болған еді. Ресейде түркология ғылымы біршама жұмыстар атқарып қойған болатын. «А.К.Қазамбектің «Түркі-татар тілінің грамматикасы» (Қазан, 1839), О.Н.Бетлингтің «Якут тілінің грамматикасы» (СПб, 1851), М.Я.Глухарев, В.В.Вербицкий, Н.И.Ильминскийлердің «Алтай тілінің грамматикасы» (Қазан, 1869), Л.З.Будаговтың «Түркі-татар тілінің салыстырмалы сөздігі» (СПб, 1869-1871), В.В.Вельяминов-Зерновтың «Шағатайша-түрікше сөздігі» (СПб,1868-1869) сияқты іргелі ғылыми еңбектері жарық көрген еді»[23;21.]. Орыс түркология ғылымының да негізгі мақсаты миссионерлік бағыт болғандықтан, Фридрих Вильгельм (Радлов) сияқты «дайын кадрды» бұлар құшақ жая қарсы алды десек болады. Университетке оқуға келген оны 1859 жылы Барнаулға неміс және латын тілінің мұғалімі етіп жібереді. Бұл да Фридрих Вильгельмнің анық миссионерлік мақсатта жүргеніне дәлел бола алады. «Мемлекет билігінің рухани саласына әсер етіп отырған Святой синод арқылы дін идеологтары, яғни миссионер ғалымдар, өз мақсаттарын жүзеге асыруға қажетті қаражатты мемлекет тарапынан алып отырған. Осы рухани топтардың

мемлекеттік саясат дәрежесінде қойылып отырған миссионерлік әрекеті, әсіресе, 1739 жылдан бастап нақтылы әрі белсенді түрде жандандыра бастағанын аңғарамыз»[23;38-39.],-деген ғалым М.Мырзахметовтің пікірінде көптеген дәлелді деректер келтірілген. В.В.Радловқа айналып, мұғалім қызметіндегі Алтайға келген Фридрих Вильгельм орыс миссионерлеріне таптырмас олжа екені белгілі. В.В.Радловтың өмірдеректерінде бұл уақытты «Алтай кезеңі» деп атайды. «Қазынасын ешкімге толық аша қоймаған жиһаз толы алтын сандықтың кілтін қолына алады» деп түсіндірген ғалым пікірін толық қуаттаймыз»[22; 22.]. Аса талантты, қажырлы да қайратты Фридрих Вильгельм алдымен бұл елдің тілін толық меңгеріп алады. Сонан соң бүкіл рухы көрініс беретін халықтың бай әдеби мұрасын үзбей зерттеп, оны жинап алады. Түрік халықтарының мықтылығы қайда, әлсіздігі қайда деген сұраққа жауапты еш ойланбастан осы «алтын сандықтан» ақтарып ала береді, ала береді... Жартылай шоқындырылған бұл өлке оны толық қанағатандырмайды. Енді қазақ даласы өзіне тартады. Ол қазақ өлкесіне алғаш 1862 жылы келеді. Шығыс Қазақстаннан, Іле алқабы, Ыстықкөл ойына дейін барады. «Экспедиция нәтижесінде қазақ, қырғыз халқының тарихы мен этнографиясы, археологиясы мен фольклоры, тілі жөнінде қомақты материал жинастырады. Сонымен бірге ғалым жүріп өткен жерлерінің географиялық бедерін де картаға түсіріп отырады» [23;22.]. Мұндай талантты жандардың отаршылдар үшін қаншалықты пайдалы екенін осыдан да көруге болады. 1868 жылы арнайы үлкен экспедиция ұйымдастырады. Бұл үлкен қаржыны талап ететін экспедиция түрік халықтарының немесе соның бірі қазақ халқының игілігі үшін шығарылып жатпағаны белгілі. Ұлттың жанын суырып алу үшін, оның ең асылы мен сынып түсер жасығын тереңірек зерттеп білуге арналған экспедиция екенін, ең болмағанда, қазір түсінуіміз керек деп ойлаймын. «Орыс Географиялық қоғамының ұсынысымен жасалған бұл экспедиция материалдарының ғылым үшін ғана емес, патша саясаты үшін де үлкен мәні болғандығын айтқан жөн» [22; 22.]. Әрине, солай. Ғылым үшін емес, тек патша саясаты үшін жасалған экспедиция десек те орынды. Енді біз сол материалдарды ғылымға пайдаланып отырмыз дегеніміз нақтырақ болар, сірә.

Фридрих Вильгельм (В.В.Радлов) 1872 жылы Қазан оқу округы бойынша татар, башқұрт, қазақ мектептерінің инспекторы

болып тағайындалады. Міне, осы жұмыстың басында отыруы оның анық миссионерлік мақсатын танытатын дерек. Қазанда миссионерлік үлкен мектеп қалыптасқан болатын «1846 жылы Қазанның духовная академиясын бітірген соң, академияның арнайы мақсатпен ашылған «Противомусульманское отделение» кафедрасын басқарады»[23;38-39.]. Бұл Н.И.Ильминский туралы айтылған пікір. Бізге керекті – Қазандағы миссионерлік мектептің негізінің мықтылығына дәлел. «1872 жылы Қазан қаласында миссионерлердің рухани орталығына айналған оқытушылар семинариясы ашылғанда директорлыққа Ильминский ұсынылады»[23;62.]. Барлық ресейдегі мектептер үшін мұғалімдер дайындалатын семинарияны басқарып, сенімді де, айлалы Н.И.Ильминский отырса, ал сол мұғалімдердің мектептегі істерінің инспекторы болып В.В.Радлов іске кіріседі. Оның қызметі: «Ол өзінің көп уақытын, күш-жігерін қолға алған ісін дамытуға, мұсылман мектептеріне оқулықтар жазуға жұмсады» [22;22.],- деп бағаланып жүр. Ал, шындығын ол жазған оқулықтарды зерттеп бағалаған жандар айтуға тиіс. Мұсылман мектептеріне Берлиннен келген неміс ұлтының өкілі оқулық жазатындай қаншалықты қажеттілік болғаны түсінікті. Мұсылман балаларын шоқындырудың әдістерін жақсы білетін миссионер ғалым бұл іске тартылған. Белгілі түрколог ғалым А.Н.Кононов ғалымның бұл уақыттағы жұмысына: «Салыстыра қарағанда кезең жеміссіздеу болды»[24],- деп баға береді. Үлкен ғалым, ғылымға саясатты араластырмай, әділдіктен жаңылмайтын А.Н.Кононов В.В.Радловтың миссионерлік жұмысын осылай бағалайды. Себебі, таза ғылыми мақсатпен жұмыс істесе, түрік халықтарының адамзат өркениетіне қосқан үлесін шын бағалағысы келсе, оның қолында алтын сандықтың кілті тұрғаны рас еді. Ресей территориясын мекендейтін түрік халықтарының барлығының дерлік тілін білді. Олардың тілдік ерекшеліктерін, дыбыстық өзгешеліктерін түгел саралап шығуға оның білімі жетті. Құпия жазбаны да оқып, аударды, «Құтты білікті» де алғашқылардың бірі болып зерттеді. Бірақ үлкен өркениеттің бағасын өз дәрежесінде бермеді. Біздің ойымызша, осынша құнды дүниелерден ол көбінесе, дінге қатысты мәселелерді іздеді. Әсіресе, қазақтардан, олардың мұрасынан ислам дініне сәйкес келмейтін бөгде ойлар іздеген сияқты. Фридрих Вильгельмнің (В.В.Радловтың) ислам дініне қарсы тәрбиеленген

талантты миссионер ғалым екендігі оның қазақ әдебиеті нұсқаларын талдау кезінде де аңғарылып қалады. Ғалымның әйгілі он томдық түрік халықтарының әдеби мұраларынан жинап бастырған кітабының үшінші томы қазақ әдебиетіне арналған. Сол кітаптың алғы сөзінде қазақтар туралы бірнеше дұрыс пікірлер келтіреді. Сонымен бірге ислам діні және қазақ тақырыбында кейінгі уақыттарға дейін белең алып кеткен, тіпті қазақтардың өздерінің де санасына сіңіріліп жіберілген тым ұшқары пікір бар. «Жалпы қазақтарда (діншіл) оқымыстылар халықтық әдет-ғұрыптан ауытқығандар деп саналады, оларға сырттай құрмет көрсеткенмен, шындығында іштей жек көріп, мүмкіндігінше, аулақ жүруге тырысады»[22; 8.]. Қазақтар арасындағы дін ғұламалары болмаған деген теріс пікірдің негізін осылай қалап жіберген. Бұл – қиянат. Тіпті, кеңес дәуірінде жазылған көптеген көркем шығармаларда осындай дін ғұламаларының атын қара күймен әбден кірлеткеніміз де шындық. Мысалы, Ақан серіге ұстаз болған Науан хазірет, Абайға ұстаз болған Ахмет Риза, т.б. сауатты жандар теріс насихатталды. Мүмкін, ондай сауатты адамдар кәпір деп оған жоламаған болуы да мүмкін немесе патша үкіметінің ислам дініне қарсы екенін білетін саналы азаматтар өз оқымыстыларын орыс «төресінің» көзінен тасалау үшін айтуы да мүмкін. Мысалы, «Манасты» Шоқанға айтқан жыршы, В.В.Радлвқа айтқанда мүлдем басқаша жырлағанын Ә.Марғұлан түсіндіреді. Сол сияқты өзге діннің, өзге ұлттың өкіліне қазақтың сөз білер жақсылары шын сырын ашпауы да мүмкін. Бірақ ғалым, тұтас бір халық туралы тарихи жазба қалдырып отырғандықтан, ұлтқа қиянат, ғылымды бұрмалауға бармауы керек еді. «Ғылым – Алланың бір аты» дейтін ислам өркениетінің ұстанымы қандай ғанибет. Шын ғылым ешбір ұлтқа, ұлысқа бұрмаламай жалпы адамзатқа қызмет етуі тиіс деген ой жатыр ғой ұққанға. Осындай шала зерттеулер біздің ұлтты сыртқа жабайы көрсетіп жүрген. Ал төмендегі жазбалары тарих алдында жауабы сұралуға тиіс мәселе деп есептейміз. «Халықтың көп бөлігі ислам әдет-ғұрыптарына сырттай ғана бой ұсынады. Ораза тұту, намаз оқуды отырықшы мұсылмандармен көрші тұратын қазақтарды есептемегенде, халықтың көпшілігі сақтай бермейді. Дәрет алуды да дұрыс атқармайды және оны құрғақ сүртінуден ауыстыруды (ташбых дәрет) ұнатады. ...Діннің ішкі мазмұны жөніндегі егжей-тегжейлі білім олардың арасына аз

тараған. Жаза білетін адамды оқымысты деп есептейді, бірақ ондай оқымыстылар, кейбір жерлерде болмаса, негізінен өте аз»[22;8.]. Бұл сөздер қанша уақыттан бері аксиомаға айналып, «діні шала халық» деген атаққа ие болып келеміз. Осыған сүйеніп, кеңестік құжаттардың барлығында қазақтардың екі-ақ пайызы сауатты болған деген дерек құран сөзіндей жаттатылды. Әрбір ұлттың ұлт ретінде сақтап тұратын үш тірегі барлығын айтады академик Р.Бердібай. Тілі, дәстүрі, діні. Егер осы үшеуі болмаса, ол ұлттық мызғымас заңдары қалыптасқан ел бола алмайды. Бұрынғы дәуірлерде бір ғана тәңірге табынған ұлт, бертін келе исламның қағидаларын қабылдап, бір аллаға сенген, исламдық өркениетке өзіндік үлесін қосқан, сурпаның ренессансынан төрт-бес ғасыр өзінің ренессансын бастан өткізген еліміз туралы осындай тым ұшқары айтылған ойлардың қателігін айтатын уақыт жетті деп ойлаймыз. Себебі, орыс ғалымының бір сөзіне қарсы пікір айтылмайтын уақытпен оқулықтарға еніп кеткен пікірлерді сынмен қабылдауға ұлттық ғылымның толық мүмкіндігі бар. Ислам дінінің ішкі мазмұны туралы айтылған кітаптар халық арасында жүргеніне Қ.А.Ясауидің хикметтері, Бақырғанидың өлеңдері, жыраулардың толғаулары, ақындардың өлеңдері, тіпті шариғат ережелері мен пайғамбарлар өмірі туралы жұмбақ жасырған ақындар айтысы, т.б. дәлел бола алады. Қызыл империя құлағаннан кейін дін үйретуге келген «жаңа діншілдер» де осы ойлармен келіп, елдің орнықты дәстүрін бұзып жатыр. Олардың ешқайсысына біз діннен алыстаған жоқпыз, сол негізге құрылған дәстүріміз бізді адастырмады деп түсіндіруге де салғырттық танытамыз. Дәстүріміз тұтасымен ислам діні ережелеріне негізделгендігін дұрыстап бағамдаған жан болса, тез аңғарады. Қазіргі «діншілдер» сол мықты дәстүрімізді бұзып, сол арқылы елді бүлдіріп барады. Оған қарсы тұрар көпшілікті байқамайсың, себебі, Радлов енгізген тұжырым барлық оқу құралдары арқылы әбден санаға сіңіп кеткен. Фридрих Вильгельмнің (В.В.Радловтың) мына пікірі де оның ислам мәдениетін толық мойындамайтынын, оған қарсылығын танытады: «Дін шарттарын бұлайша сырттай ғана атқару дәстүрлі мәдениетті ірітіп жіберер исламның әсер күшін тежеп, халықтың алғашқы таза түркілік сипатын толық сақтауына мүмкіндік жасағанын айтуға міндеттіміз»[20;8.]. Көріп отырғанымыздай, исламды ұлт мәдениетін ірітіп жіберерліктей

қауіпті нәрсе деп атап көрсетеді. Ал, біздің рухани мұрамызда ислам әсеріңсіз бір нәрсені таба алар ма екенбіз? Барлық батырлық, ғашықтық жырларымыз, ғұрыптық салт жырларымыз, ән сөздері, бата тілектер, тарихи жырлар мен өлеңдер, балаларға арналған өлеңдер барлығы-барлығы ислам әсерімен нұрланып, халық санасына кірігіп кеткен.

Қазақ әдебиеті тарихын жазуда да Фридрих Вильгельмнің әсері әлі күнге байқалады. Оның: «Қазақ әдебиеті шығармаларын қазақтардың өздері екі бөлімге бөледі: халық шығармалары (қара сөз) және кітаби өлең. Халық шығармаларын қарапайым халықтың ауызша таралған өлеңдері мен әңгімелері кұрайды, сондықтан да оған қазақ халқының ислам діні әсері тие қоймаған шығармалары жатады. ...Кітаби өлеңдердің мұндай атқа ие болу себебі, оны жыршы жатқа айтпайды, жазылған кітаптан оқиды. Мұндай кітаби өлеңді шығарушылар – молдалар, сауатты қазақтар. Олардың сөз оралымдарында исламның, кітаби тілдің әсер-табы айқын сезіледі», - деген сөздері қазақ әдебиетінің мұраларын аямай жікке бөліп тастады. Және ғалым өз пікіріне өзі қарсы келіп отыр. Ел арасына көп тараған кітаптар болса, оны оқитындар мен шығарушылары сауатты қазақтар болса, онда қазақ сауатты ел болғаны емес пе? Ақ пен қараны ажыратып, ұрпақ санасын миссионер ғалымның улы ойынан арашалап алатын уақыт жетті. А.Байтұрсынов өзінің «Әдебиеттанушының» «Жазу әдебиеті» деген бөлімінде: «Қазаққа жазу дінмен бірге келген. Молдалардан шыққан жазу әдебиет дінге қызмет қылса да, тілге қызмет қылмаған. Тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту орнына тілді бұзған, аздырған; қазақтың тұтынған тілімен жазбай шығарушылар: «Кітаби тіл», «Әдеби тіл» деп, ноғай тілімен, яки сарт тілімен жазған»[19; 434.], - деп көрсетеді. Ал, М.Әуезовтің «Әдебиет тарихында» «Бұл жазылып отырған әдебиет тарихында ... дін ағымымен туып, жат жұрттың үлгісі сияқты болып көшіп келген әдебиетті қозғамақшы емеспіз»[17;193.] - деп, бұл әдебиетті жалпы қазақ әдебиетінен бөліп тастағандай болады. Себебі бұл екі ғалым да аталған кітаптарын кеңес үкіметі кезеңінде жазды. Радлов салған жолды басшылыққа алуға мәжбүр болды. Міне, осы жағдай әлі күнге жалғасып келеді. Қазақ әдебиетінің тарихында дін тақырыбына жазылған барлық шығармаларды бір ғана тақырыптық жағынан қарастырылып келеді. Оларды жанрлық

ерекшеліктеріне сай басқа қазақ әдебиетінің мұраларына қоспаймыз. Бұл шығармалар тұтас әдебиет тарихынан әлі толық орын да алған жоқ. Әлі шетқақпай болумен келеді. Мысалы Ислам тарихынан жазылған шығармаларды тарихи шығармалармен бір қатарға қоя алмаймыз. Қай жанрда жазылса да, «діни шығармалар» деп жалпы атаумен сыдыртып өте шығамыз. Бұл да сол В.В.Радлов салған жолға сонша «адалдығымызды» танытады. Өз әдебиетімізге өзіміз баға беруге асықпай жүрміз.

Фридрих Вильгельмнің тағы бір қанатты сөзі совет үкіметі жылдарында идеологиялық тіреске айналғаны белгілі. «Кітаби өлең халық арасына там-тұмдап болса да, берік ірге тебе бастаған исламның өкілі – ислам ілімін таратуды мақсат тұтқан және бірте-бірте халық рухын ығыстырып келе жатқан діннің ұрығы. Шындығында да, ол баяу әсер ететін у тәрізді, бірден-бірге күшейіп келеді. ... олар осы кітаби өлеңдер арқылы қарапайым халық санасына ислам ілімін таратып, сіңіруге тырысуда»[22; 9.]. «Дін – апиын» деп қабырғаларда жазулы тұратын үлкен жазуларды оқып өстік. Миссионер ғалымның тұжырымдарын совет үкіметі өзінің идеологиясында жақсы пайдаланды. Біз ғалымның осы қырын да жасырмай айтуға тиістіміз. Өйткені өзіміздің рухани мұрамызды өзгеге бағалатып, бөлшектеуден әбден рухымызды әлсіретіп алғанымызды кеш те болса, ұғынғанымыз дұрыс болар. Діни шығармалардың халық арасында қаншалықты тәрбиелік маңызы барлығын В.В.Радловтың өзі былай түсіндіреді: «Ғибрат өлеңдердің ішінде көп айтылатыны осы аттас кітаптың атымен аталатын «Жұм-жұма». Үлкен жиындарда айтылған осы жырды маған бірнеше рет тыңдауға тура келді. Жыршы сөзін бар ынтасымен тыңдаған жұртшылық тірі күнінде дін шарттарын орындамаған мұсылманның өлгеннен кейінгі азабын силаттаған кезде қорқынышты үрей пайда болады. Тыңдаушылардың үнсіз тыныштығын тек қана «о күдіретті тәңірім», «қайырымы көп құдайым» деген тәрізді лебіздер ғана бұзып отырды. Маған қазақтар арасында исламды орнықтыруға бір «Жұмжұманың» әсері даланы кезіп жүрген жүздеген молладан артық тәрізді» [22; 11-12.]. Осындай әсермен қазақтар арасында тыңдалатын діни шығармаларды миссионер ғалым ол ортадан аулақтатуға тырысқан. Ондай шығармалар мольнан ел арасына тарайтын болса, миссионерлерге оңай болмайтынын жақсы түсінген. Исламның

негізгі қағидалары жақсы түсіндірілген кітаптарды соншама ықыласпен тыңдаған қазақтарды мұсылман дініне салғырт деп бағалауы ғалымның тағы да өзіне-өзінің қарсы келуі десек болады. В.В.Радловтан басталған дін тақырыбында жазылған шығармаларды халық мұрасынан бөлектей, өзге елдің мүлкіндей, жат дүниедей, санаға сіңетін у тәрізді қарау әлі де мәдени мұраны бағалауда салқынын тиізіп келеді. Дәстүрінде сонау ертедегі сақтар мен ғұндардан қалған еркіндік: қыздарының ат үстінде ерлермен қатар жүруі, ойын сауықтарда қыз-келіншектердің еркін ән салып, айтысып, атпен жарысып, бетін бүркемей жүруі, ислам дінін қабылдаған басқа елдерден қазақтарды мүлдем бөлек көрсететіні анық. Қазақ әйелдерінің де ерлермен қатар отырып, әңгімеге араласып, беттерін бүркемей жүруі сырт қараған миссионерлерге ислам дінін қабылдамаған ел сияқты көрінген болар. Ал, ислам ілімін жүректеріне сенімді қондырған қазақ елі бұл салада қаншама мол мәдени мұра қалдырған. Соны өз қажетімізге жарататын уақыт жетті деп ойлаймыз. М.Әуезов айтқанындай, «ел ішіне не сіңсе де, өлеңмен, асыл сөзбен сіңірілген». Әдебиеттен дін туралы шығармаларды бөлектеу рухымызды жалаңаштауға қолданылған ең тиімді әдіс болғанын кеш те болса ұғынып, кітаби ақындар шығармаларын толық әдебиет тарихына енгізу қажет. Миссионер ғалымдардың миссионерлік мақсатпен айтқан пікірлеріне сыни тұрғыдан қарап, өз ұлттық құндылығымызды дұрыс бағалағанымыз болашақ үшін маңызды болмақ. Фридрих Вильгельм (В.В.Радлов) он тоғызыншы ғасырдағы көптеген әдеби мұраны қағаз бетіне түсірген, көптеген бағалы қорытындылар айтқан үлкен түрколог ғалым екенін жоққа шығаруға болмайды. Сонымен бірге, оның негізгі мақсаты миссионерлік екенін де жасырудың қажеті жоқ. Жалпы Ресейде негізделген Түркология ғылымының ең басты мақсаты бұл елдерді орыстандыру, шоқындыру болғанын ашық түсінуіміз керек. Бұл идея еш өзгеріссіз совет үкіметі жылдары әрі қарай жалғасып жатты. Барлығын орыстандыру үшін олардың тіректерін зерттеп, соларды білдіртпей кеміріп жеп жатқанын кімнен жасырамыз? Ол мақсатын жасырар болсақ, өз әдебиетіміз бен мәдени мұрамызға қиянат жасаймыз. Өз ұрпағымызды адастырамыз. Онсыз да көп адасқан елміз. Білмей адастық, саясаттың ыңғайымен әдейі адастық, аман қалу үшін із жасырып адастық. Ал енді адасқан

жолдарымызды жөндеп, оның себебі мен салдарын ашып айтатын уақытқа келіп тұрмыз. Қазақ әдебиеті мұраларына В.В.Радловтың миссионерлік көзқараспен айтқан қорытындыларына ғылыми дәлелді пікірлер жазылу керек. Оның кітаби ақындар туралы айтқан пікірлері де соны талап етеді. Біз бұл ойларымызды да мақала етіп жариялағанбыз[86].

«1836 - 1870 жылдар арасында Ораз молда, Мұса молда, Майлықожа, Мәделі, Шәді төре, Жүсіпбек кожа, Мақыш Қалтаев, Қашафуддин, Әріп және басқа ақындар болған. XX ғасыр басында олардан қалған мұра 120 поэма еді», - деп М.Әуезов сөз ететін үлкен әдеби мұра - біз сөз етіп отырған кітаби ақындар мұрасы болатын. XX ғасыр басындағы кітаби ақындардың ірі өкілі ақын Ақылбек Сабалұлы. Демек, Ақылбек Сабатұлы шығармашылығына әділ баға беру үшін алдымен кітаби ақындардың өзіндік ерекшеліктерін, олар туралы айтылған ғалымдардың негізгі қорытындыларын екшеп алуға міндеттіміз.

Бізден бұрын кітаби ақындар шығармашылығы мүлдем сөз болмады, олар бағаланбады деген ойдан аулақпыз. Саяси қуғындау қатты жүріп тұрғанның өзінде кітаби ақындардың ұлт рухани өмірінде үлкен орын алғандығын ғалымдар жасырып қалмады. Мүмкіндіктерінше, аз сөзге сыйғызып, бағалы пікірлер айтып отырғанын көреміз. Қазақ әдебиеті тарихында кітаби ақындарды нақты зерттемесе де, әр кезеңде қайта оралып соғып, оларға бағалы пікірлер айту М.Әуезов еңбектерінен көптеп ұшырасатынына жоғарыда алынған үзінділер дәлел бола алады. Әдебиеттегі осы бір кезеңнің өзіндік ерекшелігін А.Байтұрсынов та өз оқулығында нақтылап түсіндіруге тырысады. А.Байтұрсынов бұлар өмір сүрген кезенді «діндар дәуір» әдебиеті деп атайды. «Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып, соларға еліктегеннен пайда болған. Ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп үлгі алып соған еліктеуден пайда болып отыр»[19; 435.]. Өзі саралаған екі бағыттың бастау алар көздерін ашып көрсетеді. «Бастапқы жазба әдебиеттің бас мақсаты - дінді жаю, дінді күшейту» болды деген сөздерінен қазақ әдебиеті тарихында жазба әдебиеттің көш басшылары кітаби ақындар дегенге саяды. А.Байтұрсыновтың бұл пікірін М.Әуезов те құптады және кітаби ақындарды тудырған қоғамдық қажеттілік екенін өзінің «Шортанбай шығармалары» деген зерттеу мақаласында ашық

түсіндіреді. «Қазақ әдебиетінде дін сарынын алғаш бастаған осы Шортанбай болса, бұл өзі мұсылманшылықты исламның дін кітаптарынан алған адам болады. Ең алғаш жазып жырлаған, оқыған ақын да осы болуға лайық. Бірақ соның кітап жолындағы ұстазы, үлгісі: Орта Азия мен иран, араб сопылары. Орта Азия топырағында XII–XIII ғасырларда жарыққа шығып кейінгі көп ғасырларға желісін тартып келген «тас жауып» сарыны қазақ әдебиетінде Шортанбайды өз мұриті қып алған сияқты. Әрине, бұның себебі құр ғана еліктеу емес. Бір кезде «сопылық» ақындығын туғызып өрістетіп келген Орта Азиядағы шаруашылық, қоғамдық, тарихи жағдай Шортанбай тұсында қазақ топырағында да, өзіне лайықты жағдай тапқан болу керек. Ол жағдай жоғарыда айтылған, Шортанбай шығармаларын тудырған, Шортанбайдың салт-сана, бағытын тудырған жағдай болады»[25; 282-283.],- деген сөзі осының айғағы. Бұдан әрі толық түсіндіруге уақыты көтермеген ғұламаның ойлары соншалықты нақтылығымен, тарихты жақсы тани алғандығымен таң қалдырады.

Коммунистік партияның ұлтсыздандыру саясатының қаны тамып тұрған кезендерде де қазақ әдебиеті тарихындағы ерекше шоғырлар туғызған әдебиетті ойға алып, халық кәдесіне жаратуға күш салған ірі ғалымдар еңбектері үлкен ризалықпен атауға тұрарлық. Партия саясатына қарсы да келмей, әдебиетті де жоғалтып алмау үшін өз еңбектерінде қайта айналып соғып отырған ғалымдарымыздың еңбектерін аттап өтуге хақымыз жоқ. Саясаттың ықпалымен шығыс әдебиетін үлгі тұтқандығын кемшілігі деп көрсеткен тұстар кездеседі. Бірақ біз оның бәрін кәрін шашқан улы саясаттың салқыны деп қарадық, сол еңбектер біздің ізденуімізге көп көмегін тигізгенін атап өтуіміз керек. Әлі де осы бағыттағы ізденістерге жол көрсете алады. Кітаби ақындарға «Қазақ әдебиетінің тарихында» ғалымдар М.Бөжеев пен З.Ахметов жазған «Қазақ әдебиеті мен шығыс әдебиетінің байланысы» деген тарауында ғалымдар мынадай анықтама берген: «Кітаби ақындар деп аталып жүргендер - мұсылманша оқып, хат танып, шығармаларын кітаби тілмен жазып, діни араб, парсы сөздерін орынсыз қолданған, сол сияқты татар тілінің элементтерін сөзге көп кіргізген ақындар»[26; 537.]. Анықтаманың дұрыс, дұрыс еместігі туралы емес, сол тұста осы ақындардың аттарын еске салуының өзі құнды дерек көзі болып есептеледі. «Бұл ақындардың

еңбегінің сөзсіз құндылығы - олар қазақ әдебиетінің тақырыптық, сюжеттік арнасын кеңейтіп, оны шығыс әдебиетінің үлгілерімен мольқытыру ісіне себін тигізді. Алайда сұрыптап ала алмайды. Себебі өздері дінге сенді, діни қағидаларды уағыздауды міндет етті»[26; 537.]. Көріп отырғанымыздай, бұл ақындар шығармашылығына баға бергенде, кемшілігі деген тұсында, шын мәнінде сол ақындардың негізгі мақсатын, шығармашылығының мәнін ашып көрсетіп отыр.

«Қазақ әдебиетін зерттеу ғылымында жете зерттеліп, әлі толық, лайықты орындарын ала алмай жүрген кітаби ақындар біраз бар. Олар: Ақылбек бин Сабал, Шәді Жәңгіров, Мәулекей Жұмашев, Жүсіпбек Шайхисламов, Ораз Молда, Баймұхамбет Бейсенов, Мағаз Батырғалиұлы, Кашафуддин бин Шахмардан, Мақыш Қалтаев, Ғали Махмудов, Нұржан Наушабаев, Ақмолла, Есенмолла, Әбубәкір, Ахмед Оразаев, Жанұзақ, т.б. Аттары көпке мәшһүр емес осы ақындарды бір мақамға салып, «ескішіл бағыттағы ақындар» деп сипай өте шығып жүрдік», - дейді ғалым Ө.Күмісбаев[27; 290.]. Белгілі ғалым Н.Келімбетов Шәді Жәңгірұлы мұрасы туралы кеңестік дәуірде кандидаттық диссертация қорғап, монографиясын шығарды[28]. Ол уақытта оның дін тақырыбына және ұлтымыздың тарихына қатысты шығармаларын айтуға мүмкіндік болмады. Осы олқылықты толтыру үшін академик Р.Бердібайдың жетекшілігімен Ж.Әбдіғаппарова 2010 жылы Шәді ақын мұрасын қайта зерттеді[29]. Нұралы Нысанбайұлының шығармашылығына арналған диссертация қорғалды[30]. Бұл зерттеуде де ақынның дін тақырыбындағы шығармалары толық қарастырылмады. Бұнда да ақынның мұрасы толық қамтылмады. Сөйтсе де «қазақ жерін дастанмен толтырған»(Р.Бердібай ақын туралы алғаш зерттеу жазылды. Майлықожа, Мәделіқожа, Молда Мұса және Нұралы Нысанбайұлы, Ергөбек ақындар шығармашылықтарын топтастыра сөз еткен, өнердің ерекше отаны болған Қаратау атырабының ақындары туралы бірнеше көлемді еңбек те жарық көрді[31]. «Ақылбек Сабалұлының әдеби мұрасы» атты кандидаттық диссертация да қорғалды[32]. Қаратау өңірінің ірі ақыны Молда Мұса (Мұсабек Байзақұлы) мұрасын жеке диссертация етіп З.Оразбекова қорғады[33]. У. Қалижан «Қазақ әдебиетіндегі діни ағартушылар» деген тақырыпта монографиялық еңбек жазды[34]. Бұдан өзге де зерттеу еңбектер жарық көріп жатыр. Осылай кітаби

ақындар шығармалары туралы зерттеулер біраз жасалды. Бірақ соның оқулықтарға енгізілуі тым баяу. Оқулықтар сол бұрынғы сарынмен жазылып, жаңа зерттеулер енгізілмей жарияланып жатыр. Соңғы кездері бұл шоғыр ақындарды дәстүрлі жазба әдебиеттің өкілдері ретінде қарастыру керек деген бағыт та бой көрсетіп жүр. Ғалым С.Ергөбектің «Қазақтың дәстүрлі жазба әдебиеті» атты монографиялық еңбегі осының дәлелі[35]. Ғалым кітаби ақындар ислам дәуірінен бастау алатын ежелгі жазба әдебиет өкілдерінің заңды жалғасы деген қорытынды жасайды.

Қазақ әдебиетінің тарихын жазу кеңестік дәуірде жазылды. Сондықтан ғалымдардың әрбір жазған еңбектері коммунистік партияның қатаң цензурасынан өтуіне тура келген. Оны қазіргі толқын түсіне де қойматын сияқты. Көркемәдебиетті өз идеологиясын түсіндіретін насихат құралына, әдебиеттану ғылымын соның идеологиялық жетекшісіне айналдарған кеңестік дәуірдегі қаламгерлер мен ғалымдар өмірін дұрыс түсіндіру, от пен оқтың арасында күй кешкен ұлт зиялыларының еңбектерін де адал бағалау қажеттігі көрінеді. Сөзіміздің дәлелін Коммунистік партия Орталық комитетінің 1946 жылы август (тамыз) айында шыққан екі қаулысының мазмұнынан табуға болады. 1946 жылы 14 августа «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы қаулысында Зоценко мен Ахматова шығармаларын басқаны үшін журнал редакторлары ауыстырылып, жазаланды. «Зоценконың пасық, жалақорлық шығармаларына, Ахматованың түкке тұрғысыз, бисаясаттық өлеңдеріне үнемі орын беріліп келді»[36] - деп кінә тағылды. «Звезда» редакциясы сияқты «Ленинград» журналының редакциясы да шетелдік атаулының бәріне бас иушілік рухына белшесінен батқан бір қатар шығармаларды жариялап, ірі қателер жіберді. Журналдың басшы қызметкерлері біздің журналымыз мейлі ғылыми журналдар болсын, мейлі көркем әдебиет журналдар болсын бисаясаттық журнал бола алмайды деген ленинизм қағидасын естен шығарды»[36]. Осы қаулыдан кейін «шетелдік атаулының бәріне бас иушілік» дегеніңіз үлкен саяси қате болып есептелді. Батыстан да алма, шығыстан да алма, тек орыс әдебиетінен алынсын деген үстем ой жүзеге асырыла бастады. Оны 1946 жылы 26 августан шыққан ВКП/б/ Орталық комитетінің қаулысы анықтанқырап, нықтап орнықтыра түскені көрінеді. Тарихи жырлардың да, өткенді жырлаған ақындардың да, кітаби

акындардың да қажетсіз дүниеге саналып, жапырағын жайған мол саялы әдебиет сыйдыып жалаңаштанып қалуына осы қаулылар тікелей әсер еткеніне еш дау жоқ. Қаулы мазмұнына қараңыз: «Искусство істері жөніндегі комитет пен драма театрларының қызметіндегі ірі кемшілік олардың тарихи тақырыптағы пьесаларды қоюмен шамадан тыс әуестенушілігі болып отыр. Осы күні театрларда қойылып жүрген ешқандай тарихи және тәрбиелік маңызы жоқ бірқатар пьесаларда патшалардың, хандардың, төрелердің өмірі дәріптеледі. Театрлардың шетелдік буржуазиялық авторлардың пьесаларын қоюы, шынында, совет сахнасын реакцияшыл, буржуазиялық идеология мен моральді насихаттауға беру, совет адамдарының санасын совет қоғамына қас көзқараспен уландыруға әрекет жасау, сана мен тұрмыста капитализмнің қалдықтарын жандандыру болып табылады»[37] – деп көрсетті. Советтік сананы қалыптастыру жолдарын қарастырып, оның шешімін де өз ішінен табады. Қаулының тоғызыншы пунктіне қараңыз. «Одақтың және автономиялы республикалар театрларының репертуары өте тапшы екендігін және жергілікті драматургтердің сонау бұрынғы заманның тақырыптарымен әуестеніп кеткендігін еске ала отырып, Искусство істері жөніндегі комитетке совет драматургиясының ең жақсы шығармаларын СССР халықтарының репертуарына енгізу шараларын көру міндеттелсін»[37]. «Совет драматургиясының ең жақсы шығармалары» деген желеумен тек қана орыс әдебиетінің жетекшілігін көтеріп жібергендігі айдан анық. Осы қаулылардан кейін тарихи тақырыптарға да, батыс, шығыс әдебиетінен ізденуге де жол жабылды да, оның ызғары, әсіресе, кітаби акындарға тигені түсінікті. Кітаби акындар шығармаларының көзден таса болып жатуы олардың нәрсіздігі де емес, ғалымдарымыздың салғырттығы да емес, қоғамды билеген саясаттың әсері деуіміз сондықтан. Сөйтсек те кітаби акындар шығармашылығына көптің назарын аудартқан құнды-құнды пікірлерді сол кездің өзінде батыл айтқан ғалымдарымыздың есімдерін мақтанышпен атауымыз керек. Біз кітаби акындар деген атауға, ол топты құрайтын акындар туралы айтылған сол кеңестік дәуірдегі ғалымдардың қорытындыларын бір жүйелеп кеткенді дұрыс көрдік.

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен сөз қозғаған ғалымдарымыз кітаби акындар туралы

айтпай өте алмаған. Көпшілікке таратылмай тұйым салынса да, бұл үлкен шоғыр ғалымдардың көңілінен шықпай, әр кезде әр қырынан сілтеме ретінде айтылса да аталып отырғаны байқалады. Қазақ әдебиетінің тарихы жазыла бастаған күннен бастап, М.Әуезовтің мына бір пікірі бұл ақындардың нағыз бағасын беріп тұрғаны көрінеді. «Жері кетуші, көп алым-шығын төлеуші, саудагердің жылмаң (ростовщический) капиталдың сорғысында боп (бұзауға ақша ап) қалушы, жем болушы сол көпшілік болатын. Ол жаңалықтан бірде-бір игілік көрген жоқ. Бірақ, барлық ауыртпалықты қорлық пен езгіні көруші сол болады. Жаңалықтың игілігін көруші азғана бай, жуан топ. Міні, Мұрат пен Шортанбай - өлкедегі қоғамдық наразылықтың жыршысы боп шығады»[25; 281.]. Дәл осы сөз бұл ақындарға берілген өте әділ баға болуға тиіс. Кітаби ақындар өз дәуіріндегі қоғамдық наразылықтың жыршылары бола білген қаламгерлер. Кітаби ақындар шығармашылықтарының ерекшеліктеріне кеңірек тоқталып, сол асылдарды халық кәдесіне жаратуға күш салған ғалым Б.Кенжебаев екені қазақ әдебиетінің тарихын білетін азаматтардың бәріне аян. Сол уақыттағы даулы кезең ХХ ғасыр басындағы әдебиеттің ішкі ерекшеліктеріне дендеп кіріп, түсінік берген ғалым Б.Кенжебаев болды. Қазақ әдебиеті тарихында «кітаби ақындар» деп танылып кеткен ақындарды ғалым: «бұлар жананы (жаңа идеяны) ағартушылық идеясын жақтады» деп кесіп айтады. Бұл ақындарды тайсалмай «Ағартушы ақын – жазушылар» деген ғылыми қорытынды жасайды. Және сол пікіріне орнықты дәлелдер келтіреді. «Ағартушы ақын - жазушылардың негізгі шығармалары заман, халық, дүние-тірлік, халықтың тұрмыстық, әлеуметтік хал-жайы, мұң-тілегі туралы» - деп, әлем әдебиеті мен мәдениеті тарихында ағартушыларға қойылған талапты кеңінен түсіндіреді. Қазақ ақындарына таңылып жүрген атау «кітаби» деген сөздің дұрыс еместігін былай түсіндіреді: «Кітаби» деген атау ертеде христиан діндарлары арасында діни кітап – «інжіл» ережелерін бұлжытпай орындауды жақтаған, уағыздаған адамдар жөнінде қолданылған. Оны біздің ХХ ғасыр басындағы ақындарымыз жөнінде қолдану мүлде орынсыз. Кітаби ақын жазушы деген атау біздің ғалымдарымыз бұл топқа жатқызып жүрген ақын-жазушылардың идеялық көзқарастарын, не көркем әдебиеттік бағыт-әдісін аңартпайды, кәсібін, кітап бастырып шығарумен

айналысқанын ғана аңғартады»[38; 27.]. Ғалым «кітаби ақын» деген атауға қосылмайды. Бұл ақындарды төл әдебиеттен бөлектеп келе жатқан осы атау екенін терең бағамдаған ғалым, бұл топтағы ақындарды «ағартушы ақын жазушылар» деп атауды ұсынады. Және бұл ақындардың шынайы болмысын ашып көрсетеді. Бұл ақындардың діни мектеп медреселерде білім алғанын, дүниетанымы осы тұрғыдан болатынын айта келіп, былай дейді: «... адамгершілікті, оятушылықты, ағартушылықты ұран етті, феодалдық тәртіпке діни қараңғылыққа, надандыққа, ескі оқуға Хадимге қарсы шықты. Аты оқуды, халықты әйтеуір оқытуды, оятуды арман етті. Замандарындағы жақсыны, жаңаны жақтады, солар үшін күресті, еңбек етті. Нағыз мағынасында гуманист, ағартушы болды»[38; 27.]. Сонау В.В.Радловтан басталған кітаби ақындарға берілген солғын баға ұлттық әдебиетіміздің шын жанашыры, білгірі ғалым Б.Кенжебаевтан осындай толық қанды бағасын алды. Шындығында, әлем әдебиетіндегі ағартушылық ағым өкілдерінің барлығының шығармаларында дін, жаратушы туралы аз айтылмайды. Бірақ оларды тек кітап көшірушілер, не басқа жаққа еліктегендер деп қарамай, толыққанды өз елдерінің әдебиеті тарихында оқытады. Ғалым Б.Кенжебаев барлық әдебиетке де осындай адал көзбен қарауды сол жылдары талап еткені шын батырлық деуге болады. Бұл ақындарды шектен асыра мақтауды ғалым мақсат етпеген. Кез-келген тұлғаны өзі өмір сүрген дәуірінің тұрғысынан бағаласақ қана тарихқа қиянат жасамайтынымызға ғалым баса көңіл бөледі. Кейінгі дәуірлердегі, әйтпесе басқа таныммен қалыптасқан ақын-жазушылардың айтқанын айтпады, істегенін істемеді деп кінәлаудан аулақ болу керектігін де ескертеді. Ол ақындардың сол басқалар айтқанды айтпай, өз жүрегінің қалауын, тануын сөйлегені де бағалырақ болар, сірә.

Қазақ әдебиетінің тарихында «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы фольклор» тарауында Н.С.Смирнованың кітаби ақындар туралы пікірлер беріледі. Түрік халықтарының өзара байланысын, әдебиеттегі рухани сабақтастықты көптен зерттеп жүрген ғалым Р.Бердібай да кітаби ақындар туралы өз пікірін білдіреді.

“...тамаша нақыл насихаттың, шыншыл әлеуметтік шақырулардың адам мінезін түзеу ниетімен туған ғажап ғазалдардың, дәмді дастандардың авторы - кемеңгер ақын Майлы,

кезінде ондаған кітап шығарған, көп өнериаз қауымға ақылшы аға болған шайыр Шәді, реалистік жазба, мәдениеті биік жырларымен күллі қазақ көлеміне танылған Молда Мұса, шығыс шығармаларын өлкесіне таратқан Ораз Молда, дүлдүл өлеңмен алдына жан салмаған Базар жырау, кезінде Жамбылдың пір тұтқан ақындарының бірі - Құлыншақ, дастан дегенінізді десте-дестесімен таратқан Нұралы, Фирдаусидың өшпес дастанын қысқа мерзімде қазақшаға түсірген Тұрмағанбет, тартымды термелердің жүйірігі Шораяқтың Омары, артына ақындық дәстүр, ұмытылмас үлгі қалдырған сыр бойының қос Жүсібі, әрі батыр, әрі ақын Мәделі, өмірде де, өнерде де, сері Ақберді, қазақ даласын қиссамен қамтамасыз еткен Жүсіпбек тұлғалары тізіледі» - дегенінде ғалымның бұл ақындар творчествосын терең білгендігін ғана емес, соларға деген ыстық ықыласын да аңғарасың.

Ғалым Ү.Дүйсенбаев “кітаби” деген анықтауыш сөзден кейін-ақ бұл ақындарға үрке қарау басталғанын айтып кетеді. «Кейбір зерттеушілер кітаби ақын, «қиссашыл ақын» деген терминдерді тым жиі қолданатын болып жүр. Бірақ осы бір ұғымдардың қалайша туып, нені қамтитынын ешкім жөнді білмейді. Айта салу салт болып кеткен тәрізді. ...Тегі «кітаби ақын», «қиссашыл ақын» деген оңай туған, жасанды терминдерден бас тартып, әрбір ақын-жазушыны оның идеялық-көркемдік қасиеттеріне лайық баға бере отырып, талдаған жөн болар»[40]. Ал ғалым Ө.Күмісбаев біз сөз етіп отырған кітаби ақындарды «туған әдебиетіміздің қалыптасу тарихында орын тепкен құбылыс» деп бағалайды.

Ғалым Б.Әзібаева кітаби ақындардың шығармаларын фольклордың бір түрі деп қарастырады. «...шығыс сюжеттеріне құрылған дастандар қазақ халық ауыз әдебиетінің бай саласына айналып, өзіндік мәдени, эстетикалық, тәрбиелік ролін толығынан атқарды. Осы бағытта, әсіресе, Жүсіпбек Шайхысламов, Шәді Жәңгіров, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Нұралы Нысанбайұлы, Нұржан Наушабаев, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Ақылбек бин Сабал, Мәулекей Юмачиков, Ақыт Қарымсақов, А.Оразбаев, тағы басқалар жемісті еңбек етті»[41; 25.]. Осы пікірді жақтаған ғалымдар жазба ақындар шығармаларын фольклорлық туындылар етіп көрсету үшін баспадан шығарғанда да, олардың өздері туралы айтылған мәліметтерін алып тастап бастырып келеді. Бұл біраз басылымдарда орын алды. Бірақ бұл ежелден келе жатқан жазба

дәстүрі бар, сол дәстүрмен жарияланған мол жазба мұрасы бар ел үшін жақсы бағыт емес. Сонау Ж.Баласағұн мен Қ.А.Ясауи, А.Иүгінекиден бастап, өз кітаптарына аттарын өлеңмен қалдырып келе жатқан үлкен әдебиеттің дәстүрін қолдан бұзу деп ойлаймыз. Тіпті, мәдени мұраға жасалған қиянат деуге болатындай. Жазба әдебиеттің өкілдерін ауыз әдебиеті деп жариялағаннан әдебиет кемелденбейтіні белгілі. Ауыз әдебиетіндегі даусыз мол мұраға иелік етсек те, бұл салада еш елден кем түспейтініміз анық.

«Олар «кітаби ақындық» дәрсжеде қалып қоймай, қазақ әдебиетіне біршама назар аударатын жаңалықтар әкелді»[28; 59.], - дейді ғалым Н.Келімбетов. Ғалымның бұл сөзінен «кітаби ақындар» дегенде тек кітап көшірушілер, тек жаттанды сөзді айтушы деген ұғымды түсінетінін көруге болады. Сондықтан бұл шоғыр ақындарға берілген ғалымдар атауымен ғалым келіскісі келмейді. «Кітаби ақындар» деген атау олардың бағасын кемітіп тұрғандай пікір білдіреді.

Қазақ әдебиетінде қисса жанры туралы, ескі түрік әдебиетінің мұралары туралы құнды зерттеулер жүргізген ғалым А.Қыраубаева бұл ақындар туралы өз ойын былай береді. «Қиссашыл ақындарды тек қана ауыз әдебиетін жинаушы деп қарамай, шығыс сюжеттерінің қазақша варианттарын жасаған жазба ақындар деп қараған жөн бе деп ойлаймыз»[14; 41.]. Ғалым Қ.Уәлихан бұл ақындарға «діни ағартушылар» деген атау бергенді қолдайды. Ғалым С.С.Ергөбек бұл ақындарды «дәстүрлі жазба әдебиеттің өкілдері» деп қарастырады. Көріп отырғанымыздай, қазақ әдебиетінің тарихында өздері тарих сахнасына шыққаннан-ақ өзгеше бағытымен жұрт назарын аударған, сол кездегі зерттеушілер «кітаби ақындар» деген атау берген ерекше ақындар туралы ғалымдар әлі де бір келісімге келе алмай отыр. Біздің айтарымыз, кітаби ақындардың ұстанған идеясы - ағартушылық, сүйенген ілімі - ислам. Мақсаты - өздері тұнығынан мейірлене сусындаған ілімді халыққа жаю, ұрпақты адалдыққа, еңбекке, білімге, мейірімге шақыру. Кітаби ақындар шығармашылығын оқып қараған адамдар, шындығында, бұл ақындардың насихаты жоғарыда айтылған тақырыптар төңірегінде өрбитініне көз жеткізеді, шын мәнінде ағартушылық идеясын көтерген ерекше ақындар.

Ислам іліміне сүйенді десе, соңғы еврацентристік көзқараспен уланып өскен ұрпақ, демек, бұлар білімсіз, өздері де түсінбейтін

құран сөздерін жаттап алған надан жандар деп түсінетіні анық. Шындығында, сол ислам ілімін меңгерген азаматтардың бүкіл әлемдік деңгейдегі ғылымнан, әдебиеттен хабары болғандығы соңғы кездерде ғана көпшілікке бүкпей айтылып жүр. Бұхара медресесін бітірген Тұрмағанбет ақын, Ахмет Риза медресесін бітірген Абайлардың білімі қазіргі кез келген университет түлегін ұялтуға жетіп жатыр. Сонымен, жаңашыл гуманист ағартушы ақындар деген қорытындыны кітаби ақындардың қатарында айтылған кез келген қаламгердің шығармаларымен дәлелдеп шығуға болатын шынайы ғылыми қорығыңды. Бұған дәлел ғалым Ө.Күмісбаевтың бұл ақындарды «туған әдеби тіліміздің қалыптасу тарихында орын тепкен құбылыс» деген пікірін қоссақ, сол бір өтпелі дәуірдің ерекше дәстүрлі ақындары деп қарағанымыз орынды болмақ. Олардың шығармаларын қазіргі кезеңдегі қалыптасқан әдеби көркемдік көзқараспен емес, сол өздерінің дәуіріндегі ерекшелікті еске ала отырып бағалаған дұрыс болар еді. Бұл ақындардың осындай терең білім бұлағымен сусындаған мол қазынасы барлығын М.Әуезов те ескертеді: «Шығыстың кітаби - эпикалық мәдениетін меңгерген және араб, иран классикалық поэзиясының өте көп сюжеттерін, тақырыптарын «Нәзира» рухында жырлаған, мұнымен қоса шығыстың басқа көп халықтарының аңыздарын, ертегілерін, тұрмыс-салт жырларын және батырлар жырларын жатқа білетін бір топ кітаби ақындар жұмыс істеді». Кітаби ақындар біліміне, мұнан кейін таңданбай көріңіз. Осыншама мол дүниеге сүйенген ақындар шындығында, тамырын тереңге жайған, «гуманист ағартушылық» ойдың жемісі болып шығады.

Белгілі сыншы ғалым М.Қаратаев кітаби ақындар туралы жақсы бір ойдың ұшығын шығарады: «Кітаби ақындар деп аталатын, шығыс поэзиясының мектебінен оқыған бір топ шайырлардың ұстазы, атақты поэмаларымен өзбек, түрікмен, қарақалпақ елдерінің сүйікті ақынына айналған ақын Шәді Шәңгіров»[42; 274.] - дегенінде, жалпы қазақ әдебиетінде кітаби ақындық мектеп қалыптастырған ірі ұстаз ақындар барлығынан хабар береді. Шәді, Жүсіпбек сынды майталмандардың ақындық мектебі болмауы мүмкін емес. Бұл өз алдына сөз болатын дүние.

Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандар туралы көп еңбек еткен ғалым А.Қыраубаева да бағалы ой айтады: «Бодандық

бұлтты қоюланған XIX ғасырдың II жартысынан былай қазақтың Ұлттық оянушылығының бір көрінісі ретінде XIII-XIV ғасырлардағы нәзира дәстүрі қайтадан жедел дами бастады. Нәзиралық әдеби тәсіл мен машықтық негізгі жанры қисса-дастандар болып жалғасты. Ұлттық оянушылықтың жан-жақты дамуының бір басында Абай бастаған, Ұлттық сананы жаңаша дамытудың бағыты тұрса, екінші жағында қазақи салт-сана мен имандылықтан айрылып қалмаудың жолын ескілікті дәстүрлерден іздеген ақындар тобы жинақталды. Олар қазақтың ежелгі жазба әдеби үрдісін жақсы білетін, мифтік сюжеттер мен құран хикаяларын, «Қисса Жүсіп» пен «Қисса-ул әнбияны» оқып көрген, «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» оқиғаларын жаттап өскен ақындар еді. Үлгі алған оқыған мектебі дәстүрлі классикалық түрік, араб-парсы әдебиеті болған»[14; 41.]. Кітаби ақындардың пайда болуы туралы ғалымның бұл сөздері бодандыққа қарсы шыққан «Ұлттық оянушылықтың көрінісі» деген жаңа да құнды пікір. Тәуелсіздік жылдары бұл әдебиетті сөз етуге көбірек мүмкіндік туып отыр. Бірақ, бұл саладағы көркем шығармалардың өзіндік ерекшеліктерін ұғыну сопылық ілімнен, ислам ғылымынан хабары аз ғалымдарға едәуір қиындық келтіруде. Сондықтан, бұл шоғырға сол кезеңдегі барлық ақындарды топтастыра салу да кездесіп отырады. Немесе, олардың танытпақшы болған терең түсініктеріне бойлай алмай жатады. Кітаби ақындар шығармашылықтарының негізі ұлы жаратушының хикметін жүрекпен сезініп, ғылыммен түйіндеу болып табылады. Ақыл сенбес істердің болғандығы туралы оқиғаларды түсіндіру үшін ғалымның өзіне үлкен дайындық керек. Сондықтан, кітаби ақындар шығармашылығы - әлі де өз дәрежесінде бағаланбай жатқан мол дүние.

Жоғарыдағы ғалымдардың пікірлерін қорытындылап және кітаби ақындар шығармашылықтарынан өзіміз көріп таныған ерекшеліктерге сүйене отырып төмендегідей қорытынды жасадық. Кітаби ақындар - өз дәуірінің әлеуметтік, тарихи негізінде дүниеге келген қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс. Олар патша үкіметінің отаршылдық пен орыстандыру саясатын, одан ұлттың болашағына келер зардаптарын жақсы түсінген, өз дәуірінің өзекті әлеуметтік, философиялық мәселелерін шығармаларына арқау еткен терең білімді, сауатты ақындар. Жаппай орыстандыруға қарсы күрескен күрескер ақындар. Ұлттық санаға енгізіліп жатқан жат пиғылды

жақсы таныған, ұлтымыздың бар қасиетін сақтап қалуда тірек болатын дінді, тілді, ұлттық тарихымызды насихаттаған, әртүрлі жанрда өздері таныған шындықты өлеңмен жазып отырған, кітап етіп бастырып, ел арасына таратып отырған нағыз ағартушы ақындар. Кітаби ақындар - алды елуден аса, соңғылары төрт-бестен дастан жазған ерекше дәстүрлі, өзгеше ағымдағы ақындар. Кітаби ақындар - қоғамдағы ауыр психологиялық және әлеуметтік дағдарыстың салдарынан дүниеге келген, қоғам дамуының өзі туғызған ерекше дәстүрлі шығармашыл топ. ХХІ ғасырда өмір сүріп жатқан қазіргі күні жаһандану ұлттық құндылықтарды жойып бара жатқан шақта зиялылардың жаһандануға қарсы тұрар күшті ұлттың өз рухани тіректерінен іздеп жатқаны белгілі. Себебі, ғасырлар қойнауынан аман өткен, небір зұлматты жылдардан ұрпақтың рухын сақтап қалған сол тірек болатын. Жаппай орыстандыру, шоқындыру белсенді жүргізіліп, халықтың рухани байлығына әр қырынан шабуыл жасалынған шақта, сол уақыттың зиялылары да бұған қарсы әрекет етті. Ұлттың ғасырлардан келе жатқан сеніміне сына түсіп, дәстүрге орыс заңы қарсы қойылды. Сол суық ызғарды замандастарынан күнілгері біліп, оның зардабын жан жүрегімен сезініп, орысшылдыққа түрікшілдікті, шоқындыруға ислам дінін қарсы қару етіп күреске шыққан ақындар - осы кітаби ақындар. Бұл ақындарды сол өздері өмір сүрген кезеңнен бөліп қарауға болмайды. Кітаби ақындар - өз дәуірінде қоғам қажеттілігінен туған, өз кезегіндегі міндеттерін адал орындаған ағартушы ақындар. Біздің ойымызша, олардың «кітаби ақындар» деген атауын да өзгертудің еш қажеті жоқ. Тек олардың шығармашылығын дұрыс түсіндіре білу, дұрыс насихаттай білу қажет. Қазақ әдебиеті тарихынан жазылатын түрлі деңгейдегі оқулықтарға да енгізу керек. «ХХ ғасырдың басындағы әдебиет», «Қазақ әдебиетіндегі діни ағартушылық», «Дәстүрлі жазба әдебиеті» сияқты пәндер Жоғарғы оқу орындарында оқытылып келеді. Бірақ, өкінішке орай, сол аталған әдеби ағымның ірі өкілі – Ақылбек Сабалұлы шығармалары өз дәрежесінде оқытылмай жүр. Оның шығармаларын оқыту ақынның өзі үшін емес, қазіргі ұрпақ тәрбиесі үшін маңызды. Ұрпағымызды адастырмайтын дін сабақтары мен ұлттық тәрбие негіздері ақын шығармаларынан анық көрініс тапқан.

Қорытынды

Біз бұл зерттеу еңбегімізде әдеби мұрасы айналымға енбей жүрген, зерттеушілердің барлығының еңбектерінде аты ғана аталып келген ірі кітаби ақын Ақылбек Сабалұлының әдеби мұрасын жинақтауды мақсат тұтқан болатынбыз. Ақынның шыққан кітаптарында қалдырған мәліметтері бойынша жазған 29 кітабының аттарын түгел келтірдік. Ақын шығармаларынан қай кітапханаларда қандай кітаптары сақталғанын да нақты көрсеттік. Кітапханаларда сақталған 17 кітабын оқып шығып, солар негізінде ақын шығармашылығына талдау жасадық. Ақын өмірбаянын да кітап беттерінде өзі қалдырған мәліметтері бойынша жинақтадық. Ақын шығармаларын тақырыптық-мазмұндық тұрғыдан екіге бөліп жүйеледік. Бұнда шығармаларға арқау болған оқиғалардың түп торкінін негізге алдық.

1. Шығыстық желідегі дастандары.
2. Қазақ өміріне байланысты төл шығармалары.

Шығыстық желідегі дастандарының өзін іштей үш бөлімге бөліп қарастыруға болады.

1. Орта Азиялық желідегі ғашықтық дастандары
2. Мың бір түн желілерінен алынған дастандары.
3. Діни дастандары.

Қазақ өміріне байланысты төл шығармаларын да ішкі мазмұнына орай екіге бөлуге болады.

1. Қазақ өміріне байланысты шығармалары.
2. Тарихи оқиға негізінде жазылған көлемді эпикалық шығармасы.

Осы жүйелі талдаулардан кейін ғана ақын мұрасына баға беруге болады деп есептедік.

Шығыстық желідегі дастандарын талдағанда көзіміз жеткен шындық - ақынның нәзира дәстүріндегі ірі тұлға екендігі болды. Ақынның «Тахир-Зухра» жыры қазақ әдебиетіндегі шығыстық нәзира дәстүрімен жырланған үздік көркем туынды болып шыққан.

Ақылбек Сабалұлының тағы бір ерекшелігі - шығыс халықтарында, соның ішінде түрік халықтарында Қ.А.Ясауиден бастау алған, Низами, Фзули, Науаи орнықтырып, классикалық туындылар қалдырған софылық поэзияны қазақтың ұлттық жазба әдебиетінде енгізіп, орнықтырушы болғандығы. Ақылбек ақынның

софылық ілімнің поэзиядағы екі түрлі көрінісін берген көркемдігі құнарлы дастандары – «Тахир-Зухра» мен «Қисса -и Марғұба».

Софылық ілім «Тахир-Зухра» жырында ғашықтық сезіммен дүниеге келген екі жастың мөлдір таза, шынайы сезімі арқылы беріледі. Бұл сезімді Алла аманаты деп ұғынады. Жастар Алла аманатына қиянат жасамас үшін небір қиындық азапты бастан кешіреді. Бұл мөлдір бастаудың мәнін ұқпаған надан пенделер бұл скеуіне көп азаптар салады. Адам төзгісіз қиындықтарға жолығады. Бірақ жүректеріндегі пәк сезімнен өзге ешнәрсеге мойын бұрмаған ғашықтар бұл өмірдегі пенделер арасында болатын, нәпсіні ғана қанағаттандыратын сезімнен әлдеқайда жоғары - мәңгілік ғашықтыққа жетіседі. Софылық ілімнің принциптерін осы ерекше махаббат арқылы жеткізеді. Ал «Қисса -и Марғұбада» бұны кейіпкерінің басқа қырымен сипаттайды. Ұзақ сапарға шығып, ғаріпшілдікті бастан кешкен Марғұбаның іс-әрекетімен көрсетеді. Софылардың қатты күрескен нәрсесі - адамның жеңуі қиын қауіпті жауы, өз нәпсісі. Қиссада нәпсіні жеңу жолы көрсетіледі. Бұл көкіректерінде адалдықтың нұры жоқ, нәпсінің лас құмарлығына салынған надан жандар мен софылық ілімді терең меңгерген Марғұбаның күресі арқылы берілген. Софылық ілімнің ғажап тазалығы, сыпайы әдеті, терең білімі бұл қиссаның құндылығын арттыра түскен.

«Мың бір түн» желілерінен алынған шығармаларынан тәрбиелік мәні үлкен, тілі көркем, туындысының бірі – «Қырық уәзір». Бұл қисса жақсылық пен жамандықтың күресі. Кемел ақыл иесі, жүрегіне билік берген данышпан мен ақыл-білім иесі бола тұра, әділетті аяққа басқан суық ақылдың иесі - зұлым жанның күресі. Екі жақ та ғажап біліммен қаруланғандықтан білім жарысы болып шыққан. Бұл қисса шығыс әдебиетіндегі керемет дидактикалық дастандардың қазақ әдебиетіндегі нәзира дәстүрімен енгізілген бағалы туындысы болып шыққан. Адамгершілік кітабының оқу құралы ретінде пайдалануға болатын аса бағалы шығарма. Көзден таса ұстау - ұлттық қазынамызға қиянат істеумен бірдей. Бұл кітап та қазақ әдебиетіне қосылған аса бағалы дүние. Өз уақытында халық сүйіп оқитын шығарма болған. Әлі де оқырман ілтипатына бөленетініне толық сенім білдіруге болады.

Діни қиссаларынан байқайтынымыз - ақын дін ілімінің шынайы ғылым екенін түсіндіруге күш салғандығы. Өзі соны терең

менгергендіктен, оны үйрену адам жанының тазалануына, кемелденуіне, сол арқылы қоғамның рухани байлығының толысуына жеткізетін қасиетті жол деп ұғындырады. Осы идеясын қиссаларында әртүрлі оқиғалардың мазмұнымен дәлелдеп отырады. Адам өміріне ғылымның шарафаты тиеді, сол арқылы жүрегің нұрланады, тәнің мен жаның тазарады, мақсатыңа адал жолмен жетесің. Осы ойын ақын «Ғабдул-Халим илә Мәликә» қиссасында көрсетеді. Дін ғылымын таза менгерген Ғабдул-Халим Мәликәдай ғалым аруды жеңіп, жақсы жарға, алтын таққа бірдей ие болады.

«Данышпан Ғабдул-Халим молла болып,

Мұратқа ғылымменен жеткені сол» -

деп жастарға өсиет айтады.

Пайғамбарлар туралы жазылған діни қиссаларында айтылатын ой - Аллаға еш түбәсіз сену, қалтқысыз беріле сүю. Оған сый дәметпеу, сонда да Алла сенің сенімің мен сүйіспеншілігіңді құр қалдырмайды. Сол махаббатың - сенің бар ғұмырыңды нұрландырып тұратын жарық жол.

Ақылбек ақынның екінші қыры қазақ тұрмысынан алынған шығармаларындағы тарихи шындықтың молдығы. Әсіресе, оның «Сұм заман» тарихи лирикалық поэмасы мен «Сәтбек» тарихи поэмасы қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын иемденетін туындылары болып есептеледі. «Сұм заманда» өз уақытының тұтас әлеуметтік шындығын суреттеп, қоғамның дерті мен оған ем болар жолдарды ақын көрсетуге әрекет етеді. «Сәтбек» - ұлттық қаһарман Сәтбек батыр туралы тарихи оқиғаның көркем шежіресі. Қанішер Ермакты (Жармакты) өлтірген ер Сәтбек туралы қазақ әдебиетінде сақталған жалғыз туынды. Бұл туралы да бірнеше рет бапасөзде жарияланды (84).

Зерттеуде Ақылбек ақынның ұстаздық қызметіне де өзі айтқан деректер арқылы баға берілді. Ақынның: «Бала оқытпақ пайғамбар фатикасы», - деген қанатты сөзінен-ақ оның бала оқыту ісінің бар құпиясы мен салмағын қалай бағалағанын аңғаруға болады деп есептейміз.

Қорыта айтқанда, Ақылбек Сабалұлы - ағартушы ұстаз, көрнекті ақын, дәстүрлі жазба әдебиеттің, яғни кітаби ақындар шоғырының ірі өкілі. Оның қалдырған мұрасы ұрпаққа ғибрат бсерер құндылықтарымен ерекшеленеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Қазақ әдебиетінің тарихы. 471- бет.
2. Әуезов М. Әдеби мұраға арналған конференциядағы қорытынды сөз. Кіт: 20 томдық шығармалар жинағы. 20-т. Алматы. «Жазушы». 1985. 496 б.
3. Мұқанов С. Халық мұрасы. А., «Жазушы». 1974ж.142 бет
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том. I кітап. Алматы. 537 бет.
5. XX ғ. бас кезіндегі әдебиет. А., «Ғылым». 1994 ж. 312 бет.
6. Қазақ Совет энциклопедиясы. 1-том. Алматы. 238-бет.
7. Мұхаметханов Қ. Ақылбек ақын. //Жұлдыз. №2. 1986 ж.
8. Әбдіғазиев Б. Ақылбек Сабалұлы. Абай энциклопедиясы. А., «Атамұра», 1995 ж. 720 бет
9. Қазақ қиссалары. 5-том. 1-565 беттер. Бейжін. «Ұлттар баспасы». 1986 ж. 565 б
10. Ақылбек бин Сабал. Қисса-и Дандан Ибраһимұғлы. Қазан. «Ағайынды Краимовтар». 1911 ж.
11. «Ғашық-наме. Алматы. «Жазушы». 1976 ж. 251 бет.
12. Ақылбек бин Сабал. Ибраһим Хазипнамұғлылының қиссасыдүр. Қазан, «Ағайынды каримовтар». 1911 ж.
13. Ақылбек бин Сабал. Қисса-и мағшұқнама. Қазан. «Ағайынды Краимовтар». 1911 ж.
14. Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі шығыстық қисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы. ф.ғ.д. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. А., 1997 ж. 41бет.
15. Ақылбек Сабалұлының қиссалары. (Құрастырып, баспаға дайындаған Ж.Камалқызы) Түркістан. «Атамұра». 1999. -
16. Революцияға дейін шыққан қазақ кітаптарының көрсеткіші. /1807-1917 ж.ж./ А., «Ғылым». 1978 ж.
17. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Кіт: Ә.М.20томдық шығ.жин. 16-т. Алматы. «Жазушы. 1985. 400 б.
18. Валиханов Ч. Собрание сочинений в пяти томах.Т.1-Алма-Ата «Каз.сов.энцикл.». 1984. 432 с.
19. Байтұрсынов А. Ақ жол. А., «Жалын», 1991 ж. 464 б.
20. Кенжебаев Б. «Анықтай түскен абзал» //Қазақ әдебиеті. 1970ж. 27 март
21. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы. 1959.

22. Радлов В.В. Ел қазынасы - ескі сөз. Алматы, «Ғылым». 1994 ж. 616 б.
23. Мырзахметұлы М. Қазақ калай орыстандырылды? Алматы. «Penton Hill». 2011. 400 б.
24. Кононов А.Н. В.В.Радлов и отечественная тюркология //Тюркологический сборник. М.,1972.
25. Әуесзов М. 20 томдық шығармалар жинағы. XV том. А., 1984 ж. 282-бет
26. Бөжеев М, Ахметов З. Қазақ әдебиеті мен шығыс әдебиетінің байланысы. Кіт: Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том, I кітап 537-бет.
28. Келімбетов Н. «Шәді ақын». А., «Жазушы». 1974ж., 100 б.
- 29.Әбдіғаппараова Ж. Шәді Жәңгіровтің діни дастандары. Түркістан. «Тұран». 2012.
30. Махапов Қ.О. Нұралы Нысанбайұлы және оның ақындық мұрасы. А., 1992ж. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация.
- 31.Оспанұлы Ә. Қаратау шайырлары А., Қазақ университеті.1991 ж. 192 бет. (Осы автордың « Қаратау атырабының ақындары» зерттеуі).
- 32.Камалқызы Ж. Ақылбек Сабалұлының әдеби мұрасы. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Түркістан. 1999ж.
- 33.Оразбекова З. Мұсабек Байзақұлының әдеби мұрасы. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Түркістан. 2000 ж.
- 34.Қалижан У. Қазақ әдебиетіндегі діни ағартушылар. Алматы. 1999.
- 35.Ергөбек С.С. Қазақтың дәстүрлі жазба әдебиеті. Түркістан. «Тұран». 2013.
- 36.Коммунистік партия Орталық комитетінің қаулылары мен пленум шешімдері. 1946 ж 14 август. “Звезда”, “Ленинград” журналдары туралы.
- 37.Коммунистік партия Орталық комитетінің қаулылары мен пленум шешімдері. ВКП /б/ Орт. Ком. 1946 ж 26 август. «Драма театрларының репертуары және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысы.
38. Кенжебаев Б. XX ғ. басындағы қазақ әдебиетінің тарихы. А.,»Жазушы». 1993 ж.

39. Бердібаев Р. “Түлістанның бұлбұлдары”. А., 1970. 128-бет
40. Дүйсенбаев Ы. XX ғ. бас кезіндегі қазақ әдебиеті. Қаз.эд.тар. 2-кіт. I-том.
41. Азибаева Б. “Казахские романические дастаны”. А., 1990 г.
42. Қаратаев М. Шеберлік шыңына. А., «Жазушы». 1963 ж.
43. Бердібай Р. Эпос мұраты. Алматы. «Білім». 1997 ж. 320 бет.
44. Әуезов М. 20 томдық шығармалар жинағы. 19-том. А., 1985 ж. 400 бет.
45. Бертельс Е.Э. Суфизм и суфистская литература. М., «Наука». 1965.
46. Навои А. Сочин. в 10 т. X-т. Ташкент, 1970 г.
47. История всемирной литературы II -том стр.320 Изд-во “Наука” М., 1984 г.
48. Кор-оглы Х. Узбекская литература. М., 1976 г. -301 стр.
49. Идрис Шах. «Суфизм». Москва. 1994. 445 стр.
50. Сайедий Тохир ва Зухра. Тошкент. 1960.
51. Ақылбек бин Сабал . Қисса-и Таһир-Зухра. Қазан. «Ағайынды Каримовтар». 1911.
52. Ғашық-наме. А., «Жазушы». 1976 ж.
53. Оразаев А. Қисса-и Тахир илә Зухра. СПб. 1904. -64 бет.
54. Алиев Г.Ю. Темы и сюжеты Низами в литературах народов востока. М., 1985г.
55. Науайы Ә. Ескендір қорғаны. ауд. Н.Айтов. Алматы “Жазушы” 1989. -400 бет.
56. Әуезов М. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. 20-т. шығ. жин. 17-том. А., 1985 ж. 352 б.
57. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы. «Жазушы». 1995 ж. 320 б.
58. Дастандар. А., «Жазушы». 1990 ж. I том . 320 б.
59. Әуезов М. 20-т. шығ. жин. 20-том. А., 1985 ж. 352 б.
60. Әуезов М. Из истории каз. лит-ры. Кіт: 20 томдық шығармалар жинағы. 20-т. 341-бет. Алматы. 1985.
61. Бертельс Е.Э. Избранные труды. «Низами и Фзули». М., 1962 г. стр.456
62. Ысмайылов Е. Ақан сері. //Әдебиет және искусство. 1941 ж. N 2.
63. Қ.А.Ясауи. Диуани Хикмет. Түркістан. 1993. -144 бет.
64. Абай. Шығармаларының толық жинағы 2 томдық. I т. Алматы. 1994.

65. Ақылбек бин Сабал. Қисса –и Марғұба. Қазан. «Ағайынды Каримовтар». 1911. 23 б.
66. Ақылбек бин Сабал. Қисса қырық уәзір. Қазан. «Ағайынды Каримовтар». 1905. 342 б.
67. Ақылбек бин Сабал. Қисса и Ғабдул-Халим илә Мәликә. Қазан. «Ағайынды Каримовтар». 1911. 28 б.
68. Ақылбек бин Сабал. Қисса Бес намаз. Қазан. «Ағайынды Каримовтар». 1911.
69. Ақылбек бин Сабал. Қисса – и ғибратнама. Қазан. «Ағайынды Каримовтар». 1911.
70. Ақылбек бин Сабал. Қисса –и мактубат. Қазан. «Ағайынды Каримовтар». 1910.
71. Ақылбек бин Сабал. Қисса –и хажат –әд дағуат. Қазан. «Ағайынды Каримовтар». 1910.
72. Камалқызы Ж. Бала оқытпақ - пайғамбар фатихасы. //.....
73. Ақылбек бин Сабал. Қисса –и сұм заман. Қазан. «Ағайынды Каримовтар». 1911.
74. Дулат жырау. Алматы. «Жазушы». 1991 ж. 160 б.
75. Абай. Шығармаларының толық жинағы 2 томдық. II т. Алматы.
76. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы. «Жазушы». 1991. 241 б.
77. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. Алматы. «Жазушы». 1982.
78. Бертельс Е.Э. Навои. Москва. 1948.
79. Балақаев М. Әдеби тіліміздің қалыптасу тарихынан бірер сөз. //Қазақстан мұғалімі. 1964. № 2.
80. Сыздықова Р. ХҮІІІ-ХІХ қазақ әдеби тілінің тарихы.
81. Әбілқасымов Б. ХҮІІІ –ХІХ ғасырдағы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары. Алматы. 1988.
82. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. Алматы. 1989. 360 б.
83. Әбубәкір. Әдебиет қазақия. Қазан. 1903.
84. Камалқызы Ж. А. Сабалұлының тарихи қиссалары – тарихымыздың көркем шежіресі. // Ясауи жинағы. Қазақ фольклоры мен әдебиетінің өзекті мәселелері. I шығарылым. Түркістан. 2009. 52-77 б.б.
85. Камалқызы Ж. Кітаби ақындар жырлаған ғашықтық дастандардағы сопылық сарын. // Ясауи хабаршысы. №1. Түркістан. 2001.
86. Камалқызы Ж. Үлкен түркітанушы һәм талантты миссионер ғалым. //Алтайстика. № 4 Астана 2012 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Беташар.....	3-б
2. Ақылбек Сабалұлының өмірі мен шығармашылығы	5-б
3. Ақылбек ақынның ғашықтық жырлары.....	16-б
4. Ақылбек Сабалұлының сопылық бағыттағы жырлары.....	44-б
5. Діни тақырыптағы туындылары.....	67-б
6. Қазақ өмірінен алынған шығармалары (тарихи жырлары).....	73-б
7. «Сұм заман» поэмасы.....	79-б
8. «Сәтпек» тарихи поэмасы.....	91-б
9. Ақылбек ақын шығармаларының тілдік және көркемдік ерекшеліктері	100-б
10. Ақылбек Сабалұлы – кітаби ақындар шоғырының ірі өкілі.....	107-б
11. Қорытынды.....	136-б
12. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	139-б

Басуға 09.09.2016 ж. қол қойылды.
Шартты баспа табағы 9. Пішімі 60x84 1/16.
Таралымы 200 дана.
ПС «Волкова Е.В.» баспаханасында басылып шығарылды.
Алматы қаласы, Райымбек даң., 212/1.



Камалқызы Жанымгүл

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент. 1975 жылы Алматы қаласында Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген. 1991 жылдан бері Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде қызмет етеді. Жүзге жуық ғылыми, әдістемелік мақалалары, бірнеше оқу құралдары жарық көрген. 1999 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Ақылбек Сабалұлының әдеби мұрасы» деген тақырыпта зерттеу еңбегін қорғаған. Одан кейінгі жылдары қазақ романының теориялық мәселелерін ҚР ҰҒА академигі Р.Бердібай зерттеулерін негізге ала отырып, зерттеумен айналысты. 2016 жылы «Рахманқұл Бердібай және қазақ романы» деген тақырыпта монографиясын жариялады.

